ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бүкіләлемдік радио күніне арналған
«ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ
САПАЛЫ ЖУРНАЛИСТИКА МАТРИЦАСЫ РЕТІНДЕ»
атты IV Халықаралық Журналистика және коммуникация Қысқы
мектебінің әдістемелік материалдар

ЖИНАҒЫ

«Тау-Тұран» Білім беру сауықтыру кешені
Қазақстан, Алматы облысы,
Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы 9-11 ақпан

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Редакциясын басқарған:
профессор ***Г.С. Сұлтанбаева***

Жауапты редактор:
аға оқытушы ***А.Б. Әлімжанова***

Цифрлық сауаттылық жаңа мүмкіндіктері сапалы журналистика матрицасы ретінде: IV Халықаралық Журналистика және коммуникация Қысқы мектебінің әдістемелік жинағы. 9-11 ақпан, 2017 ж. / жауапты ред. А.Б. Әлімжанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 158 б.

ISBN -78-601-04-2631-3

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

Сағатбек Медеубекұлы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультетінің деканы

АЛМАТЫДАҒЫ ЦИФРЛЫ ҚАЛАШЫҚ

Ақылдың толысуы мен сананың жетілуі нәтижесінде Адам миының жаңа табыстары адамзат өмірін электронды технологияның жаңа жетістіктеріне алып келді. Жаңа жетістіктің шыңы- цифрлы өркениет. Осы үдерістен жаһанның бір де бір елі тыс қала алмайды. Егер оған өзі де атсалыспаса, өзгенің боданында қалатыны, басқаның шылауында кететіні сөзсіз. Тек жасампаздыққа ұмтылғандар ғана озық елдер қатарына қосылып, өзгелермен тең дәрежеде алға нық қадам баса алады. Алға нық қадам жасауды біздің еліміз де бастап кеткен. Оның дәлелін алыстан іздемей, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазіргі өркениетті қадамдарын мысалға келтірсем де жеткілікті болар деймін.

1. Әл-Фарабиден Нұрсұлтан Назарбаевқа дейін

Бүгінде дүниежүзі жұртшылығы Төртінші өнеркәсіптік төңкерістің табалдырығын аттай бастағанына ерекше мән беріп, болашақтағы адамзат роліне жаңаша көзқараспен алға жылжи бастады. Осы жаңа көзқарастар мен ғылыми жаңалықтар тоғысы нәтижесінде әлем халықтары тілінде «ақылды ел» деген тіркес жиі айтылатын болды. Шындығында, бұл тіркес адамзат ойына күні бүгін ғана түскен жоқ, ондай ұғымның өмірге енуі әлемнің екінші ұстазы –Әбу Насыр әл-Фарабиден басталады. Ол осыдан мың жылдан астам бұрын «ізгі қала», «қайырымды қала» деген түсінікті ғылыми айналымға қосқан болатын. Содан бері бұл тіркес өз мәнін жоғалтпаған күйі бүгінгі өркениеттің жаңа бастамаларына дейін келіп, енді «ақылды қала», «ақылды халық», «ақылды қоғам», «ақылды әлем» деген ұғымдармен ұштасып отыр. Осыларға сабақтаса енді қазақстандықтардың ғана емес бүкіл әлемнің назарын аударған «Цифрлы Қазақстан» деген жаңа тіркес өмірге енді. Оны енгізген -ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

2.Электронды кампус

«Кампус» деген сөзді ағылшын тілінен аударсаң - «лагерь», ал латын тілінен аударсаң -«жазық», «алаң» деген мағыналарды береді. Қазіргі баламасы «оқу орнының аумағы» деген ұғымды иеленген. Біз осы соңғы ұғымды иеленген «кампус» туралы

айтпақпыз. Яғни, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қалашығы туралы сөз етеміз. Жәй қалашық емес, электронды қалашық жөнінде, әрине. «Электронды қалашық» дегенді мәліметтерді дамыған ғаламторлық ағын арқылы жеткізудің ақпараттық-қатысымдық орталығы деп те түсінуге болады, сондай-ақ ақпараттық технология ресурстары және ақпараттық технологияның ішкі құрылымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жалпыға ортақ бір нүкте арқылы қызмет көрсету түрлерін пайдалану кешені деп те қабылдауға болады. Университетімізде бұған дейін қолданылып келген бір арнаға тоғысатын компьютерлік желілерді, сондай-ақ «жасыл технология» бойынша құрылған компьютерлік сыныптарды ақпараттық технологияның ең озық үлгілерімен жетілдіру арқылы Электронды кампустың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру қолға алынған. Электронды кампустың көпатқарымды моделін қолдану және дамыту - айналып келгенде студенттердің заманауи талаптарға сай виртуальды кеңістікте білім алуы мен тәрбиеленуіне, қызметкерлердің еселі еңбек етуіне, сонымен бірге оқыту мен ғылыми зерттеу ісімен айналысатын барлық тұтынушыларға сапалы ақпараттық қызмет көрсету мәдениетін қалыптастыруға орасан ықпал ететіні сөзсіз. Мұның өзі түптеп келгенде бүгінгі күннің талаптарына толық жауап беретін білікті де құзыретті мамандар даярлап шығарудың өркениетті іргетасы саналады. Әлектронды кампусын сонау 1963 жылы Физика-математика факультеті жанынан Есптеу машиналары зертханасын аша бастағаннан қолға алған университет Есептеу Орталығы, одан кейін Компьютерлік орталық деңгейіне көтерілген бұл құрылымды заманауи талаптарға жауап беру мақсатында осыдан бірнеше жыл бұрын Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институты деп ірілендірген. Осы Институт шын мәнінде қазіргі өркениеттік таным мен талғамға сай ерен істерді жүзеге асырып келеді. Соның бір дәлелі - біз сөз етіп отырған «E-campus», яғни «Электронды кампус» жобасының жүзеге асуы. Бұл - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Президентіміз нұсқап отырған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын орындауға толық әзір екендігін дәлелдейді. Нақты бірнеше мысал келтіре кетейік.

3. Жағдаяттық басқару орталығы

Осыдан екі жыл бұрын Сингапур мемлекеті «Ақылды халық» деген бағдарлама қабылдағанда электронды технологияның ең озық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, халықтың қауіпсіздігі мен тыныш та ынғайлы өмір сүруін қамтамасыз етуді қолға алған болатын. «Виртуал Сингапур» жобасын іске қосқанда әр жерге орнатылған бейнекамералар көмегімен қаланың кез келген тұрғыны онлайын карта арқылы қай жерде не бар екенін көріп отыру мүмкіндігіне ие болған.

Бұл үрдіс университетімізде де осыдан бірнеше жыл бұрын басталған еді. Орнатылған бейнекамералар арқылы дәрісханадағы оқу үдерісінің барысын немесе дәліздердегі адамдардың жүріп- тұру әдебі мен мәдениетін, ортаның тыныштығы мен тазалығын көріп отырасыз. Сондай-ақ, студент оқу ғимаратына арнайы IT-картасымен турникет арқылы өтеді. Оның қай сағатта, қай минутта өткені карта арқылы ғана емес, бейнекамера арқылы да жазылып отырады. Егер ол студентке мұғалім «Универ» жүйесіндегі тізімде «келген жоқ» деген белгі қоймаса, бәрібір, турникетпен тікелей жалғасқан Жағдаяттық басқару орталығы оның келмегенін жадына сақтап қояды. Осы Жағдаяттық басқару орталығындағы мәліметтер бойынша 38 сағат сабаққа себепсіз қатыспаған студентке оқудан шығарылатыны жөнінде құлақтандыру келеді. Сондықтан да студент сабақтан қалмауға тырысады, мұғалім келмеген студентке «келді» деген белгі қомайды. Сөйтіп, бұл технология студенттердің сабаққа үзіксіз қатысуына да, тұрақты да тиянақты білім алуына да зор ықпал етеді. Бұл ғана емес студентке қатысты барлық дерек пен мағлұмат осы Жағдаяттық басқару орталығындағы цифрлы технология бойынша жасалған жүйелерде сақталады. Кез-келген ата-ана баласының қалай білім алып, қандай тәрбие-тағылым жинап жатқанын білгісі келсе, осы Жағдаяттық басқару орталығынан қолмақол алуына мүмкіндігі бар. Мұндағы кіре берісте тұрған сенсорлы үстөлге келіп қажетті ноқатты басса болды. Мысалы, ҚазҰУ- дің Журналистика факультетінде оқитын «Бәленше Түгеншеев» керек болса, алдымен «университет», одан соң «факультет», одан соң «кафедра», одан кейін «курс», одан соң «топ» түймесін басса болды, тіпті, тек фамилиясын толық жазса жеткілікті, әлгі студент не магистрант туралы барша мәлімет әп-сәтте көз алдыңызға көлденеңдеп шыға

келеді. Ол қай Студенттер үйінде, оның қай қабатында, қай бөлмесінде және қанша адаммен әрі кімдермен тұрып жатқаны да осы үстөлден бірден біліп алады. Сенсорлы үстөл «Интерактивті бағдарламалық-ақпараттық кешен» деп аталады. Мұның бетіне ҚазҰУ қалашығының картасы қойылған. Қалашықтың осы картада бар кез келген нүктесінде қандай- да бір жағдай бола қалса, ол сол сәтте карта бетінен бірден дөңгелек қоршаумен көрсетіледі. Сол нүктеде нақты не болып жатқанын білгіңіз келсе, қабырғадағы үлкен экранды қосасыз.

Жағдаяттық басқару орталығы біздің университеттің цифрлық жүйе бойынша жұмыс істеу үдерісін жоғары сатыға көтерді. Қалашықтағы барлық ғимарат, барлық оқу залы мен аудитория, бүкіл қалашықтағы барлық нысандар осы орталықтың электронды бақылауында. Егер қалашықтың бір жерінде қоқыс жатса, болмаса оқыс жағдай болып жатса, немесе дәрісханада емтихан ережесі бұзылып жатса, Жағдаяттық орталық сол сәтте тиісті жерге хабарлап, қажетті шара қолдануға шақырады. Бұл тұрғыдан келгенде біздің ҚазҰУ қалашығы Сингапурдың жетістігін қайталап тұр

4.«Kirtas Kabis III» - ғажап машина...

Біздің қалашықты цифрлы қалашық деп атауға негіз болатын тағы бір жетістігіміз бар. Ол - Орта Азияда теңдесі жоқ әл-Фараби Ғылыми кітапханасындағы «Kirtas Kabis III» деп аталатын цифрлы электрондық машина. 2009 жылы алғаш Америкада шығарылған. «Бұл неғылған мәшине?» дейсіз ғой. Бұл – «Bookscan Editor» бағдарламасы бойынша 177 тілді анық тани алады, сол тілдердегі мәтіндерді пішіндейді, көшіріп алады, түзейді және минутына 30-35 бет, ал сағатына 3000 бет көбейтеді. Қолыңыздағы жалғыз дана кітаптың, өте сирек кездесетін қолжазбаның, құжаттың, суреттің, фотоның электронды нұсқасын әп-сәтте жасайды да JPEG, TIFF, PDF форматтарына көшіріп, өзіңізге керекті пішімге сақтап береді. Бұл электронды көшірме нұсқаны CD дискіге де ауыстырады және қажетті сайттарға да бірден жібере алады. Әл-Фараби Ғылыми кітапханасында тағы бір цифрлы мәшине бар. Ол - цифрлы сканер. Бұл да «Kirtas Kabis III» машинасының кейбір қызметін сапалы атқара алады.

5.«bizhub» маркалы аппараттар - ақылды...

Цифрлы машиналардың тағы бір түрлері біздің «Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында жұмыс істеп тұр. Ол - Konika Minolta компаниясының «bizhub» маркалы көбейткіш аппараттары. Бұл аппараттар ең алдымен энергия қуатын үнемдегіштігімен ерекшеленеді. Автоматты түрде электр күшін белгілі бір уақытқа азайтады және қажетті мерзімге тоқтата алады. Сөйтіп, адамның көмегінсіз-ақ өз қуатын өзі үнемдейді. Бағдарланған уақытта қайтадан автоматты түрде іске қосылады. Бұл үдеріс ENERGY STAR бағдарламасы бойынша жүзеге асады. Келесі ерекшеліктері мынадай: – қағаз пішімін түпнұсқаның көлеміне сәйкес өзі автоматты түрде таңдап алады; -көбейту мерзімі мен өлшеміне қарай берілген уақытта өзі автоматты түрде кідіреді, тоқтайды; -парақтың екі бетін де бірден көшіре алады; -кітапшалар мен дәптер, қатірелердің беттерін автоматты түрде бөліп береді; -біртүсті немесе түрлітүсті түпнұсқаларды көшіре береді; -қалыпқа сай емес немесе халықаралық немесе мемлекеттік стандарттарға сай келмейтін пішімдегі түпнұсқаларды автоматты түрде бірден таниды да керекті тапсырманы талап етеді; -түпнұсқалық кескінді сканерлеп алады да оны басқа қағазға түсіріп береді; -30-ға жуық тапсырманы жүктеп алады да керек кезде солардың қажеттісін жүзеге асыра алады; -түпнұсқаның көшірмесін үлкейте алады және оны бірнеше бетке бөлшектеп береді. Бұл аппараттардың басқа да атқаратын қызметтері жетерлік. Ең бастысы - бұлар экологиялық талаптарға сай жасалған - шаңдатпайды, иіс шығармайды, қоқыс болмайды, дыбысы білінбейді, тап-таза ортада ғана берілген бағдарламаларға сай жұмыс істейді. Осы апараттар түпнұсқаны көлемі мен пішіміне қарай минутына түрлітүстісін 100 -150, ал біртүстісін 200-300 данаға дейін шығарады. Тағы бір артықшылығы- сіз қалаған дананы ғана, айталық, біреу керек болса, біреуін, мыңы керек болса, мыңын шығарады. Және түпнұсқаны жадына сақтап алып, керек кезде тағы да шығарып бере алады. Бұл қазіргі нарық кезінде өте тиімді. Мысалы, белгілі бір оқу құралының алдымен аз ғана данасы шығарылады да студенттерге пайдалануға беріледі. Егер сұраныс болып жатса, қажетті таралымы тағы шығарылады, сұраныс болмаса сақталып тұра береді.

6.«Кереметте » - кереметтер тоғысқан...

ҚазҰУ қалашығын «цифрлы қалашық» деп атауға негіз болатын өзге де жетістіктерді айтпай кетуге болмас. Қалашығымыздағы «Керемет» Студенттерге қызмет көрсету орталығында цифрлы технология пайдаланылады. Айталық, студентке бір анықтама керек болса, ол алтын уақытын кетіріп, қаланың өзге жерінен іздемейді, өзі оқып жүрген қалашықтағы «Кереметке» келеді. Келеді де куәлігін көрсетеді. Кәдімгі қаладағы Халыққа қызмет көрсету оралықтарындағыдай, бір ғана терминалдан а)оқып жүргендігі жөнінде, ә) мекен-жайы туралы, б) отбасылық жағдайына қатысты, в) үйінің бар-жоғы хақында және өзге де қажетті құжаттарын шығарып алады. Оқу үдерісіне қатысты кейбір мағлұмат қажет бола қалса, студент осы «Кереметтегі» басқа залға келеді де жеке тұрған терминалдағы өзінің оқып жүрген факультеті жазылған түймені басады. Терминал қолына реттік сан жазылған қағаз шығарып береді. Осы сан бойынша факультеттің компьтерде отырған маманы алдындағы аппараттағы түймені басады. Әлгі реттік саны керегеде ілулі тұрған электронды тақтадан көрінеді. Болмаса оператор радио арқылы санды айтып хабарлайды. Студент маманға барып өз мәселесін айтады. Маман студенттің аты-жөнін жазады да оның оқу үлгеріміне қатысты, сабаққа қатысуына тиесілі, емтихан нәтижесіне байланысты т.с.с. басқа да мәселелерге орай компьютерден көрінген ең соңғы мәліметтерге сүйене отырып белгілі қорытындыға келеді, тиісті құзыретті орынға хабарлайды. Олар мәселені жедел қарап, шешім қабылдайды. Тіпті, осы «Кереметтегі» супермаркетте сауда-саттықтың IT-карта арқылы жасалатындығы да - цифрлы технологияның жемісі. Осындағы медициналық-диагностикалық орталықта қолданылатын цифрлы аппараттар да ҚазҰУ қалашығының сандық жүйемен қызмет көрсететіндігін айғақтайтыны рас. Мұндағы көру, есту органдарын тексеретін қондырғылар мен құрылғылар, құлақты, мұрынды, тамақты көретін аппараттар, ішкі ағзаларды көрсететін электронды жабдықтар мен саймандар, жүректің қағысын қалт жібермей дәл анықтайтын компьютерлік жүйелер бәрі де цифрлы технология көмегімен адамдардың денсаулығына қалтқысыз қызмет етуге арналған.

7.«Al-Farabi university – smart city» жобасы

Осындай цифрлы аппараттар мен электрондық жүйелермен жұмыс істеуге көшкен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қалашығын «цифрлы қалашық» деп атауға әбден болады. Бұл үдеріс осыдан бірнеше жыл бұрын басталған. Ректорымыз Ғалымқайыр Мұтанұлының бастамасымен әл-Фарабидің «ізгілікті қала» идеясын заманауи сұраныстармен ұштастыра отырып ақылды да ізгілікті және парасатты университет деңгейіне көтеру мақсатында «Al-Farabi university – smart city» Жобасы қолға алынған болатын. Бұл жобаның түпкі мақсаты - білімді де білікті, парасатты да қайырымды мамандарды даярлау және тәрбиелеу арқылы интеллектуалды ұлтты қалыптастыруға ықпал ету. Соның нәтижесінде мемлекетімізді заманауи электронды технологияның ең жетілген үлгілерін меңгерген озық елдердің қатарына қосуға алғышарттар жасау. Түптеп келгенде «Al-Farabi university – smart city» Жобасының ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті басты алғышарттардың бірі екені сөзсіз.

Сұлтанбаева Г.С.,
саяси ғылымдарының докторы, профессор

МЕДИАЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың №1 құзыреттілігі. Демократия үшін медиа мен ақпараттың мағынасын түсіну.

Бұл құзіреттілікке медиалық және ақпараттық сауаттылық білім берудің келесі модульдері сәйкес келеді:

1-модуль. Азаматтық ұстаным, пікір білдіру және ақпарат еркіндігі; ақпаратқа қолжетімділік, демократиялық дискурс және өмір бойғы оқыту;

2-модуль. Жаңалықтарды, медиа және ақпаратты құру этикасын түсіну;

9-модуль. Коммуникация, медиалық және ақпараттық сауаттылық және білім беру – соңғы модуль.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың оқытушысы медиа және өзге де ақпараттық қызметтермен таныса бастайды.

Бұл құзіреттілікті меңгеру нәтижесінде оқытушы:

- халыққа қызмет көрсету функцияларын идентификациялап, сипаттап, бағалай алады;
- пікір білдіру еркіндігі, ақпаратқа қолжетімділік және негізгі құқықтар сияқты негізгі түсініктерді түсінгенін көрсету;
- медиалық және ақпараттық сауаттылықтың байланысын, азаматтық ұсанымын және демократияны түсіндіріп, сипаттау;
- медианың плюрализмін түсіндіру;
- редакциялық тәуелсіздіктің түсінігін беру;
- журналистиканы ақпаратты тексеру бағыты ретінде қарастыру;
- медиа және ақпарат саласында этикалық нормаларды сипаттау.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың №2 құзыреттілігі. Медиа контентті және оны қолдану нұсқаларын көтеру.

Бұл құзыреттілікке медиалық және ақпараттық сауаттылық білім беру бағдарламасының келесі модульдері сәйкес келеді:

2-модуль. Жаңалықтар, медиа және ақпараттың этикасын түсіну;

3-модуль. Медиа және ақпарат құралдарындағы шараларды беру;

4-модуль. Медиа және ақпараттағы тіл;

10-модуль. Аудитория;

5-модуль. Жарнама.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың оқытушысы жеке және кәсіптік өмірде, азаматтар мен медиа контенттің арасындағы қатынастар барысында және медианы түрлі мақсаттарды қолдануда оны қолданудың түрлі әдістерін біліп, түсінуін көрсете алады.

Бұл құзыреттілікті меңгеру нәтижесінде оқытушы:

- медиа мәтіндерді талдап, олардың арасындабайланыс орнату;
- медиадағы стереотиптерді талдау үшін қабылданған тәсілдерді (мысалы, визуалды медиада қолданылатын тәсілдерді анықтау) қолдану;

- халықаралық стандарттар мен тәртіп нормаларына сай емес жарнама тәсілдерін анықтау, талдау және сынау;
- медиа мәтіндер мен ақпараттағы оқиғаларды дұрыс және бұрыс беру, мүлде бермеу жағдайларын зерттеу;
- мемлекеттік телерадиокомпаниялардың ерекшеліктері мен мағынасын сипаттап, түсіну.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың №3 құзыреттілігі.Ақпаратқа сапалы және жылдам қолжетімділік.

Бұл құзіреттілікке Медиалық және ақпараттық сауаттылық оқу бағдарламасының келесі модульдері сәйкес келеді:

1-модуль. Азаматтық позиция, пікір білдіру және ақпарат еркіндігі; ақпаратқа қолжетімділік, демократиялық дискурс және өмір бойғы оқыту;

7-модуль. Интернеттің мүмкіндіктері мен қауіптері;

8-модуль. Ақпараттық сауаттылық пен кітапханалармен қолдану дағдылары.

Медиалық және ақпараттық сауаттылық оқытушысы белгілі бір тапсырманың орындалуы үшін керек ақпараттың типін анықтап, ақпаратты сапалы және тез арада ала алады.

Бұл құзыреттілік меңгері нәтижесінде оқытушы:

- керек ақпаратқа қол жеткізудің сапалы және жылдам әдістерін таңдау;
- қызықтыратын ақпаратқа қол жеткізу үшін кілтті сөздер мен терминдерді анықтау;
- потенциалды ақпарат көздерінің түрлі типтері мен форматтарын анықтау;
- қабылданған ақпаратты есепке алып, шешім қабылдау критерийлерін сипаттау.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың №4 құзыреттілігі.Ақпарат пен ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалау

Бұл құзіреттілікке Медиалық және ақпараттық сауаттылық оқу бағдарламасының келесі модульдері сәйкес келеді:

3-модуль. Медиа мен ақпараттағы оқиғаларды қарастыру;

5-модуль. Жарнама

7-модуль. Интернеттің мүмкіндіктері мен қауіптері.

8-модуль. Ақпараттық сауаттылық пен кітапханалармен қолдану дағдылары.

9-модуль. Коммуникация, медиалық және ақпараттық сауаттылық және білім беру – соңғы модуль.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың оқытушысы ақпарат пен оның көздерін сыни тұрғыдан бағалап, өңделген ақпаратты мәселелерді шешу мен идеяларды талдауға қолдана алады.

Бұл құзыреттілікті меңгеру нәтижесінде оқытушы:

- ақпарат көзінің сенімділік, шындық, нақтылығын бағалау үшін әр түрлі көздерден алынған ақпаратты зерттеп, салыстыра білу;
- ақпарат көздерін (веб-сайт, деректі материалдар, жарнама, жаңалықтық бағдарламалар) бағалау үшін түрлі критерийлерді (түсініктілік, нақтылық, бейтараптылық, фактілерге сүйену) қолдану;
- алдау және манипуляцияны анықтау;
- ақпарат құрудағы мәдени, әлеуметтік және өзге де контекстілерді анықтау, олардың ақпараттық түсіндірілуінің ықпалын түсіну;
- медиамен байланысты технологиялар ауқымын түсініп, идеялардың байланысын талдау;
- қосымша ақпарат, қақтығыс және ақпараттың өзге де сипаттамаларын анықтау үшін жаңа білімді өткенмен салыстыру;
- ақпараттың сенімділігі мен жасалған қорытындылардың қисындылығына күмән келтіріп, нақты дәлдігін құру;
- медиа мәтіндерді түсіндіру (қорытынды жасау, қаралған материалдарды талдау, визуалды медиадағы бейнеге жүгіну, т.б.) үшін әдістердің кең ауқымын қолдану.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың №5 құзыреттілігі.

Жаңа және дәстүрлі медиа форматтарды қолдану.

Бұл құзіреттілікке Медиалық және ақпараттық сауаттылық оқу бағдарламасының келесі модульдері сәйкес келеді:

6-модуль. Жаңа және дәстүрлі медиа;

7-модуль. Интернеттің мүмкіндіктері мен қауіптері;

3-модульдің 5-блогы. Санды монтаж және компьютерлік ретуштау;

4-модульдің 4-блогы. Басты идеяны беру үшін түрлі пландарды қолданып, түрлі бұрыштардан түсірілім жүргізу.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың оқытушысы сандық технология, коммуникация құралдары мен ақпаратты жинау және шешім қабылдау желілерінің қолдану нұсқаларымен танысады.

Бұл құзыреттілік нәтижесінде оқытушы:

- сандық технологиялар, коммуникация құралдары мен желілері негіздерін тану;
- идеяларды білдіру үшін медианың түрлерін (мерзімді басылымдар, сандық басылымдар, т.б.) қолдана отырып, медиа мәтіндердің кең ауқымын қолдану;
- қарапайым ақпарат іздерстіруді онлайн режимде жүргізу;
- жастардың интернетті қай мақсатпен қолдануын түсіну.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың №6 құзыреттілігі.

Медиа контенттің әлеуметтік-мәдени контексін анықтау.

Бұл құзіреттілікке Медиалық және ақпараттық сауаттылық оқу бағдарламасының келесі модульдері сәйкес келеді:

1-модуль. Азаматтық ұстаным, пікір білдіру және ақпарат еркіндігі; ақпаратқа қолжетімділік, демократиялық дискурс және өмір бойғы оқыту;

2-модуль. Жаңалықтарды, медиа және ақпаратты құру этикасын түсіну;

3-модуль. Медиа және ақпарат құралдарындағы шараларды беру;

11-модуль. Ғаламдық контектегі медиа.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың оқытушысы белгілі бір әлеуметтік және мәдени контексте медиа контент құру процессін біліп, түсінгенін көрсете алады.

Бұл құзыреттілік нәтижесінде оқытушы:

- нақты мақсат пен нәтижеге жету үшін медианың белгілі бір жанрына сәйкес стандарттармен манипуляцияны талдап, түсіндіру;

• ақпаратты түрлі позиция мен көзқараста берілген мәтіндерден медиа мәтіндерді құру;

• медиа және өзге де ақпараттық қызметтерді мәдениет-аралық диалог ретінде көрсету;

• жергілікті медиа мен негізгі идеялар ролі контентін сыни тұрғыдан бағалау қабілетін көрсету;

• визуальді медианың мағынасы мен оны құрайтын ақпаратқа монтаждың әсерін түсіну;

Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың №7 құзырет-тілігі.Медиалық және ақпараттық сауаттылықтың оқушылар арасында жарнамалау және қажетті өзгерістерді басқару.

Бұл құзіреттілікке Медиалық және ақпараттық сауаттылық оқу бағдарламасының келесі модульдері сәйкес келеді:

1-модуль. Азаматтық ұстаным, пікір білдіру және ақпарат еркіндігі; ақпаратқа қолжетімділік, демократиялық дискурс және өмір бойғы оқыту;

9-модуль. Коммуникация, медиалық және ақпараттық сауаттылық және білім беру – соңғы модуль; және өзге де модульдер.

Медиалық және ақпараттық сауаттылық оқытушысы медиалық және ақпараттық сауаттылыққа үйренген кезде қабылдаған білім мен дағдыларын бағдарламаны оқушылар арасында жарнамалау үшін қолдана алады.

Бұл құзыреттілікті меңгеру нәтижесінде оқытушы:

• оқушылардың медиа мен өмірде болып жатқан оқиғалар жайлы хабарламаларды өзгертіп қолдануларын түсіну;

• оқушылардың медиалық және ақпараттық сауаттылық саласында тәжірибелік тапсырмалардың кең көлемін түсініп, қолдану;

• оқушыларға қажет ақпаратқа қол жеткізу үшін керек болатын құралдарды таңдау (ақпараттық-іздеу жүйелері) кезінде көмектесу;

• оқушыларға ақпарат пен оның көздерін сыни тұрғыда бағалауға көмектесу;

• сапалы вербальді және вербальді емес коммуникацияны медиалық әдістерін білу, оқушыларды белсенді іздеуге, ұжым-дық жұмысқа және еркін, ашық коммуникацияға ынталандыру;

- оқушының бойындағы сыни оқу, көру және тыңдау білімі мен дағдыларын дамыту мақсатында формальді және формальді емес бағалау стратегиясын түсіну, қолдану;
- оқушының білім беру ортасына белсенді түрде енуі үшін медиалық және ақпараттық сауаттылықтың ресурстарын қолдану;
- мектептік және мектептен тыс білім берудің арасында берік байланыс орнату мақсатында медианың ескі және жаңа технологияларын қолдану;
- медианы ИКТ сыныптарында қолдану;
- медиалық және ақпараттық сауаттылықты білім беруді кеңейту құралы ретінде қолдану;
- медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқу барысында алынған білім мен дағдыларды оқушылардың бойында медиалық және кітапханалық мәліметтерді зерттеу және оқыту құралдары ретінде қолдану;
- медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқу барысында алынған білім мен дағдыларды медиа мен ақпаратты бағалау және медиалық және ақпараттық сауаттылыққа байланысты этикалық сұрақтарды түсіну үшін қолдану.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқыту және оқу педагогикалық тәсілдері; қозғалыстағы оқыту бағдарламасы.

Медиалық және ақпараттық қауіпсіздік сауаттылық оқыту бағдарламасының барлық модульдерінде қолданылатын стратегиялар негізінде келесі педагогикалық әдіс-тәсілдер жатыр.

I. «Тақырыптық іздеу» әдісі.

Белгілі бір тақырып бойынша ақпарат іздеу негізінде оқыту – бұл оқытудағы жаңа, студенттердің назарын аударатын тәсіл, тақырыптары заманауи қоғамдағы медиалық және ақпараттық сауаттылықпен байланысты. Бұл тәсіл мәселелерді шешу мен шешім қабылдауды, оқушылардың жаңа білім мен дағдыларды үйренуді қамтиды. Бұл тәсіл медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқытуда қолданады, себебі оқушыларға мәселені тереңінен қарастыруға мүмкіндік береді.

Медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқыту барысында бұл әдісті қолдану мысалдарына мыналар жатады: медианы

талдау негізінде гендерлі және нәсілдік сұрақтарды меңгеру; жеке өмірдің қолсұғылмайтылығын меңгеру; этнографиялық зерттеулер нәтижесінде кибер-буллингті меңгеру.

II. Мәселелі-бағдарлы оқыту

Мәселелі-бағдарлы оқыту – бұл бір мезгілде пәнаралық білімдер мен дағдыларды, сыни тұрғыдан ойлау мен мәселелерді шешудегі оқыту бағдарламасы мен оқудың жобалау жүйесі. Бұл оқыту әдісі Онтариодағы (Канада) Мак Мастер атындағы медициналық университетте жобаланған. Бұл кооперативтік оқытудың құрылымдық формасы жеке және ұжымдық білімнің деңгейін жоғарылату үшін әзірленген. Оқушылар өздері оқудың мақсатын анықтайды, ақпаратты сұрау және іздеу әдістерін тұжырымдайды және шыққан нәтижелерді талдайды.

Медиалық және ақпараттық сауаттылыққа қатысты мәселелі-бағдарлы оқутыдың мысалы: белгілі бір аудиторияға арналған әлеуметтік жарнаманың сапалы кампаниясын жобалау.

III. Ғылыми зерттеу.

Ғылыми зерттеу оқытушылар табиғат әлемді зертейтін түрлі процедураларды қамтидыжәне алынған мәліметтер негізінде өздерінің түсіндірмелерін ұсынады. Зерттеу процесі көбіне іс-әрекеттердің жеңілдетілген «зерттеушінің циклі» аталатын жиынтығында білдіріледі. Ол бақылаулар жүргізу; белгілі фактілерді анықтау; тәжірибе нәтижесінде алынған мәліметтерді талдау; жинау, талдау және мәліметтерді түсіндіру үшін құралдарды қолдану; түсіндірмелерді жобалау; нәтижелерді хабарлауды көздейді. Бұл әдісті де медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқытуға бейімдеуге болар еді.

Ғылыми зерттеу әдісін қоланудың мысалы ретінде медиадағы қатыгездіктің көрінісін оқу мен онлайн қауымдастықтардың рөлін меңгеру қарастырылады.

IY. Нақты жағдайды талдау (кейс-стади)

Нақты жағдайды талдау әдісі бір оқиға немесе жағдайды тереңінен талдауды қарастырады. Ол студенттер теориялық білімді нақты жағдайларға қолдануды түсіну үшін өмірде болған оқиғаларды талдау Гарвардтың бизнес мектебінде танымал. Бұл әдісті медиалық және ақпараттық сауаттылықты оқыту кезеңінде

қолдануға болады, себебі оқушылар күн сайын медиа мен өзге де ақпарат көздерінен түрлі хабарламалар қабылдайды. Ол оқиғаларды талдауға, мәліметтерді жинауға, ақпаратты талдауға және нәтижелер жайлы хабарламаларды дайындауға жүйелі тәсіл қолдануды ұсынады. Оқушылар неліктен басқаша емес, дәл осылай болғанын түсіне алады. Сонымен қатар кейс-стади гипотезалардың жобалануы мен тексерілуінде қолданылады.

Мысалы, оқушылар кейс-стади стратегияларын табысты фильмнің премьерасымен, бестселлер кітаптың немесе өзге де танымал медиа өнімнің шығуына байланысты маркетингтік кампанияларды өткізе алады.

Y. Кооперативтік оқыту

Кооперативтік оқыту – бұл оқушылардың ортақ мақсатқа жету үшін бірлесе жұмыс жасайтын оқыту әдісі. Кооперативті оқыту қарапайым жұппен жұмыс істеуден түрлі жобаларды жүзеге асыратын күрделі режимдерге дейін өзгере алады. Оқытудың бұл формалары концептуалды түсінуді және жоғары деңгейдегі ойлауды түсіну сияқты мақсаттарға жетуге бағытталған. Сонымен қатар олар сыныптағы оқу процесін басқаруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс медиамен жұмыс жасау мәдениетін оқыту мен оқуға сәйкес келеді, себебі идеялармен алмасып, бір-бірінен білім алуға мүмкіндік беруді ұсынады.

Вики кеңістігінде бірлесіп жұмыс жасау ұжымдық оқытуға мысал бола алады.

YI. Мәтінді талдау.

Оқушы түрлі медиалық жанрлардың кодтары мен символдарын сәйкестендіру арқылы мәтінді талдауды үйренеді. Осындай семиотикалық талдау негізгі концепцияларды тереңінен қабылдауды қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша оқушылар тілдік кодтар мен шартты белгілерді қалай қолдануды меңгереді. Оқушыларды кез келген медиа мәтіннің «техникалық», «символдық» және «әңгімелейтін» (сюжеттік) кодтарын үйретеді. Бұны мүмкін жерлерде мәтіндік талдаудың бұл типін мазмұнды контекстте қолдану керек.

Мысалы: оқушыларды медиа мәтіннің қызықтырған бөлігін таңдауды сұрау керек. Бұл соңғы оқиғалар жайлы репортаж, YouTube-тағы видео немесе онлайн-жаңалықтардағы бейнеклип-болуы мүмкін. Оқушыларды топтарға бөліп, контектінің

мақсаты, авторы, теъникалық/мәтіндік ерекшеліутерін аудиторияны талдау барысында басқаруға болады.

ҮII. Мәтінмәндік (контекстілік) талдау

Оқушыларға негізгі контекстілік талдауды теориялық әдістерді қолданып, қалай өткізуді көрсетеді.

Контекстілік талдауды педагогикалық тәсіл сияқты Аустралияда қабылданған фильмдердің классификация жүйесін, медиаға телевизяилық бейне ойындар немесе жекеменшіктік құқықтық әсер етуді меңгеруді мысал ретінде қолдануға болады.

ҮIII. Трансляциялар.

Бұл педагогикалық тәсіл түрлі формаларды қабылдап, түрлі медиалық салаларда қолданыла алады. Оқушылар университетте болған оқиға жайлы жазған газет мақаласын алып, оны жаңалықтық радио-репортажға айналдыра алады. Тағы бір нұсқа: балалар фильмінен кішкентай үзінді көргеннен кейін, топтарда жұмыс істей отырып, көрген оқиғаға байланысты раскадровкасын түсірілім бұрышын, монтаждық ауысымдарды анықтап, сценарий жазу.

Қосымша мысалдар келтірсек: оқушылар ертегі негізінде фильм сценарийін дайындай алады немес адам өмірі туралы визуалды материалдарды жинақтап, соның негізінде сол адам туралы қысқаша деректі фильмнің түсірілім жоспарын жасау.

IX. Имитация (еліктеу).

Имитацияны жиі фильм өндіру және медиа оқыту бағдарламаларындағы блоктардағы стратегия ретінде қолданады. Оқытушылар медианы меңгерудің қалай болатынын оқушыларға көрсету үшін имитацияны қолданады. Басқаша айтқанда, оқытушы сыныптағы мұғалім функциясын атқарады, ал оқушылар тәртіпті оқушы кейпінде болады. Бұл стратегия оқушылар арасында педагогикалық процесс ретінде қарастырылады.

Мысал ретінде жастарға, радиожурналистерге немесе интернет басылымдардың журналистеріне арналған телевизиялық бағдарламалар бойынша жұмыс жасағанда оқушылар отбасы мүшелерін ойнаған жағдайларды келтіруге болады.

X. Ақпараттық және медиа өнім құру.

Бұл әдіс XXI ғасырда білім алу барысында маңызды орын алатын тәжірибелік оқытуды қарастырады. Оқушыларды пәндерді тереңірек меңгеру үшін күрделі деңгейде ынталандыру керек. Медиалық және ақпараттық контентті өндіру оқушылар мен студенттер үшін тәжірибелік тапсырмалар орындай отырып, оқуға көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Медиа мәтіндерді (мысалы, аудио-, видео-, және басылым мәтіндері) құру барысында оқушылар өз идеялары мен көзқарастарын айта отырып, өнер мен өзін-өзі білдіру процесін меңгере алады.

Мысал ретінде оқушылардың кез келген өзекті мәселеге байланысты бірминуттық репортаж жасау үшін iMovie немес Moviemaker (немесе өзге де тегін бағдарламалар) сияқты бағдарламаларды қолданатын жағдайларды қарастыруға болады.

Медиа-ақпараттық сауаттылық бойынша таңдаулы материалдар.

1. Медиа білім беру: оқытушылар, оқушылар, ата-аналар және кәсібилер үшін материалдар жинағы (Media Education: A Kit for Teachers, Students, Parents and Professionals).

Жинақ ЮНЕСКО-мен араб, ағылшын және француз тілінде шығарылған. Жұмыстардың бір бөлігі Еуропалық Комиссияның қолдауымен ЮНЕСКО-ның бастамасымен MENTOR бағдарламасы аясында орындалды. Бұл – Медиалық және ақпараттыө сауаттылық саласындағы кешенді құралдарды жобалаудағы бірінші әрекет. Бұл оқытушалырға арналған медиалық және ақпараттық сауаттылық оқыту бағдарламасы оқытушыларды оқыту міндеттеріне сәйкес құралдарды толықтырады және жақсартады.

Жинақ келесі сұрақтарға жауап беруге бағытталған: Медиалық және ақпараттық сауаттылық саласындағы оқыту қандай компоненттерден тұруы керек? Бұл оқытуды кім жүргізу керек? Оны оқыту жоспарына қалай енгізуге болады? Мектептер жасап жатқан әрекеттерге ата-аналар қосылуы керек пе? Мамандарды тартуға бола ма, болса, қалай? Медианы сапалы қолдану мен олардың кемшіліктерін жеңу үшін қандай стратегияларды қабылдау керек?

Жинақ модельдік модульдік оқыту бағдарламасын, оқушыларға арналған, ата-аналарға арналған, мамандармен

этикалық қарым-қатынас бойынша және интернет-сауаттылық бойынша оқу құралдарын қамтиды.

Сілтемені қараңыз: http://unesdoc.unesco.org/images/0014/001492/149278e.pdf.

Медианың дамуы бойынша ЮНЕСКО көрсеткіштері (UNESCO Media Development Indicators).

Бұл халықаралық деңгейде келісілген және шарттарды бағалау үшін көптеген тілдерге аударылған көрсеткіштер жинағы. Көрсеткіштер өзара байланысқан бес шартты бағалауға көмектесуге арналған: басқару жүйесі; плюрализм және медианың әртүрлілігі; демократиялық дискурстың платформасы ретіндегі медиа; кәсіби деңгейін арттыру; инфрақұрылым.

Сілтемені қараңыз: http://unesdoc.unesco.org/images/0016/001631/163102e.pdf.

Медиа білім беру бойынша халықаралық жиналыс – алға жылжу, кедергілер, Грюнвальддік конференциядан кейінгі жаңа тенденциялар.

Бұл халықаралық жиналыс 2007 жылғы маусымда Париж қаласында ЮНЕСКО істері бойынша Франция Комиссиясы мен ЮНЕСКО-ның серіктестігімен, Францияның білім беру Министрлігі мен Еуропа Кеңесінің қолдауымен өткізілді.

Сілтемені қараңыз: http://www.diplomatie.gouv.fr/fr/IMG/pdf/Synthesis_en.pdf.

4. Медиа білім беру арқылы мүмкіндіктерді кеңейту (Empowerment through Media Education).

Бұл басылым ЮНЕСКО-ның қолдауымен Гетеборгтік университеттің Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату жөніндегі халықаралық орталығымен (NORDICOM)шығарылған. Кітаптың негізін Эль-Рияда 2007 жылдың наурызында ЮНЕСКО және медиа білім беру бойынша «Алға жылжу, кедергілер, Грюнвальдік конференциядан кейінгі жаңа тенденциялар» халықаралық конференциясыны қолдауымен өткен медиа білім беру бойынша бірінші халықаралық жиналыстың материалдары құрайды.

Демократия және дамумен байланысты сұрақтарды талқылай отырып, олардың басты шарты азаматтардың медиалық сауаттылығы екенін жиі ұмытып кетеміз. Азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін керек шарт – медиалық және ақпараттық сауаттылықты жоғарылату бойынша келісілген іс-әрекеттер,

яғни, сыни тұрғыдан ойлау мен коммуникативті дағдыларды дамытуға көмектесетін іс-әрекеттер.

Медиалық және ақпараттық қауіпсіздік барлық азаматтарға қажет, ал жас ұрпаққа азамат және қоғам мүшелері ретіндегі рөлдерінде де, білім алу, мәдени сәйкестендіру және өзін-өзі дамыту тұрғысынан да өмірлік маңызы бар мағына береді. Медиалық және ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру бойынша негізгі іс-әрекет элементі – медиа білім беру. Бірақ біз қарастыратын сұрақтар талданғанда, батыс әлемінің медиалық мәдениеті мәселелерді қарастыру аясында болады. Күн тәртібінде батыстық емес идеялар мен мәдениетаралық әдістер үшін ашық болу өзекті мәселесі тұр. Интернационализм байытады және біздің қызығушылығымызды бойынша қажет.

Сілтемені қараңыз:http://www.nordicom.gu.se/clearinghouse.php?portal=publ&main= info_publ2.php&ex=258&me=3.

5. Ақпараттық сауаттылықты түсіну: бастауышқа арналған (для начинающих) (Understanding Information Literacy: A Primer).

Бұл басылымда «Ақпарат барлығы үшін» ЮНЕСКО бағдарламасы медиалық сауаттылықтың түсінігін спецификалық техникалық терминдерсіз қарапайым түсінікті формада береді.

Басылым кең аудиторияға негізделген: мемлекеттік қызметкерлер, үкіметаралық комиссия, ақпараттық жұмысшылар мен оқытушылардан мемлекеттік және жекеменшік ұйымдардағы кадрлық қызметтердің басшыларына дейін.

Басылымнан үзінді келтірейік:

«Өмір бойында қаншалықты көп оқысаңыз, соншалықты көп білесіз және, ең маңыздысы, дағды, әдет және әдістерді қаншалықты жылдам меңгеріп, шебер қолдана бастасаңыз – сізді қызықтыратын ақпараттың қалай, қайда, кімде және қашан іздеп, алуға болатынын түсіну – соншалықты ақпаратты сауатты боласыз. Сіздің бұл дағды, әдет және әдістерді қолдану және пайдалану қабілетіңіз сізге және отбасыңызға қатысты саналы түрде және уақытында шешім қабылдауға мүмкіндік береді».

Сілтемені қараңыз:
http://unesdoc.unesco.org/images/0015/001570/157020e.pdf.

6. Ақпараттық сауаттылықтың көрсеткіштеріне жол (Towards Information Literacy Indicators).

Бұл жұмыс ақпараттық сауаттылықтың деңгейін өлшеуге арналған жүйелік әдіс болып табылады. Ол ақпараттық сауаттылықтың түсінігін, моделін және білім берудегі ақпараттық сауаттылықтың стандарттарын сипаттауды қамтиды.

Ақпараттық қауіпсіздік үлкен адам меңгеруі тиіс дағдылардың біріктірілген жиынын құрайды. 2005 жылғы Александрия декларациясында жазылғандай, ақпараттық сауаттылық – бұл адамдардың қабілеті:

- өзінің ақпараттық қажеттіліктерін тану;
- ақпаратты тауып, оның сапасын анықтау;
- ақпаратты іздеу және сақтау;
- ақпаратты қолданудың тиімді және этикалық формаларын табу;
- білімді қабылдау және беру үшін ақпаратты қолдану.

Жетістіктерді көрсетіп, кейінгі іс-әрекетті жоспарлайтын ақпараттық сауаттылықтың көрсеткіштерін жобалау. Ақпараттық сауаттылық аурулармен күрес және жаңа жұмыс орындарын құру сияқты мыңжылдықтың көптеген даму мақсаттарының негізінде жатыр. Ақпараттық сауаттылық көрсеткіштері елдерге өзінің медиалықсауаттылыққа бағытталған саясатының тиімділігін анықтауға көмектеседі.

Сілтемені қараңыз:
http://unesdoc.unesco.org/images/0015/001587/158723e.pdf.

7. Оқытушыларға арналған ИКТ-құзыреттіліктерінің стандарттары (ICT Competency Standards for Teachers).

ИКТ-ны есепке ала отырып, ұлттық білім беруге арналған стандарттарды жобалаудың маңыздылығын түсініп, ЮНЕСКО Cisco, Intel, Microsoft, International Society for Technology in Education, Виджиния политехникалық институты және Вирджиния штатының университетімен бірігіп жұмыс істей бастады.

Жоба ИКТ көмегімен оқытушылардың жұмыс әдістерін қалай жетілдіруге болатынын көрсетуге және олардың дағдыларына жаңа бағытта жетілуіне мүмкіндік беруге бағытталған.

«Оқытушыларға арналған ИКТ-құзыреттіліктерінің стандарттары» - бұл 3 буклет:

- логика, құрылым және тәсілдерді түсіндіретін ICT-CST жобасында қабылданған стратегиялық негіздер;

• білім беру реформасының компоненттерін біріктіретін құзыреттілік стандарттарының модульдері;

• нақты дағдыларды сипаттайтын стандарттарды енгізетін нұсқаулық.

Сілтемелер:http://unesdoc.unesco.org/images/0015/001562/156207e.pdfhttp://unesdoc.unesco.org/images/0015/001562/156209E.pdfhttp://unesdoc.unesco.org/images/0015/001562/156210E.pdf.

Шыңғысова Н.Т.
филол.ғ.д., профессор

БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІ ТИІМДІ ЫҚПАЛДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жоғары білікті мамандар даярлау мақсатындағы ғылым мен білімді тиімді ықпалдастыру мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану уақыт талабы. Ғылым еліміздің тұрақты дамуына ықпал ететін қоғам дамуының құрамдас бөлігі. Отандық БАҚ-тың техникалық қорын жаңарту жөніндегі мемлекеттік жоспар қазақстандық масс-медианың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен жүзеге асады. Ғылым мен білімнің және өндірістің ықпалдасуындағы ақпараттың рөлі жоғары. Ақпарат ғылыми-техникалық қарқынды дамуға ықпал етеді. Кәсіби білікті мамандар даярлау ісі де білім, ғылым, өндірістің өзара тоғысуына мүмкіндік береді. Ғылыми жаңалықтардың өндірістік салада жедел қолданыс табуы қоғамдағы білім беру ісінің деңгейін байқатады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының ішіндегі ғылыми-инновациялық құрылымдық қызметті дамыту және ғылым, білім мен инновациялық өндірісті біріктіруге негізделген әлемдік зерттеу университетерінің қатарына ену бойынша ең алғашқы болып белсенді жұмыс жасады. Қазіргі таңда университетіміз жаңашыл жобаларды жүзеге асыруда. Соның бірі – «Al-Farabi university – smart city» ғылыми-инновациялық жобасы инновациялық және инфра-құрылымдық базаға негізделген білім берудің қажеттілігін айқындайды. Рухани-адамгершілік және зияткерлік тұрғыдан

дамуды көздейтін нормалар мен тәртіптер университеттің миссиясымен біте қайнасып жатыр. Университеттегі қалыптасқан педагогикалық дәстүр сабақтастығы, үздіксіз дамытуға, кафедра мен факультеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған серпінді жобаларды жүзеге асыру идеялары мен жемқорлықтан ада, нағыз білімге негізделген оқу үдерісіне жаңашыл жоба тың трендтермен енді. Жоба аясында білім беру, ғылыми, тәрбие және қаржы-экономикалық қызметті дамытудың концепциялары жасалды. Әл-Фараби трактаттарынан бастау алып жатқан қайырымды қаланың маңызды белгісі – рухани құндылықтар ҚазҰУ қалашығында «Электронды кампус», бақытты студенттік шақ сыйлайтын қайырымды қалашық үлгісінде көрініс тапты.

Зерттеу университетінің негізгі міндеттерінің бірі – өз әлеуетін пайдалана отырып, елдің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік мәселелерін шешуге қабілеттілік таныту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістер мен шешімдерді енгізу. Жаңа үлгідегі студенттерге қызмет ету орталықтары, технопарк, инновациялық кластерлер, студенттік бизнес-инкубаторлар – ұлттық университеттің инновациялық әлеуетін танытатын көрсеткіштер.

Университет саясатынан бастау алып жатқан серпінді шаралар факультеттерде өз жалғасын табуда. Болашақ журналистердің университет қабырғасынан жазуға төселіп, мамандықтың қыр-сырына қанығып, бейімделуі теориялық біліммен қатар, практикалық машықтануды талап етеді.

Білім беру саясаты мен ел экономикасының тығыз байланысы, ғылым мен практиканың ұштасуы өндіріске кәсіби білікті мамандар даярлауға мұрындық болады. Уақытының басым бөлігін өндірісте өткізетін студент көзімен көріп, қолымен ұстай отырып, мамандыққа тез машықтанары даусыз. Осы орайда БАҚ редакцияларымен, өзге де мекемелермен тығыз байланыс орнатып, жұмыс берушілер ретінде олардың талап-тілектерін оқу жұмыс жоспарларында ескеріп, оқу бағдарламаларын экономиканың практикалық қажеттіліктеріне сәйкестендіру үшін элективті пәндерді енгізудеміз. Магистрлік бағдарламалар да жұмыс берушілермен ақылдаса отырып жасалады.

Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен факультеттің арасында жасалған келісім-шарттарға сәйкес студенттер

редакцияларда оқу-өндірістік тәжірибеден өтеді. Жазуға бейімі бар студенттер университет қабырғасында жүріп-ақ журналистік қызметке араласа бастайды.

Оқу барысындағы ғылым мен практиканың ұштасуы, білім беру саясаты мен елдің экономикасының тығыз байланысы өндіріске кәсіби мамандар даярлауға мұрындық болады. Уақытының басым бөлігін өндірісте өткізетін студент көзімен көріп, қолымен ұстай отырып, мамандыққа тез машықтанады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын оқытушымен бірлесе орындау арқылы студентті кәсіби машықтандыру тәжірибесін жетілдіруді қолға алдық. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қолданылатын жобалау бағытындағы әдіс студентті практикалық қызметке дайындап, біліктілік қалыптастырады, тапсырманың практикалық шешімін анықтауға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде студенттердің өзіндік жұмыстарына баса мән беріледі.

Қазақстанның еңбек нарығына кәсіби PR мамандар аса қажет. PR аралас пән болғандықтан, болашақ мамандарды экономикалық факультеттер де дайындайды. PR мамандарының журналистика факультетінде даярлануы көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Себебі, қоғаммен байланыс маманы ақпараттық себеп тауып, жаза білуі, PR-науқандарды тиімді жүзеге асырып, БАҚ-пен байланыс жасауы, қоғамдық пікір қалыптастыруы тиіс. Қазіргі Қазақстан PR-нарығында аталмыш сала бойынша арнаулы білімі жоқ мамандар да қызмет атқарады. Олар отандық нарыққа PR-қызметі енгеннен бері жылдар бойы тәжірибе жинақтаған. Дегенмен бұл салада кәсіби білікті, арнаулы білімі бар мамандардың аздығын айту қажет. Мамандыққа мемлекет тарапынан бөлінетін гранттың саны өте аз. Журналистика факультеті 2014 жылы нарыққа тұңғыш мамандар дайындап шығарды. Алайда бұл жеткіліксіз. Мысалы, елімізде экономикалық дағдарыс орын алған жылдары дағдарысқа қарсы коммуникация қызметіне сұраныс өсіп, қаржылық коммуникация нарығының өсуі тежелді. Дағдарыс жағдайында кеңес беріп, тиімді коммуникация орнатуға қабілетті, кәсіби білікті PR-мамандарға зәрулік байқалды.

«Қоғаммен байланыс» мамандығы бойынша білім алатын студенттер мемлекеттік құрылымдардың баспасөз қызметтерінде, коммерциялық мекемелердің PR бөлімдерінде

біліктілігін жетілдіреді. Үрімжі қаласындағы Шыңжаң Халық радиосынан бірнеше студент өндірістік тәжірибеден өтті.

Қоғаммен байланыс қызметі миссиясын орындай отырып, қоғамдық мүддені көздеп, әлеуметтік жауапкершілікті сезініп, еліміздің экономикасына үлес қосады. Бұқаралық ақпарат құралдарымен, серіктестермен, мемлекеттік құрылымдармен, инвесторлармен тығыз байланыс орнатып, тиімді жұмыс істеу үшін болашақ PR маманына терең білім, тәжірибе және біліктілік қажет. Сондай-ақ, болашақ маман қоғаммен байланыстың негіздерін, концепциясын меңгеруі тиіс.

Ғылыми-инновациялық технологиялардың дамуы, ғылым мен білімді, өндірісті тиімді ұштастырудың қажеттілігі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісіне жаңа талаптар қойды. Оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар, қазіргі педагогикалық практикада қолданылатын инновациялық технологиялары, атап айтқанда белсенді оқыту, тұлғалық-бағыттау әдісі, мәселелік оқыту және жобалау, іскери және рөлдік ойындар қолданылады. Олардың мақсаты – студенттің белсенділігін арттыру, жеке ойлауға, шешім қабылдауға машықтандыру, «тұлға» ретінде өзін-өзі жетілдіріп, қабілетін ашуға, оқытушымен өзін тең дәрежеде сезінуіне мүмкіндік беру. Оқытушының да рөлі тек білім берумен шектелмейді, студенттің шығармашылық қабілетін барынша ашуға тырысады. Сонымен қатар оқу үдерісінде білім берудің белсенді әдістеріне баса назар аударылады.

Оқу бағдарламасының мақсаты нақты құзіреттілікті қалыптастыру. Мәселен, этикалық нормалардың негізін оқыту студенттің мәдениетті, кәсіби маман болып қалыптасуына ықпал етеді. Оқытудың нақты пәндік әдістері студенттердің іскерлік қарым-қатынас негіздерін меңгеруіне, табысты жетекшінің имиджін қалыптастыруға көмектеседі.

Кафедрада білім беру барысында студенттердің тұлға ретіндегі шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін ояту, мәселеге жеке көзқарасын қалыптастыру, алған білімін практикада қолдануға машықтандыру мақсат етіледі. Осы орайда тақырыптық, бағыттаушы, жүйелі семинарлар жүргізіліп тұрады. Олардың барлығы да студенттің жеке көзқарасын қалыптастыруға, ақпаратты студенттің жете меңгеріп, практикамен ұштастыруына бағытталған.

Мамандар даярлау мен кәсіби білім беру ісін үздіксіз жетілдіру – заман талабы. Жоғары оқу орнының ғылыми-техникалық әлеуетін тиімді қолдану мақсатында университетімізде ғылыми-зерттеу орталықтары құрылуда. Олар бизнес құрылымдармен өзара тиімді қызметтерді жүзеге асырып отыр. Көптеген орталықтар студентті кәсіби машықтандыру мақсатында оқытушы мен студенттің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесе орындауына мүмкіндік туғызады. Бұндай жобалау бағытындағы әдіс студентті практикалық қызметке дайындап, біліктілік қалыптастырады, тапсырманың практикалық шешімін анықтауға мүмкіндік береді.

Университетте бизнес-инкубатор құрып, білім берумен қатар, серіктестер іздеп, бизнесті дамыту міндеттерін қою нақты инновациялық міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, түрлі компаниялармен байланыс орнатып, іскерлік байланысты өз деңгейінде ұстап тұру қажет.

Журналистика саласы кәсіби мамандарға зәру. Әсіресе өңірлерде білікті мамандар жетіспейді, кейбір аудандық газеттерде өзге сала мамандары қызмет атқарады. Аудандық газеттердің тілі мен стилі сын көтермейді. Сондықтан, өңірлік журналистерді дайындауға да баса назар аударуымыз керек. Өңірлерге жас мамандарды жолдамамен жіберу қажет.

Еліміздің білім беру жүйесі экономиканы қарқынды дамытуға қабілетті кәсіби мамандар даярлауға бағытталған. Сондықтан көптеген жоғары оқу орындары оқу бағдарламаларын экономиканың практикалық қажеттіліктеріне сәйкестендіріп жасайды. Қажеттілік жоқ жерде инновацияның дамуы мүмкін емес. Оқу үдерісіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу білім берудің тиімділігін арттырады. Коммерциялық компаниялар мен мемлекеттік басқару органдарының жоғары оқу орындарына сұраныс жасауы білім, ғылым мен өндірістің ықпалдасуын көрсетеді. Инновациялық жобалар өндіріске енгізілуі тиіс.

Амангелдиева Г.С.
ә.ғ.магистрі,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ оқытушысы

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУДЕ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

Жас журналистерге журналистік зерттеу жүргізу үлкен жауапкершілікті талап етеді. қазір техника дамыған, кез келген ақпаратты алу оңай. Дегенмен, зерттеу жүргізу барысында ақпарат көздерін анық білу, оларды әшкере не жасырын ұстаудың өз қажеттіліктері бар. Басты мәселе сол ақпаратты дұрыс жеткізе білуде. Қазақстанда журналистік зерттеу неге осал дамып келеді деген сұрақ туындайды. Оның басты себебі, журналистердің өз миссиясын дұрыс білмеуінде. «Жалпы **«журналистік зерттеу»** деп аталатын термин ағылшын тілді елдерде **«Investigative journalism»** ал, Ресейде **«журналистское расследование»** делініп жүр. Түпкілікті мағынасын орыс тіліндегі баламасы толық ашатын секілді. Біздің «зерттеу» сөзіміз ағылшын тілінің «scientific research», орыс тілінің «исследование» сөздерімен төркіндес болып келеді. Сондықтан журналистік «зерттеу» дегеннен гөрі «іздестіру» секілді сөздерді қолдансақ, әлде қайда тиімді болатын түрі бар. Атаудың өзіндік дәлдік болмаса, практикалық істің барысында түсінбестіктің салдарынан қайшылық тумасына кім кепіл» [1]. Шетелде БАҚ саласында қызмет етушілердің арасында танымалдыққа жеткендердің дені журналистік зерттеумен айналысқандар. Ондағы журналистер мақала жазып қана тыныш жүретін қатардағы қарапайым жандар емес, қажет кезде кәсіби барлаушылардан да қалыспай ақпарат таба алатын, жедел жұмыс істеуді білетін алғыр да батыл адамдар.

Жалпы, радио-телевизия, баспасөз және ғаламтор арқылы күнделікті таратылатын репортаждар мен журналистік зерттеу материалдарының айырмашылығы жер мен көктей. Осыны жете игермегендіктен, бізде журналистік зерттеуге бейімделудің, жұмыстық тәжірибе жинақтаудың, біліктілік пен қабілеттілікті игерудің қажеттілігі туындап отырғанын көруге болады. Бұқара қауым үшін онсыз да басы ашық, көпке мәлім жайттар ешқашан журналистік зерттеуге обьект бола алмайды. Осы себептен

батыстық ғалымдар «белгілі бір жеке тұлғалардың немесе мекемелердің өзгелерден құпиялап жасырған сырларына терең үңіліп, сол арқылы қоғамдық мүддеге сай өзекті мәселе көтерген мақалалар мен бағдарламалар журналистік зерттеу» бола алатынын айтады. Зерттеу журналистикасының туындыларының тақырыптары төменде көрсетілген үш негізгі факторды өн бойында сақтайтындығымен ерекшеленеді:

Біріншіден, оқырман қауымның ізденістері мен қажет-тіліктеріне сай келу;

Екіншіден, қоғамдық маңызы жоғары, оқырмандардың психологиясына ықпал етерлік қабілетінің болуы;

Үшіншіден, журналистің ұсынып отырнан дерегі жеке тұлға немесе ұйымның халықтан жасыруды көздеген құпия сырлары болғаны жөн [1].

Аталмыш факторлардың қай бірі болмаса ол дерек журналистік зерттеуге өзек бол алмайды. Осының салдарынан нақты нәтиже көрінбей, тақырып ашылмай қалып жатады. Оның сыртында дерек тереңдеп зерттелмейді, жан-жақты талдау жасалмайды. Сондықтан ең алдымен ақпаратты, соның ішінде қажетті ақпаратты таба білу қажет:

Ақпарат табу көздері

Журналистпен ашық қарым-қатынасқа түсе алатын адамдар жайлы сөз қозғайық. Ақпарат табу көздерін екіге бөліп қарастырайық «жолдастар» не «жалған сөйлеушілер». Жолдастар – сөзсіз, ақпарат көзінің ең тәуірі. Бұл адамдар сіздің көзқарас-тарыңызды қабылдап, жақсылық үшін сізбен бір арнаға тоғысуға дайын. Жолдастардың берген ақпараты сенімді және анық болуы мүмкін. Алайда, жалған ақпараттың элементтері де кездесіп жатады. «Жалған сөйлеушілер» - бұл адамдар жалған ақпарат таратудан рахаттанады. Бұл типті адамдарды жиі кездесіруге болады. Олармен хабарласу да қиын емес. Олар көбінесе, өздері ақпарат таратуға құлшынып тұрады. Ақпараттың сапасы әрине өте төмен, тек қоқыс жәшігіне лақтыру үшін жазылған десек те болады. Жалған сөйлеушілер» - кемшілігі мол жандар, сол себепті олар өздерін байқап, сыпайы сөйлеуді талап етеді. Олар жандары жараланған, ренжігіш, қызғаншақ. Сонымен қатар, досыңыздан дұшпаныңызға оп-оңай айнала алады [2].

«Жолдастар» мен «Жалған сөйлеушілерді» журналистік зерттеу жүргізу барысында ажырату қиын емес. Бастысы оларды

сізбен жұмыс жасауға көндіру. Оларды бір-бірінен ажырата алудың нұсқау кітапшасы жоқ. Бұл жерде журналистің шеберлігі басты рөл атқарады [3]. Оларды қалтаға түсушілермен салыстыра аламыз. Біліксіз оперативник бірнеше апта бойы «қонақ үй ауласы» әмбебап дүкенін аңдып, бір де бір қалтаға түсушіні құрықтай алмауы мүмкін. Ал, талантты оперативник бірден «өзінің адамын» көре алады.

Ақпарат көздерін алудағы әдіс тәсіл

Құпия қайнар көзбен белсенді жұмыс алдында терең зерттеу жүргізілу керек. Жеке тұлға жайлы мейілінше максималды нақты ақпарат алған дұрыс: оның өмірбаяны, мінез-құлқы, әдеттер мен қызығушылығы және т.б. Бастапқы ақпаратты жинаған сон, ол ақпараттың қай типине жататынын анықтап алған жөн. Бұл жерде қателесуге болмайды, себебі осы ақпаратқа сүйене отыра журналист объектімен жұмыс барысын құрастырады.

Қарым-қатынас орнату барысында кіммен «ұзақ уақыт бойы» қарым-қатынас оранту - ол жеке шешім. Бір журналистке пресслужба берген ақпарат жеткілікті болса, ал біреу аудандық дәрежедегі құқық қорғау оргондарынан сұхбат алғысы келеді. Байқап кету керек журналисттің қарым-қатынас ортасы ауқымды болған сайын, ақпаратта ауқымды әрі нақты болады. Ақпаратты материал түрінде жарияламас бұрын оны міндетті түрде тексеріп 2 жақтан нақтыланып алу керек. Кей кезде журналистің жалғыз сеніп отырған аса маңызды адамы ауырып қалуы, жұмыстан шығып кетуі немесе дәрежесі өсуі мүмкін. Ондай жағдай сеніп отырған ақпарат қолжетімсіз болуып қадуы ғажап емес. Сол себепті журналист қарым-қатынас ортасын жиі жаңартып кеңейтіп отыру керек және ақпарат беруші адаммен байланысты үзбеген жөн.

Арам ойлы ақпарат көздері

Сөз журналистпен жұмыс жасауда пайдаға кенелгісі келетін жандар туралы болмақ. Бұл пайда ақшалай немесе ақшалай емес болуы да мүмкін. Біріншіден, кейбір дерек берушілер өздерінің ақпараты үшін «ақша» алады. Журналист бұндай адамды сенімді деп тануы мүмкін. Бірақ, олай емес екендігіне қаншама рет көзіміз жеткен [4]. Ақша талап ететін дереккөздің басты кемшілігі, ақпараттың құнын өсіріп, оны кейде теріс беруі де ғажап емес. Себебі, журналистке өзінің ақпаратының қаншалықты құнды екенін көрсету, әрі қарай басқа да

пайдаланатын адам іздей береді [5]. Ақша талап етушімен жұмыс істемес бұрын, осындай дереккөзбен жарты жылдан артық жұмыс жасауға болмайтынын ұмытпаңыз. Тағы да, журналист беретін ақша құны аса қомақты болмауы керек. Журналистік зерттеу агенттігінің практикасына көз салсақ, ақша талап етушілерді екі жағдайда қолдану керек екенін көреміз. Олар бірінші, күтпеген жағдайда және бірнеше рет тексерілген ақпарат беруші ретінде [4].

Ақша талап етуші мен жұмыс жасамау кезінде журналист пен ақша талап етушінің ара-қатынасы қандай екені өте маңызды. Бір нәрсені ұмытпаған жөн: ол ақпарат берушіге журналист ақша төлеп отыр, ол журналистке емес. Сондықтан да, журналист оның айтқан әр сөзін жария етуге міндетті емес [5]. Журналист ақпарат берушіге қандай қарым-қатынаста екеніне қарамастан баспасөз бетіне қай ақпараттың шығуы мен шықпауын өзі жұмыс жасайтын БАҚ басшылығымен келісе отырып шығарады. Ол ақпаратты тегін беруі де мүмкін. Бірақ ешқашан журналистпен жұмыс жасап көрмегендіктен, ұсақ-түйектерден бейхабар. Журналисттен ақшалай пайда тапқысы келмейтін адамдар, бір жақты емес. Көбінесе, бұндай дереккөздер журналистті бәсекелестермен күресі үшін қолданады. Көбіне журналист өзі де екі арада «тасушы» қызметін атқарып жатқанын түсінбей қалады. «Тасушы» қызметін кейінгі кезде құқық қорғау органдары қолданып жүр. Қалай болғанда да, журналист екінші адамға күйе жағу барысында, біріншісіне не үшін көмектесіп жатқанын ұмытпауы керек. Журналисттің дереккөзінде өзі көздеген саяси астары болуы мүмкін [6]. Көптеген саяси көшбасшылар саясатқа сара жолды, ащы шындықты халыққа жеткізу арқылы салады. Қазіргі таңда саяси элитаға жол көбінесе, біреудің құпиясын ашумен әділеттілікке қол созу арқылы салынуда. Айта кетерлігі, соңғы екі типті адамдармен байланысу барысында өте сақ болған жөн. Сонымен қатар, бұл аса қорғалмаған дереккөз. Көп жағдайда дерек берген адамның бәсекелесінің тарапынан реніш туындап, инициаторды іздеуге кіріседі. Ал дереккөзді журналист қана білгендіктен, бәсекелестері кім екенін білу үшін сол журналистке жүгінеді. Сол себепті, дерек беруші адамға журналисттің еш қатысы жоқ.

Ақпарат көздерінен жеткен ақпарат нақты, толыққанды болғанда ғана журналистік зерттеу толық ашылады. Яғни, ақпарат сенімді, сұранысқа ие, талапқа сай. Ал егер маәселенің ішкі мазмұнына тереңдеп енбеген, оның себеп-салдарын ашпаған, көтерілген проблемалар мен жасалған тұжырым нақты дерекпен дәйектелмеген, құпия жемқорлық пен сыбайластықтың жасырын сырларын ашпаған, көріністі жай ғана сырттай сипай қамшылаған, азғана фактінің басын қосқан ағымдағы мақала ешқашан «журналистік зерттеу» бола алмайды. Бізде оны білмей-түсінбей жатып, атауды оңды-солды қолдану үрдісі байқалып жүр. Кейбір телеарналар мен агенттіктердің қатардағы репортаждарына, газеттегі көлемді интервьюлеріне кейде «журналистік зерттеу» деп айдар тағып жатады.

Журналист өоғамда резонанс тудыра алады. Сондықтан да журналист атақ, даңқпен «ауырмағаны» абзал. Сонда ғана өз ісінің хас шебері болады. Сонда ғана журналист ақпаратты емес, керісінше ақпарат журналисті іздеп жүреді.

Пайдаланылған дерек көздері:

1. Шамақайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары. – Астана, 2006.

2. Лашкова Е.Г. Организация и проведение коммуникационных кампаний. – Москва. 2014.

3. Шығысова Н. Журналистика социалогиясы. – Алматы, 2010.

4. Омарова А. Мы предоставляем информацию, нравится она вам или нет. Выбирать читателю. http://www.navi.kz/articles

5. Почепцов Г.Г. Информационные войны. - М.: Рефл-бук, К.: Ваклер, 2001.

Асанов Қ.Д.,

филология ғылымдарының докторы,

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ профессоры

ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН ДАЯРЛАУДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XXI ғасырдағы ұлттық журналистиканың келбеті қандай?! Болашақ журналист мамандарды қалай тәрбиелеп жатырмыз?! Беріліп жатқан білім, оқытылып жатқан дәрістердің тиімділігі қаншалықты әсер етуде?! Шын мәнінде бұл сұрақтар бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ғылыми-технологиялық

прогесс қарыштап дамып, кемеліне келген қазіргі уақытта журналистің сөйлеу мәдениеті мен жазу сауттылығы екінші орынға ығыстырылып, олардың технологиялық мүмкіндіктері яғни компютерлік сауаттылығы алдыңғы орынға шыққаны жасырын емес. Қазіргі журналистика мамандығына түсушілер бес көркем шығарманы толық оқып келмейді. Кітап оқымаған жастардың кәсіби журналист болуы екі талай. Бүгінгі БАҚ-ның тіл тазалығы қандай дәрежеде? Бұл сауал зиялы қауым мен зерттеуші ғалымдарымызды көптен бері толғандырып келе жатқан мәселе.

Кез-келген елдің сөйлеу (тіл) мәдениетінің ажарлы, айшықты, шұрайлы болуы сол халықтың жазу-сызу өнерімен яғни әдебиеті, баспасөзімен тікелей байланысты.

Бұл мәселе өткен ХХ ғасырда да өзекті проблема ретінде ұлт тілінің жанашырларын үнемі толғандырып отырған. Белгілі ғалым Әсет Болғанбаев «Тіл және шеберлік» атты мақаласында Ана тіліне деген журналист жауапкершілігі туралы төмендегідей толғамды ойлар айтқан:

«Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді деген. Әрбір көз ашып дүниеге келген нәрестенің бойындағы барлық жақсы қасиеті анадан тараған. Ана мен тіл бөлінбес бір дүние. Мұны бөліп-жарып, ажыратып қарауға еш болмайды. Ана тілі - өлмес мұра, жоғалмас асыл мүлік. Әр ұрпақ өз ана тілін байытып, жетілдіріп бірден-бірге мирас етіп қалдыру – бәрімізге ортақ парыз. Әр адамның ана тіліне деген қамқорлығы, жанашырлығы, қосқан үлесі, тигізер пайдасы күнделікті сөйлеген өз сөзіне, жазған төл туындысына соншалықты жауапты да ұқыпты қараудан басталады. Демек, әр адам жөргегінен үйренген тілге өле-өлгенше жауапты деген сөз.

Бұл тіл бүгінде сөз байлығы молайған, құрылым-құрылысы жүйеленген, жазу ережелері орныққан, стильдік тармақтары сараланып жетілген, ауызша да, жазбаша түрде де жалпыға бірдей қызмет ететін ұлттық жазба әдеби тіл деген сипат алып отыр. Демек, бұдан былай өз ана тілімізді қалай пайдаланып, қалай дамытамыз десек, бізде барлық мүмкіндіктер жасалған. Бұл ретте журналистер қауымына түсер ауыр салмақ, артылар аманат ерекше болмақ.» [1].

Өткен ғасырдың 80-жылдары айтылған бұл пікірдің көкейкестілігі XXI – ғасырдың алғашқы он жылдығында да өз

қуатын жоғалтпағандығын уақыт көрсетіп отыр. Журналистер қауымына түсер «ауыр салмақ» пен артылар «аманатқа» бүгінгі БАҚ өкілдері лайықты қызмет атқрып жүр ме?

Міне, мәселенің негізгі мәнісін де осы сұрақ төңірегінде өрбітіп, сараласақ шешімі күрделі біраз жайттарға қанығарымыз анық.

Біріншіден, ел тәуелсіздігімен бірге келген сөз бостандығы, ой еркіндігі республикамыздағы БАҚ-ы санының күрт өсуіне алып келді.

Әрине, кешегі кеңестік дәуірдегі санаулы газет-журнал, теле-радионың саны өсіп, бұқара халықтың рухани қажеттілігін өтеп жатса, оны неге қолдамасқа? Бірақ бір өкініштісі БАҚ-ы саны өскенімен сапасының тым құлдырап кетуі еді. Ұлттық журналистика мамандарын даярлайтын бірден-бір оқу орны ҚазМҰУ-дың түлектері бүкіл республика көлемін қамтып, жұмыс істеуіне сандық тұрғыдан да әлеуметтік-тұрмыстық себептерден де дәл сол уақытта мүмкіншілігі болмады. Әр облыс, қала мен шағын кенттерде ашылған ақпарат көздерінде журналистикадан хабары жоқ басқа маман иелері жұмысқа қабылданып жатты. Бұл мамандардың көпшілігі ұлттық тілдің уызына жарымаған, әдебиет пен өнерден мақұрым нағыз «асфальтта» өскен азаматтар еді. Сол мамандардың журналис-тикаға бойлары үйренгені соншалық, қазір кейбіреулері жетекшілік яғни редакторлық, директорлық қызметтерге дейін өсіп көтеріліп алған. Міне, сапаның күрт төмендеуінің басты себептерінің бірі осы.

Екіншіден кешегі кеңестік дәуірдегі ұлттық тілдің өгейлікке ұшырап келуі де, ана тіліміздің белгілі дәрежеде өркендеуіне тосқауыл болды.

Дей тұрсақта, сол дәуірдің студенттері яғни ауылдан келген жастар жоғары оқу орындарына мол қазынамен келетін. Ол қазыналары қазақ әдебиетін яғни көркем шығармалардан, ауыз әдебиеті үлгілерінен мол хабардар болатын. Ал, ол дегеніңіз тіл байлығының, мәдениетті сөйлеп, жүйелі ойлаудың негізгі қайнар көзі еді. Біз қазіргі кезде сол қазынадан да айырылып қалдық.

Бұлай деп пікір айтуыма төмендегідей мәселелер себеп болып отыр. Өз басым жоғары оқу орнында болашақ журналист мамандарды оқытып келе жатқаныма жыйрма жылдың жүзі болды. Әсіресе, «Журналистің сөйлеу мәдениеті», «БАҚ-тың тілі,

стилі» сияқты пәндерден дәріс бере жүріп көзімнің анық жеткендігі қазіргі студенттердің тілінің өте жұтаңдығы. Тіл байлығының жұтаңдығы, сөздік қордың тұрмыстық деңгейден аса алмауы, болашақ журналистер үшін аса үлкен қауіп. Тіл жөнінде жоғарыда айтқан санаға түсер салмақ пен арға артар аманатты осы деңгейдегі жастарымыз болашақта қалай алып жүрмек?!

Тағыда сол тіл жанашыры, көрнекті ғалым Ә. Болғанбаевтың пікіріне жүгініп көрелік:

«Журналист еңбегінің қыр сыры өте көп, оларға қойылар талап пен талғам да жеткілікті. Біз солардың ішіндегі бір ғана мәселені – насихат құралының тілі мен стилін, жазу мәдениетін көтеруді сөз етпекшіміз. Ана тіліне деген журналистің жауапкершілігі – бүгінгі әдеби тілдің зор мүддесінен тумақ.

Бүгінгі әдеби тіл – жетілген, есейген білімдар қауымның қатынас құралы екендігі даусыз. Сондықтан қазіргі оқырман-дардың тіл мен стильге деген мұқтаждығы да анағұрлым арта түспек. Ол да заман талабына сай бүршік атып, көктеп гүлденуі керек, өркен жайып, мәуелеп өсуі қажет. Әрбір жазылған мақаладағы айтылмақ ойдың қалай баяндалуына, оның сұлу сөзбен бейнеленген мәдениетіне қатты көңіл бөлінбек.»[1]

Әр халықтың тілі, сол халықпен бірге жасап, әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси жағдайларға бейімделіп дамып, өсіп, жаңарып отыруы табиғи заңдылық. Тілдің тоқырауы, ұлттық сана, ой сезімнің күйреуіне алып келеді. Бүгінгі БАҚ-да істейтін көптеген журналистердің «орысша ойлап, қазақша сөйлеуі» жақсы нышан емес. Бұл көрініс әсіресе өздерін тәуелсіз арна,комерциялық баспасөз санайтын ақпарат салаларында жиі байқалады.

Айтылған проблемалардың алдын алудың негізгі шарты тағыда ақпарат көздерінде қызмет істейтін мамандардың сөйлеу, жазу тілдерінің мейлінше сапалы болуына келіп саяды. Журналист өзі үшін сөйлеп (жазып) немесе өзі үшін толғанбайды. Оның аузынан айтылған, қаламымен жазылған туынды бұқара халықтың рухани қажеттілігін өтейтіндігін естен шығармағанымыз абзал.

«Газет – әдеби тілдің бірінші баспалдағы. Барлық өнегелілік пен шеберліктің шыңдалып, таралатын жері де осы. Сондықтан осы баспалдақтың тазалығын сақтау үшін журналистер қауымы

қажымай-талмай тынымсыз еңбек ете білулері керек. Әрбір сөзге екі шоқып, бір қарауға машықтану қажет. Қасиетті ана тіліне немқұрайды қарап, бейберекет қылуға ешкімге право берілмеген.»[2]

Белгілі тілші-ғалым З.Бейсембаева бұл ойды былайша тереңдете түседі: «Шеберліктің негізгі сыры – тілдік амал тәсілдерді орынды қолдана білуде, жазушының талғампаздығында, сөз қолдану мәдениетінде. Тек тілдің көркемдеу тәсілдерін орынды қолдану арқылы автор көздеген нысанасына жетеді»[3]

Осылай деп ой толғаған тілші – ғалымдар пікіріне жүгіне отырып, қазіргі БАҚ-дағы тіл (сөз) мәдениетін қалыптастыруда төмендегідей мәселелерді ескерген жөн.

Бірінші, журналистика мамандығын қалаушы жас талапкерлерді оқуға қабылдау барысында олардың жазу шеберлігі мен сөйлеу мәдениетіне барынша назар аудару қажет. (Бұл жерде шығарма жаздырып, газет бетіне жарияланған бірді-екілі мақаласына қарап, болашағынан «зор үміт» күтудің қажеті жоқ. Шығарманың мазмұны мен қатар тілдік- стильдік ерекшелігіне баса назар аудара отырып, талапкердің сөздік қор, тіл байлығына тереңірек мән берілуі керек.)

Екіншіден, кейінгі кездері журналистика мамандығын даярлау барысында мемлекеттік стандартта көрсетілмеген деген желеумен оқу бағдарламасынан алынып тасталған «Журналистің сөйлеу мәдениеті», «Шеберлікке баулу», «Мамандандыру» сияқты тағыда тілге, стильге, сөйлеу, жазу шеберліктеріне қатысты пәндерді толықтырып, қайта кіргізу қажет. (Себебі бұрындары «Радиохабарлар тіл стилі», «Телехабарлар тіл стилі», «Мерзімді баспасөз тіл стилі» жеке-жеке пән ретінде өткізілетін. Бұлай өткізу болашақ журналистке БАҚ-тың әр саласы бойынша, еркін дайындалып, аталмыш мамандықтың өзндік ерекшеліктеріне сай сөйлеу, жазу машықтарын меңгеруіне кең мүмкіндіктер беретін.)

Үшіншіден, арнаулы орта мектептерде 10-11 сынып оқушыларын журналистік мамандыққа баулитын факультативтер ашылса (Бұл әрине біраз мектептерде бар болғанымен, тұтастай дәстүрге айналған жоқ. Өйткені журналистика әліппесімен мектеп қабырғасында жүріп танысқан талапкерлерлің мамандықты игеру барысында көп қинала қоймайтыны белгілі.)

Ұлттық журналистика мамандарын даярлау барысында біршама тәжірибиеларді байқай отырып көз жеткізген анық бір мәселе жас талапкердің сөйлеу (жазу) мәдениеті отбасы, балабақша, мектептен қалыптасып, дамып, жетілетіндігі. Бай ауыз әдебиетіміздің інжу-маржандары аңыз-әфсана, ертегі-әңгіме, жыр-дастандарымен сусындап өскен жеткіншектің көкірегі күмбірлеп, сөз әлемінде қиналмай еркін қанат қағатындығы. Әйтпесе, қазіргі алмағайып заманда кекілі күнге күймей, табаны жерге тимей тас еденде ойнап өскен ұрпақтың сөзі де, ойы да жұтаң болатындығын уақыт көрсетіп отыр.

Пайдаланылған дерек көздері:

1. *«Өнер алды қызыл тіл» Алматы. «Жазушы» 1986.*
2. *Х. Нұрмұқанов «Сөз және шеберлік» Алматы 1987.*
3. *«Жазушы және сөз мәдениеті» Алматы 1983.*

Мұхамеджанов Д.М.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Телерадиокешенінің директоры,
Баспагерлік, редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының оқытушысы

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ТЕЛЕРАДИОКЕШЕНІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ, ҚЫЗМЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Телерадиокешенінің ашылу тарихы отандық телерадиожурналистиканың даму тарихымен және университет тарихымен тығыз байланысты.

Телевизиялық зертхана мен Телевизия және радиожурналистика кафедрасының негізі Журналистика факультетінде 1972 жылы профессор Марат Кәрібайұлы Барманқұловтың ұйытқы болуымен қаланды.

М.К. Барманқұлов соңынан журналистердің жаңа толқынын ерте отырып, «Зерде» атты студенттік радионың жұмысын жолға қойды. Кейіннен ол «Сана» телерадиостудиясына айналды. 2001 жылы телестудияға М.К. Барманқұловтың есімі берілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Телерадиокешені – бұл бірегей кешен, мұнда қазіргі кезде М.К. Барманқұлов атындағы телестудия, «Әл-Фараби» теле-радиоарнасы және фотостудия қызмет етеді. Ол заманға сай техникалық құралдармен жабдықталған және университеттің кампусы аумағында өзінің эфирлік

тарату желісі бар, әрі журналистика саласындағы студенттер үшін жақсы оқу-өндірістік база саналады.

Телерадиокешен университеттің ғылым-білімі мен инновациялық қызметін, студенттік өмірдің қызықты сәттерін әңгімелейтін жаңалықтарды күнделікті таратып отырады. Тұрақты түрде еліміздің айтулы тұлғаларымен кездесулер және республикалық телеарналар мен баспасөздің танымал практик-журналистерінің мастер-кластары ұйымдастырылып тұрады.

«Әл-Фараби» телеарнасының эфирінде мынадай бүгінде студенттік бағдарламалар: «Асыл домбыра», «Show news», «Клип-бәйге», «Телезертхана», «ҚазҰУ-life», «Өнегелі өмір», «ҚазҰУ музейлері» және т.б. шығып тұрады.

Телерадиокешен жұмысы масс-медиа үшін біліктілігі жоғары мамандарды оқытуда, студент жастарды тәрбиелеуде, ұрпақтар сабақтастығы мен отандық телерадиожурналистиканың үздік дәстүрлерін сақтауда маңызды орын алады.

«Әл-Фараби» телеарнасы – бұл қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар тарататын ақпараттық-білім беру, мәдени-танымдық және ғылыми-көпшілік арна.

Телеарнаның аудиториясы – университет қызметкерлері, оқытушылар, студенттер мен интернет қолданушылар.

«Әл-Фараби» телеарнасы оқу орнының ғылыми-білім беру және мәдени өмірін насихаттауға қатысып, университетте және оның сыртында өтетін түрлі шараларды бейнетүсіріліммен қамтамасыз етеді.

Бағдарламалары университеттің оқу корпустары мен студенттер үйлерінде (жатақхана), спорткешенінде, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында IP-желісі арқылы және www.youtube.com – «Alfarabi TV» бейнехостингі арқылы таралады.

«Alfarabi TV» өзінің төл өнімдерімен қатар, серіктестері ұсынған бағдарламаларды да таратады.

Студенттік радионың алғашқы «Зерде» хабары отандық негізгі радиохабар таратушы желі – Қазақ радиосының эфирінде шықты. 1993 жылы студияда құрылымдық өзгерістер болып, «Сана» радиосы деп аталды. Ал, 2010 жылдың 14 қазанынан эфирге «Әл-Фараби» студенттер радиосы ретінде шығып келеді.

«Әл-Фараби» радиосы – бұл, қазақ, орыс және ағылшын тілінде хабар таратын ақпараттық-танымдық, мәдени-білім беру және сауықтық жастар радиосы.

Радиостудияның аудиториясы – университет қызметкерлері, оқытушылар, студенттер мен интернет қолданушылар.

2016 жылдан бері «Al-Farabi FM» радиотыңдаушылардың қызығушылығын тудырған ғылым мен білім беру, жаңалықтар, ақпараттық-сауықтық, ғылыми-көпшілік және білім беру хабарларын әуе толқынына онлайн түрде шығарып келеді.

Радионың қызметі студенттердің журналистика саласында алған білімдерін тәжірибеде қолданып, жастар арасында шығармашылық ортаны қалыптастыруға, ҚазҰУ-дағы студенттер мен оқытушылардың өмірі жайлы ақпараттарды, ғылым мен білімді, мәдени құндылықтарды, салауатты өмір салтын насихаттауды арттыруға өз септігін тигізетін болады.

Фотостудия 1972 жылы телевизия және радиожурналистика кафедрасы құрылған сәттен бері қызмет атқарып келеді. 2015 жылдан бері «Әл-Фараби» фотостудиясы ретінде жұмыс атқарады.

Фотостудия университеттік және халықаралық ғылыми-білім беру және ҚазҰУ мен оның сыртындағы мәдени-көпшілік шараларға фототүсірілім жасайды, корпоративтік БАҚ-ты (kaznu.kz сайты, «Қазақ Университеті» газеті, ғылыми-көпшілік журналдар) фотоөнімдермен қамтамасыз етеді.

Фотостудия Журналистика факультетінің студенттері үшін өндірістік тәжірибеден өтетін базасы саналады әрі шеберлік сыныптары мен түрлі тақырыптағы фотокөрме мен фотоөнерге үйрететін семинарларды ұйымдастырады.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Телерадиокешені төмендегідей серіктестермен бірлесіп жұмыс атқарады: «Қазақ Университеті» баспа үйі, «Қазақ Университеті» университет газеті, «Сұңқар» әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мен магистранттарының кәсіподағы. Сондақ-ақ, «Қазмедиа орталығымен» тығыз байланыстар жүргізілуде. Бұл Қазақстандағы барлық ұлттық медианың сапалы хабар таратуын қамтамасыз етуге арналған бірыңғай технологиялық ақпараттық ортамен байланыстарды әлі де нығайту керекпіз.

Студенттік телерадиокешен жұмысын ілгерлету – студент жастардың ақпарат әлеміне нық қадаммен, мол тәжірибемен сенімді маман болуына көмектеседі.

Жақсылықбаева Р.С.,
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті

«XX ҒАСЫР КӨСЕМСӨЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

«XX ғасыр көсемсөз шығармашылық шеберханасы» пәні журналистика факультетінің бакалавриат бөлімінің 2-курсына 4-семестрде оқытылады.

«XX ғасыр көсемсөз шығармашылық шеберханасы» пәнінде қазақ баспасөзінің дамуына еңбек сіңірген көрнекті публицист-журналистердің шығармашылығындағы шеберлік пен тәжірибеге талғам мен таразы тұрғысынан жан-жақты баға беріледі.

Курсты оқыту барысында:

– әрбір студентке журналистік шеберліктің қыр-сырын ұғындыруға;

– журналистің кәсіби шеберлігіне қатысты біліктілікке үйретуге;

– қазіргі баспасөздегі публицистикалық туындыларға бағамды пікір білдіру, таразылауға;

– журналистің тақырып қоюдағы шеберлігін айқындауға;

– қазақ баспасөзі жарияланымдарының тақырыптық ерекшеліктерін бақылауға;

– жеке публицистер шығармашылығын тереңінен зерттей отырып, теориялық білімдерін тәжірибеде ұштастыра алуға машықтау.

Пәнді оқып-үйренудің негізінде студенттер мыналарды білуге тиіс:

– журналист шеберлігіне қойылатын талаптарды ажырата білуге;

– қазіргі жаһандану дәуіріндегі БАҚ-тың атқарып отырған рөлін айқындауға;

– кешегі және бүгінгі қазақ журналистика тарландарының шеберлік шыңдарына барлау жасай отырып, тәрбиелік қырларын аша түсуге;

– кішігірім хабардан бастап, проблемалық мақалаға дейін өте сауатты жаза білуге;

– қазақ газеттерінің пішіндік, мазмұндық сипатын, бүгінгі оқырман талғамындағы сұраныс деңгейін сараптай білуге;

– фактіге айырықша назар аудара отырып, газет бетіндегі журналистік зерттеулерді зерделеуі қажет.

Жалпы құзырет: талантты да талғамды журналистердің шығармашылық қолтаңбасы мен шеберханасын барлау, кәсіби шығармашылық әдістерін меңгеру.

– Қажетті ақпарат көздермен жұмыс істеу, түрлі әдістер қолдану.

– Құралдық: баспасөзде жарияланған журналистердің публицистикалық туындыларын жанрлық тұрғыда саралау; басылымдардағы журналистің өзекті тақырыптарының жазылу ерекшеліктеріне назар аудару; студенттерге журналистік жауапкершілікті сезіндіре отырып,

– Тұлғааралық: болашақ шыңдалу мектебі газет редакцияларының жұмыс тәртібі мен газетке материал даярлау жолдарын ұғындыру. Шеберліктің шығармашылық қыр-сырын оқыту.

– Білу: қазақ журналистерінің шеберлік мектебінің қалыптасуына негіз болған критерийлерді айқындауға үйрету.

– Иелену: журналистің шығармашылық табиғатындағы өзіндік шығармашылық байланысты айқындау.

Пәннің мақсаттары мен міндеттері:

– журналистің шығармашылық табиғатындағы өзіндік шығармашылық байланысты талдау;

– қазақ журналистерінің шеберлікке жету жолдарын;

– кәсіби шығармашылық әдістерін меңгеру, шеберліктің шығармашылық екендігін түсіну,

– талантты да талғамды журналистердің шығармашылық қолтаңбасы мен шеберханасын;

– баспасөзде жарияланған журналистердің публицистикалық туындыларын жанрлық тұрғыда саралау;

– басылымдардағы журналистің өзекті тақырыптарының жазылу ерекшеліктеріне назар аудару;

– журналист шеберлігіне қойылатын талаптарды ажырата білу;

– қазіргі жаһандану дәуіріндегі БАҚ-тың атқарып отырған ролін айқындай білу;

– бүгінгі ақпараттың ұлттық шеңбері мен мемлекеттік бақылау көздерін бағамдау;

– кешегі және бүгінгі қазақ журналистика тарландарының шеберлік шыңдарына барлау жасай отырып, тәрбиелік қырларын аша түсуге;

– қазақ журналистерінің шеберлік мектебінің қалыптасуына негіз болған критерийлерді айқындауға үйрету.

– кешегі Кеңес Одағы кезеңіндегі журналистика мәселелері мен бүгінгі журналистиканың өзекті, ауқымды салаларын таратып айтуға дағдыландырып, ұғындыру мақсаты көзделеді.

Оқытудың әдісі – лекцияның құрылымы, логикасы, жоспары, әдебиеттер, қосымшалар, жаңа терминдер, дәлелділігі мен дәйектілігі, негізгі ойлар мен қорытындылар, оларды ажырата білу, көрнекілік құралдар, жекеленген жазбалар, тірек конспектілерді қолдану.

Лекцияның сапасын бағалау.

Сабақ сапасының жаңа өлшемі, сабаққа қойылатын дидактикалық талап, немесе жаңа сабақ проблемасы мынадай шаралар жүргізу арқылы шешіледі:

1. Сабақтың мақсатының айқын болуы.
2. Сабақтың көрнектілігін арттыру, техникалық құралдарды мүмкіндігінше пайдалана білу.
4. Сабақта өтілетін негізгі тақырыпты, өмірмен, күнделікті жаңалықтармен байланыстыра білу.
5. Дәрісте білім берумен бірге, тәрбие берерлік міндеттерді шеше білу.

Оқыту процесіне ықпал ететін психологиялық факторлар:

1. Оқыту және қабылдау.
2. Дағдылануға үйрету.
3. Ойлау әрекетіне дағдыландыру және үйрету.
4. Ойлау әрекеттеріне дағдыландыру жолдары.
5. Оқу іс-әрекеттеріне ықпал етуші факторлар.
6. Зейін аудару және бекіту. Білім алу іс-әрекетін ұйымдастыру.

Лабораториялық дәрістер студенттердің білімдерді, іскерліктерді және дағдыларды меңгеруге бағытталған тәжірибелік іс-әрекетті білдіреді. Журналистік шеберлікті оқытуда келесі тәжірибелік әдістер кіреді:

– лабораториялық жұмыс;

– психологиялық тапсырмаларды шешу;

– топтық пікірталас;

– дебат /пікір - талас/

– сұрақ - жауап /ситуация туғызу, шешу жолын айту, нақты дәлелдер келтіру/

Бұл әдістер оқу мақсатына байланысты түрліше қолданылады.

Лабораториялық жұмыс психологиялық эксперименттің моделі ретінде: 1) студенттерге белгілі бір психологиялық заңдылықтарды көрсету үшін немесе психологиялық эксперимент әдістемесін меңгерту үшін жүргізіледі.

Психологиялық тапсырмаларды шешу теориялық білімді бекітуге немесе осы білімді практикалық тапсырмаларды шешуде қолдануға бағытталған болуы мүмкін.

Зерттеушілік әдіс студенттердің білімді шығармашылықпен қолдануын көздейді. Осы кезде оларда өз бетінше ғылыми зерттеушілік жұмыс тәжірибесі қалыптасады.

Дәріс барысында қатты мән беретін жайт студент лекцияны тыңдап отыр ма, жоқ әлде жай ғана бақылап, немесе басқа ойда отыр ма, осыған аса назар аударамыз. Бұл дағдыны барлық дәрісте қолданамыз. Өйткені, мұқият сезініп, дұрыс қабылдаған студенттен лабораториялық дәрісте дұрыс жауап алынады.

Ойлау – бұл сыртқы дүниедегі құбылыстар мен процестердің жоғары жүйке жүйесінде толық түрде бейнеленуі. Зейін – бұл психикалық іс-әрекеттің бағытталуы мен шоғырлануы. Лекция сабағында студенттерге көбірек ақпарат беруге тырысамыз. Аз уақытта қарап шығып, игеретін материалдарды берген дұрыс. Сондықтан, оқыту барысында газет-журнал қиындыларынан үзінді материалдарды көбірек қолдануға тырысамыз. Студенттердің қабылдауы әртүрлі болғандықтан, дәрісде оқытушының сөйлеу мәнері де, дауыс ырғағы да маңызды рөл атқарады.

Кабылгазина К.,
журналистика факультетінің профессоры

БАЛА БОЛМЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Балалар бағдарламалары негізінде тәрбиелік қызметті жүзеге асырады. Бағдарламалар бала мен қоғам арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Балаларға арналған бағдарламалардың тәрбиелік қызметінің қаншалықты дұрыс жүргізілгендігін анықтайтын негізгі белгілері мыналар: а) бағдарламада берілген ақпараттың толық, толыққанды қабылдануы үшін қолжетімді әрі түсінікті болуы; ә)бағдарламаға қызығушылығын арттыру тәсілдерінің қолданылуы; б) бағдарламаның құрылуына белсенді түрде қатысуы керек; в) бағдарлама педагогтік ұстанымға сай болуы керек.

Бұл ретте Э.Г.Багиров ұсынған бағдарламалар типологиясына жүгінген орынды . Ғалым бағдарламалардың классификациясын оның функционалды құрылымына байланысты жасақтаған, ал диференциация негізі бағдарламалардың қызметтік бағыты болды. Бұл классификацияда Э.Г. Багиров бағдарламаларды былай бөлген: ақпараттық-публицистикалық бағдарламалар. Олардың мақсаты қоршаған орта туралы мағлұмат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру, әлеуметтік, саяси, өндірістік және басқа да мәселелердің шешімін табуға әсер ету. Ғылыми-танымдық бағдарламалар. Олар балалардың ғылым, білім, өнер, техника саласындағы танымдық қажеттілігін қанағаттандырады, дүниетанымының кеңеюіне әсер етеді. Ғылыми-танымдық бағдарламаларға дәріс беретін бағдарламаларды да жатқызуға болады, себебі, олар қоғамдық ортада жинақталған білімді таратады. Бірақ айырмашылығы ғылыми-танымдық бағдарламалар рекреативті функцияны алдыңғы орынға қойса, арнайы оқытуға, білім беруге маманданған бағдарламалар үшін көңіл көтеру функциясы кейінге ысырылады. Көркемфильмдер мен өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беретін бағдарламалар. Эмоционалды қуат беретін, демалуға мүмкіндік бере отырып, көңіл көтеретін бағдарламалар [1]. Құрылымдарының күрделілігіне қарай әр түрлі деңгейлерге бөлінгенімен балаларға арналған бағдарламалар түгелдей дерлік «Көңіл көтере отырып,

үйрету керек» деген принципті ұстанады. Сонымен қатар, әр түрлі функцияларды атқаратынына қарамастан балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалардың бәріне ортақ бір нәрсе, олардың барлығы ойын түрінде ұйымдастырылады.

Телевизия басқа бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда біршама ауқымды аудиторияны қамтиды. Балаларға арналған телеарналардың айырмашылығы мақсатты аудитория сұраны-сының ерекшелігінде. Балалар телеарнасы ең алдымен мәдени-ағарту, білім беру және көңіл көтеру қызметтерін атқарады. Себебі, теледидар хабарлары қашанда тартымдылығы, жеңілдігі, мәтіндерінің әртүрлі сюжеттермен, әуендермен үйлесіп берілуі арқылы балалардың қызығушылығын оятып, өмірді жан-жақты қырынан көруге мүмкіндік береді. Тіпті, баланың басында болу болмауы неғайбыл оқиғалардан да сабақ алуға үйретеді. Ескеретін мәселе: тек хабар таратуға ғана жауапты телевизия белгілі бір ақпаратты бере отырып, көрерменіне таңдау ұсынады. Яғни, бала өзінің моральдік ұстанымдарына байланысты одан бас тартуы мүмкін немесе моральдық тұрғыдан орынды деп танып, қабылдауы мүмкін. Сондықтан, оқушыларды ақпарат құралдары ұсынатын бағдарламаларды талғаммен көруге үйрету керек. Психологтар баланың психологиялық және физиологиялық тұрғыда зиян шекпеуі үшін мына жайттарды есте ұстауға кеңес береді: 3 жасқа дейінгі балаларды экран алдына мүлде жақын-датпаған дұрыс; 5-6 жастағы балалар теледидар алдында тәулігіне жарты сағаттан артық отырмауы тиіс; бастауыш сынып оқушылары аптасына екі үш мәрте 1-1,5 сағат отырса жеткілікті екен. Балаларға арналған мультфильмдер мен фильдерді алдымен ересектердің өзі тамашалуы керек.Себебі, кейбір өнімдер жарқ-жұрқ етіп көзді қызықтыратын арнайы эффектілер арқылы баланы өзіне тәуелді етеді; виртуалды кеңістік пен шынайы өмірді ажырату қабілеті 12 жастан кейін ғана толық қалыптасады. Сондықтан осы жасқа дейінгі баланы ешқашан теледидар мен компьютердің алдында жалғыз қалдыруға болмайды. Бірақ, күнделікті өмірде көптеген отбасыларда күнұзақ теледидар қосулы тұрады, ал кейде тіпті ата-ана үйде болмағандықтан балалар жалғызсырамас үшін теледидар алдында бар уақытын өткізеді. Балаларды теледидарға жолатпай, байлап ұстау мүмкін емес. Оған қоса қалалық жерлерде балалар еркін ойнайтын, қауіпсіз алаңдар да жоқ. Сондықтан ата-ана үшін баланың тыныш

қана теледидар алдында отырғаны тиімдірек. Бірақ «көк жәшікте» көрсетілген ақпараттың баласының психологиясына кері әсері тие ме деп алаңдаушылық білдірген ата-аналар кейбір бағдарламаларға көңілдері толмайтындықтарын айтып жатады. Көрерменге сапалы өнім ұсыну үшін алдымен телевизияның бала психологиясына қаншалықты әсер ететіндігін зерттеп білу қажет. Бұл мәселеге қатысты зерттеу жүргізген бірқатар ғалымдарды атап өтуге болады. Олар: Л. Мастерман, К. Метц, Ж. Гонне, Э. Харт, О. Баранов, С. Пензин, Л. Баженова, А. Шариков және т.б. Өкінішке қарай, отандық әлеуметтанушылар мен психолог-тардың «Теледидар және жасөспірімдер» (авт.А. Байшүкірова), «Балалар ерте есейгісі келмейді» (авт. Ж. Сәрсенов), «Теледидардың бала психикасына және тәрбиесіне кері әсері» (авт. Құсайынов А.) [2] т.б. сияқты бірқатар зерттеу мақалаларын есептемегенде, бала психологиясына телевизияның әсері жайында жазылған бірде бір оқулығы жоқ. Сондықтан, қандай да бір ғылыми дәлелдеме ұсыну үшін шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйенуге тура келеді. Д. Лемиштің «Жертвы экрана. Влияние телевидения на развитие детей» [3] атты кітабында телевизияның балалар мінез-құлығы мен жүріс-тұрысына әсері, олардың телевизиялық кейіпкерлерді шынайы қабылдауы мен олардан үлгі алуына қатысты жүргізілген сынақтар нәтижесінде қорытынды шығарады. Лемиштің айтуынша, телевизияның пайдасы мен зиянын есептемес бұрын өзімізбен қатар өмір сүріп жатқан баланың әлеуметтік өміріне үңіліп көру керек. Ол күн сайын қандай мамандық иелерін, қандай өмірлік ұстанымдағы адамдарды көреді? Әрине, көбіне балалар отбасы мүшелерімен, мұғалімдер, сатушылар, дәрігерлер, автобус және такси жүргізушілерімен одан бөлек әртүрлі жағдайларға байланысты тағы басқа қандай да бір мамандық иелерімен байланыс орнатуы мүмкін. Алайда, ересектер әлеміндегі көптеген мамандықтар туралы олар тек теледидар арқылы ғана біле алады. Мысалы, заңгерлер, құқық қорғау орындарының қызметкерлері, медицина қызметкерлері, танымал даңқты адамдар, қылмыскерлер және студенттер туралы ақпарат алып түсініктері қалыптасады. Содан кейін бала өзін олармен салыстыра бастайды, түрлі сұрақтарға жауап іздейді, қызығушылығы оянады. Мысалы: «Мен дәл осылар сияқтымын ба, әлде өзгешемін бе? Менің солар сияқты болғым келе ме? Олар жақсы ма әлде жаман ба? Мен қандай

болуым керек?» дегендей сұрақтарға жауап іздей отырып, бала өзінің қоғамдағы орынын анықтайды. Телевизия – өнегелі білімнің негізгі көзі, себебі адамдардың болмысына қатысты көптеген мысалдарды назарымызға ұсынады. Ал телевизиялық кейіпкерлерді, олардың іс-әрекетін бағалауы балалардың түсініктанымының дамуына негіз болады. Сәби күнінен бастап ата-анасына еліктеп, үлкендерді үлгі тұтып өсетіндіктен балалар үшін кез-келген кейіпкерге қатысты өз ортасындағы адамдардың көзқарасын білу маңызды. Сондықтан олар көбіне әлемді «жақсы» және «жаман» деп екіге бөліп алуға ұмтылады. Сонымен қатар, кішкентай бүлдіршіндер кейіпкерге мінездеме берген кезде көбіне оның сырт пішініне ерекше назар аударады да, түр әлпеті ұсқынсыз адамдарды жаман деп қабылдайды. Ал шамамен жеті-сегіз жастан асқан балалардың өзіндік пікірлері қалыптаса бастайды да қандай да бір әрекетке себебіне байланысты әртүрлі баға беруі мүмкін. Мысалы, егер телевизиялық кейіпкер біреуге көмек көрсету мақсатында өтірік айтса «жақсы», ал арам пиғылмен дәл осы әрекетті жасаса «жаман» деп бағалайды. Осы тұста «неге біз баланың телевизиялық кейіпкерді қалай қабылдайтындығына тереңірек үңілуіміз керек?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, телевизиялық кейіпкерлер – идентификация нысаны, яғни үлгі тұтып, бас иетін тұлға. Екіншіден, телевизиялық кейіпкерлер жеткіншектер еліктейтін жүріс-тұрыс үлгісін қалыптастыруға қызмет етеді. Бүлдіршіндер қандай да бір телевизиялық кейіпкерге ұқсағысы келеді, оның әрекеттерін қайталайды. Өз бойынан сол кейіпкерге тән қасиеттерді көріп, ұқсастықты байқайды. Тіпті, кейде балалар идентификация нысанымен орын ауыстырып, бағдарламаны көру барысында қаһарманның басынан өткерген қызықтарын өзі жасап жатқандай сезінуі мүмкін. Соныктан, бағдарлама кейіпкерлерінің бойында жағымды қасиеттер мейлінше көп болуы керек. Балалар еліктейтін қаһармандар жауыздықтан гөрі мейірімділікке бейім, жақсылыққа құмар, сыпайылық пен кішіпейілдікке баулып, үлкенді сыйлап, кішіге көмек қолын созатын достықты, татулықты насихаттаушылар болуы тиіс. Десек те, бүгінгі күні экранда көрсетілетін материалдар мазмұнына қарай басымдыққа ие болып отырған жауыздық пен агрессиялық мінез-құлық – балалар мен телевизияның арақатынасындағы ең өзекті әрі кең таралған проблема. Яғни,

теледидардан көргенін өмірде қайталауға бейім балалар телевизиялық қаһармандардың зұлымдық әрекеттерін де үйреніп алып, қаз қалпында қайталайды екен. Мысалы, БАҚ таратқан ақпаратқа сүйенсек Израильде жеті жасар бала: «Суперменнің қалай ұшатынын қараңдар!» – деп айғай сала терезеден секіріп, омыртқасын сындырса, Норвегияда бес жасар қызды теле-сериалдан көргендерін қайталаған достары мазақтап қорлайды. Осыған ұқсас мысалдар өз елімізде де орын алып жатады. Көптеген коммерциялық телеарналарда зорлық-зомбылық көріністері басым екеніне дауымыз жоқ. Телевизиядағы озбыр-лық әсерлі көрінеді, әрі тілдік және мәдени айырмашылықтарға қарамастан, бәріне бірдей түсінікті болады. Сондықтан, телевизиялық сенсациялық өнімдер жаһандық нарықта өтімді болып отыр. Шетелдік телеарналарды есептемегенде отандық арналарымыздың басым көпшілігі көрерменіне осы «өтімді тауарды» ұсынуға құмар. Күннен күнге сенсацияға ұмтылған телеарналарда жан түршігерлік оқиғаларды ашық көрсететін кадрлар беріліп жатады. Бұл көптеген шетелдік арналардағыдай әдетке айналып барады. Ғалымдар дәлелдегендей, мұндай қатыгездікті үнемі көріп үйренген көрермен оны сезінбейтін болып алады.

Экран алдында балалар отырғанда эфирдің қылмысқа бет бұруы, зорлық-зомбылықтың басты кейіпкерлерге айналуы, ашық сексуалды көріністерді көрсетуі біздің өмірімізде орын алуы әбден мүмкін жағдай болып қалды. Егер кәмелетке толмаған балаңыз экраннан үнемі қылмыстық істерді бүге-шігесіне дейін, тіпті практикалық нұсқауларымен қоса дерлік көретін болса, оны шынайы өмірде қайталамасына ешкім кепілдік бермейді. «Телерадиохабар тарату туралы» заң жобасы Заң жобасының 23-бабына [4] сәйкес, шетелдік телеарналар мен радиоларда отандық авторлардың туындылары 2015 жылдың 1 қаңтарында 50 пайызын құрауы тиіс. Сонымен қатар телеарналарда шетелдік өнімдерді қазақшаға аудару экран астындағы жүгіртпе жол арқылы емес, дыбыс негізде, яғни дубляж жасау арқылы жүзеге асырылу шарт.Заң жобасында қанау, ұрып-соғу, атыс-шабыс және анайы ақпараттар ықпалынан балалар мен жасөспірімдерді қорғау мақсатында мұндай теле және радиобағдарламаларды тек сағат 22.00 мен 07.00 арасында ғана беруге рұқсат етілетіндігі айтылған. Ал күндізгі уақыттарда

берілетін шетелдік өнімдерде жоғарыда аталғандай көріністер мен ақпараттар болса, телерадиохабар тарату операторлары оларды қиып тастауы шарт. Ел болып балалардың болашағына атсалысу - өмірдің өзі алға қойып отырған маңызды міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Э.Г.Багиров kafedramk.ru/content/*
2. *www.webirbis.ksu.kz/*
3. *Д. Лемиш https://books.ru/author/lemish*
4. *«Телерадиохабар тарату туралы» заң жобасы - adilet.zan.kz/*

Әлімжанова А.Б.,
журналистика факультетінің аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНТЕРНЕТ САЙТТАР: КОНТЕНТ ЖӘНЕ САРАПТАМА

(Baq.kz, El.kz, Szh.kz сайттары негізінде)

Қазақстандық интернет пайдаланушылардың арасында өзге сайттардан біраз ерекшеленетін baq.kz, el.kz, szh.kz сайттары. Олардың ерекшелігі тек мультимедиалық контентінде емес, олар жеке дара қайталанбайтын жобалар. Мысалы, baq.kz еліміздің және жаһанның жаңалықтарын таратумен қатар, барлық қазақстандық БАҚ-ты біріктіріп, тізімін бір порталда ұсынады. Қажетті БАҚ-ты таңдаған соң сілтемеден өту жеткілікті, сол БАҚ-тың парақшасына өтуге болады. Бұл конвергентті журналистиканың бір көрінісі. Порталдың ресми парақшасындағы ақпарат бойынша, «BAQ.KZ-те еліміздің қазақ тіліндегі 91 газет, 14 журнал сайттары және 301 электронды БАҚ сайттарына сілтемелер топтастырылған, сондай-ақ портал қолданушылары 6 радио мен 15 телеарнаны онлайн жүйесінде пайдалана алады». Порталда кез-келген ақпарат табуға болады пайдалы кеңестер мен жаңалықтардан бастап, әдебиет пен мәдениет салаларына дейін ақпараттың үлкен көлемі қамтылған. Негізінен, baq.kz 2010 жылдың қараша айында қазақ тілді контентті дамыту, медиа кеңістіктегі қазақ тілді БАҚ ықпалын арттыру мақсатында құрылған. «Қазконтент» Акционерлік Қоғамының ірі жобасы. Тілге байланысты, сайттың ең басты ерекшелігі оның тек қазақ

тілінде ақпарат таратуы және латын, төте жазуларындағы нұсқаларының болуы [1].

The situation persisted and to the moment of the disintegration of the USSR, as a result of the policy of Russification, the aggregate number of Russian speakers in Kazakhstan exceeded the number of the title population. Moreover, although after 1989 Russian language lost its state status, it retained the status of the language of international communication, since several generations of people brought up, who have grown up in the Russian-speaking educational system.

25 years have passed since the disintegration of the Soviet Union happened and Kazakhstan acquired the sovereignty. Today the

Government of the Republic of Kazakhstan pays much attention to raising the status of Kazakh language among Kazakhstani people: the number of educational institutions with Kazakh language of instruction is growing. Knowledge of Kazakh language is one of the criteria for recruitment in the state organizations, all workflow is translated into Kazakh language, but it is permissible to maintain documentation in parallel in Russian.

Also according to part 3 of Article 7 of the Constitution - the basic law of the Republic of Kazakhstan, the state shall promote conditions for the study and development of the languages of the people of Kazakhstan ("The Constitution of the Republic of Kazakhstan," 1995). Besides schools in Kazakh and Russian languages of instruction, there are schools in Uighur, Korean, Uzbek, Turkish, etc. languages of instruction. Furthermore, Kazakhstani schoolchildren are gradually moving to a trilingual system of education, studying in parallel Kazakh, Russian and English at school.

The process of creating polylingual groups has been started in universities, that is, the training will be conducted in three languages, which a student chooses: Kazakh, Russian, English, French, German, Chinese, Korean, etc. The purpose of such system is to release in-demand specialists among employers, who will be able to find employment not only in domestic companies, but also foreign.

The great importance is attached to the geopolitical position of Kazakhstan, which borders besides Russia, with such a large and rapidly developing state as the Republic of China. Therefore, studying Chinese language is gaining popularity. China is one of the largest partners and investors of Kazakhstan, more Kazakh students leave to pursue higher education in China.

Thus, a unique situation in the sphere of languages is formed in Kazakhstan: Kazakh language has the status of a state language, Russian is officially the language of interethnic communication, increasing importance is attached to English language as the language of international communication. At the same time, the citizens are given the right to learn other world languages of their choice.

Moreover, since representatives of different nationalities have been living next door to each other on the territory of Kazakhstan for already centuries, communicating in Kazakh or Russian languages has become free, and it is inevitable that one nation will mix with another. In Kazakhstan, people of different nationalities study together, work,

make friends and bind themselves in marriage. It unites people of different nationalities into a single nation. Therefore, it is correct to call a citizen of Kazakhstan not a Kazakh, but a Kazakhstani.

With all the diversity of languages, as I mentioned earlier, a special place in Kazakhstan, as in the whole world, is given to English language. The emergence of the Internet accelerated the process of globalization, turning the world, according to Marshall McLuhan into a "global village". It became possible to have instant communication and instantaneous transmission of any number of various messages from anywhere in the world into any other, and joint activity on this basis has further strengthened the position of English language in the world space.

English takes the leading positions in all spheres of human life: from politics and business to science and culture. The world community now is connected to each other by one language, which is convenient and practical, but at the same time, makes people dependent on each other to some extent.

Moreover, I would like to say that, in my opinion, due to its worldwide demand, English language begins to lose its uniqueness and individuality, if we consider it as a separate entity.

I will give several arguments in support of my thesis. When studying English besides educational material, we additionally read books, watch movies and listen to music. As a result, English language penetrates into our native language, that when we talk, we involuntarily use the spread English words, but already adapting it to our language, adding prefixes, suffixes and endings of our native language. We borrow lexis, adapting the original to the forms of the native language. As a result, a distorted original of a certain English word is fastened in our native language. That is, the original language is spoilt, dissolving into another language. It loses its uniqueness. And this is the situation in almost all countries of the world in which English is a foreign language. That is, the main role of English language as a kind of cultural shield of its speakers, residents of the UK, is weakened significantly, as when foreigners master it, English language dissolves in other languages, partially losing its uniqueness, becoming a distorted global language of international communication, which makes British culture vulnerable.

I consider positive the fact that representatives of different countries, knowing English, have the opportunity to sit down at the

negotiating table and solve problems worrying the whole world, trying to avoid conflicts, misunderstandings and wars, which in turn lead to the death, suffering of innocent people, destruction of cities and causing serious damage to the environment. People unite all their forces and opportunities to save those in need. This is how exactly many organizations, which solve problems and conflicts all over the world, whether they are cultural, environmental, political, economic, health, educational defense problems. This is the United Nations Organization, UNESCO, the International Criminal Police Organization, the Red Cross, the Red Crescent.

Moreover, the UN has 6 official languages: English, French, Russian Spanish, Chinese and Arabic. This was made for more effective work of organization and interaction between countries.

Thus, for example, thanks to conventions, a person can protect their rights and freedom on a larger scale, if the state has signed and ratified an international treaty, when considering a disputable case, the local court will not rely on the Basic Law of the state, but namely on the convention. Since, if the Constitution treats one, and the convention another, the convention prevails between them. After all, an international treaty is a primacy over the Basic Law of the state, but only in case of signing and ratifying the convention on the territory of the state. The Basic Law of the Republic of Kazakhstan, Article 4, paragraph 3: "International treaties ratified by the Republic shall have priority over its laws and be directly implemented except in cases when the application of an international treaty shall require the promulgation of a law." (“The Constitution of the Republic of Kazakhstan,” 1995)

To sum up, I want to say that finding yourself in a foreign country, you become even more patriot of your country, seeking of it with all your heart, experiencing all the ups and down

References

1. *The Constitution of the Republic of Kazakhstan. (1995). According to parts 1 and 2 of Article 7. Retrieved from* http://www.akorda.kz/en/official_documents/constitution

2. *The Constitution of the Republic of Kazakhstan. (1995). Also according to part 3 of Article 7. Retrieved from* http://www.akorda.kz/en/official_documents/constitution

3. *The Constitution of the Republic of Kazakhstan. (1995). The Basic Law of the Republic of Kazakhstan. Retrieved from* http://www.akorda.kz/en/official_documents/constitution

Аманқос МЕКТЕП-ТЕГІ,
алаштанушы-ғалым

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ – ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ

Шашыла қонған киіз туырлықты шағын ауыл. Үй айналасында кермеге байланған бірен-саран ат пен өрістен қалған азын-аулақ қозы-лақ. Кейбір отау іргесінде дабырласқан қыз-бозбала, келіншектер киіз басып, ши тоқыған қайнаған қызу жұмыс үстінде. Бірсыпыра жерошақтың мұржасынан түтін будақтап, ет асылып, құрт қайнаған, май шайқап, талқан түйген үй шаруасындағы ақжаулықты жандардың кәдуілгі күйбің тірлігі. Аратұра жердің шаңын тұяғымен бұрқ еткізіп, ағыза желе-жортқан бірді-екілі салт аттыларды шабалана шәуілдеген ауыл иттері жабыла әудем жерге дейін шығарып салады. Мамыражай қоңыр күзге салым шақ. Бейқам елді ауылнайдың суыт хабары төбеден жай түскендей есеңгіретіп тастады.

– Ауылда қазақша оқытатын молда мен жасырын мектептің барынан пристав құлақтанып, дереу бұл іске қатысы барларға аяусыз жаза қолданып, абақтыға жапқызуға болысқа бұйрық беріпті. Осы мәселеге байланысты пристав пен болыс шұғыл ауылға аттанбақ екен, – дегенді ұзынқұлақтан естіп жүрттың дегбірі қашып, қатты дүрлігісті.

Түс әлетінде ауыл адамдары у-шудан оқшаулау мектеп орналасқан алты қанат боз үйдің алдына жиналды.

– Енді мектебімізді жауып, молданы алып кетеді екен деп қорқысты. Молданың кітәптарын қол жетпеске тықты. Өзін жай қыдырма қазақ деп айталық десті. Балалардың мойнында кітәп салатұн киіз кереқабы бар. Ауылдарына қайтып баратқанында шәкірт екенін болыс пен пристав көріп қалар деп балаларды үйулі сабан арасына жасырып тастады. Біраз бала сабан астында жатып, тұншығып баратқанда анда-саңда басымызды шығарып жан-жаққа қараймыз. “Дем алмаңыздар, дем алсаңыздар сабан желпілдеп, астында бала жатқанын біліп, орыс ұстап алады” деп үлкендері кішілерін қорқытады...

– Оқуға ынтық бала көңілінде мәңгі қалып қойған сол үрейлі оқиғаны Телжан ағартушы-ғалым ретінде танылған шағында еске алған еді. Оқу-білімге құштарлығы ерте есейтіп, қоғамдық

ортадағы құбылысты ой елегінен өткізген сайын оның рухани тынысы ашылған үстіне ашыла түсті.

Ұлыттық ақыл-ойымыздың сапалық дамуына үлес қосқан санаткерлер шоғыры арасынан сәулесі айырықша жарқыраған жарық жұлдыздарымыздың бірі – Телжан Шонанұлы*. XX ғасырдың басындағы тарихи өзгерістер тұсында қазақ ұлытының мәдени дамуына бойындағы бар күш-қайратын сарқа жұмсап, сан алуан тақырыпқа қалам тербеген асыл азамат – заманның ұйытқып соққан құйыны көз жаздырып, ұрпақ қаперінен лажсыз шығаруына мәжбүрлеген тағдыр-талайы отызыншы жылдардағы сұрапыл сойқанға ілікті. Жаратқан Ие оның бар болғаны 43 жыл ғана жарық дүниемен дидарласып, қазақ деген қалың елдің санатында жер басып жүруіне жазыпты. Сол қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырында ол әрбір жасына шаққанда бір-бір кітаптан келетін ғылымның сан қилы саласынан қадау-қадау, кесек-кесек ұлыттық ізашар зерттеу еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе сол дәуір үшін өте зәру ғылыми-танымдық әдебиеттер мен оқулықтар, оқыту бағдарламасы мен әдістемелік құралдар, тіл үйреткіш пен сауат ашқыштар, тіл білімі мен әдебиеттануға, аймақтану мен саяси экономияға, аударма қисыны мен тәжірибесіне, ұлыт мектебінің қалыптасуы мен тәрбиесіне, этнография мен қазақ жерінің отарлану тарихына арналған іргелі монографиялық зерттеулерін атап айтуға болады. Егер Телжанның тасқа басылған бұл еңбектерін заманындағы ұлыттық баспа өнімінің сандық өсім көрсеткіші деңгейімен салыстырар болсақ, оның рухани мәдениетіміздің дамуы мен өріс жаюына қаншалықты үлес қосқанын айқындау қиынға соқпайды.

“...Бұл мұқтаждықты өтеу үшін, кітәп басу жұмысын басқару үшін 1922 жылы “Қазағыстан мемлекет баспасы” деген ұйым ашылды...

Бұл күнде “Қазағыстан” баспа жұмысы аяққа тұрып, ат арқасына мінді...

Он жыл ішінде қазақша кітап басу жұмысы зымырап ілгерілегенін төменгі саннан көреміз:

---

* Телжанның тегі ресми құжаттар мен әдебиеттерде қазақша *-ұлы* қосымшасы арқылы да, *-ов* жалғауы арқылы да жазылғандығын ескертеміз – *А.Мектеп-тегі.*

1921 жылы – 3 кітәп – 7,500 дана
1922 жылы – 52 кітәп – 18,400 дана
1923 жылы – 49 кітәп – 15,045 дана
1924 жылы – 62 кітәп – 183,000 дана
1925 жылы – 46 кітәп – 408,000 дана
1926 жылы – 56 кітәп – 434,590 дана
1927 жылы – 49 кітәп – 420,400 дана
1928 жылы – 127 кітәп – 1, 054, 500 дана
1929 жылы – 179 кітәп – 1, 862, 730 дана

1930 жылы балалар мен үлкендер әліппелері ғана 550, 000 дана басылып шықты. 1921 жылы үш қана кітәп басылып, оның барлық саны 7, 500 болса, 1930 жылы бір әліппенің өзі 300, 000 бас басылды. Екі жылдық оқу құралы ғана 150, 000 басылып отыр. 1931 жылы тек үлкендер әліппесі ғана 600, 000 басылғалы отыр. Сүйтіп сан жағынан мұнан он жыл бұрынғы баспа жұмысымызды бұл күнгімен салыстыруға да келмейді. Екеуінің арасы жер мен көктей. Бұл он жыл ішінде тапқан олжамыз. Бұл бір жағынан баспа жұмысымыздың марқайып қалғанын көрсетсе, екінші жағынан жалпы мәдениетіміздің күшейгенін көрсетеді. Кітәп оқушыларымыздың молайғанын, еңбекшілердің білім алуға аңтарылғанын көрсетеді. Мектебіміздің, мәдениетіміздің, оқушыларымыздың молайып қалғаны сондай, неше миллион кітәп шығып жатса да, әлі кітәп жұтынан құтыла алмай келеміз...”[1], – деп шын көңілден Телжанның ақтарыла баяндауы көп жайды нақтылайды. Егер бұл есепке Телжан Шонанұлының баспадан жарық көрген қырықтан астам төл еңбектері де кіретінін ескерсек, оның ұлыттық рухани мәдениетіміздегі алар орны анықтала түсері даусыз.

Сондай-ақ, ол – мерзімді баспасөзде орыс, қазақ тілінде жүздеген көлемді-көлемді ғылыми теориялық және әдістемелік, қоғамдық өмірдің өте өзекті мәселелеріне үн қатқан көсемсөз мақалалар мен өмірбаяндық очерктер, сын пікірлер мен суреттемелер, аудармалар мен хабар-ошар жарияланымдардың авторы. Білгір ғалым, көсемсөзші қаламгер қарымының ұшқырлығы, қай тақырыпқа жазса да, қозғап отырған мәселесін жан-жақты індете зерделеу, байыбына жетіп, қанықтыра талдап-таразылау машығы шынайы хас шеберге тән қасиет. Бұл тұрғыда

[1] Телжан. Он жылдық баспа жұмысы. – “Жаңа мектеп”, 1930, №10.

Телжан Шонанұлы – қазақ журналистикасындағы өз алдына мектеп боларлық тұлға санатындағы дара құбылыс. Зерек жанның қолына қалам алып қазақтың ар-намысын қорғауға ат салысып, сөздің сиқырлы құдіретімен ұлыттың санасын тәрбиелеуге бел шешіп кірісуі тектілігінің белгісі. Өз заманының білімпазы ол жүрген ортасын оқу-өнердің нұрына бөлеп, шалғай жатқан ауыл-аймақтың бәріне газет-журнал, кітаптары арқылы үні жетіп, рухани байытып, жан дүниесін тамаша ләзатқа кенелтті. Ел аузынан тастамай аңыз қылған биік тұлғаның кезінде жазған-сызғаны, сөйлеген сөзі, киген киімі, жүрген-тұрғаны, қысқасы, бар болмыс-бітімі үлкен мәдениетті, этикалық-эстетикалық сұлулық әлемін әрбір пенденің жүрек түбіне шым-шымдап сіңіріп тұрды. Саяси тұрғыда Ресей федерациясының субъектісі ретінде танылған Қазақ автономиясының, яки ресми төл мемлекеттігінің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатаюына Телжан Шонанұлының қайраткерлік қарымы мен ұйымдастырушылық шалымы, ұстаздық ерендігі мен ғалымдық тереңдігі, күрескерлік табандылығы мен публицистік ұшқырлығының қосқан мол үлесі әлі талай еңбекке арқау болары күмәнсіз.

Телжан Шонанұлы 1894 жылы 7 желтоқсанда Торғай облысы, Ырғыз үйезі, Аманкөл болысы, 4 ауылда (кәзіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында) дүниеге келген. Жастайынан алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын бірбеткей Телжан сол жолда неге болса да аянбай, мойымай, көз майын, маңдай терін төгуге бейіл еңбекқор еді. Бұл қасиетін онымен араласқан замандастарының бәрі жақсы білді. Оның өскен ортасы Ырғыз өңірі, Ырғыз қаласы – кезінде қазақтың жақсысы мен жайсаңының бас қосатын кішігірім рухани кіндігі болған құтты мекен. Ырғыз топырағынан ел-жұртының ыстық ықыласына бөленген небір сайыпқыран ірі тұлғалар шықты. Арғы тарихты айтпағанда, Кеңес өкіметі орнаған әзірдегі Қазақстанның көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ҚКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Құлымбетов Ұзақбай Желдірбайұлы, мәдениет қайраткері, ғалым Тел Жаманмұрынұлы, үкімет мүшелері Жүргенов Темірбек, Алманов Бәймен. Соларға өкшелес, қанаттасып ғылыми-ағарту жолын қуған Телжан Шонанұлы шықты. Патшалық Ресейдің қазақ даласындағы капиталистік қатынастарды өркендетудің орталықтарының бірі Ырғызда шағын өндіріс кәсіпшілігі, сауда орындары, орыс-қазақ

балаларына арналған мектеп, ұлыттық сипаттағы қала мәдениеті дамыған болатын. Орыс, татар саудагерлері Ресейдің түкпір-түкпірінен әкелген тауарларын жергілікті мал шаруасымен айналысатын халықтың өнімдеріне басына-бас айырбас жасап отыратын. Бұл тауарлардың арасында күнделікті тұрмысқа қажетті заттармен қатар сұранысқа орай орыс, татар тілдеріндегі баспа өнімдері: газет, журнал, түрлі саладағы кітаптар, күнтізбелер де сатылатын. Осы арқылы көзі ашық, көңілі ояу жандар патшалы Ресейдің қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік өміріндегі жаңалық хабарларды оқып, біліп отыратын. Жаңалыққа жаны құмар Телжан 1908–1912 жылдары Ырғыздағы екі кластық орыс-қазақ мектебінен білім нәрін сусындауына мүмкіндігі туады. Қабілетті жастың осы мектеп қабырғасында жүргенде орыс тілін жетік меңгеріп алуының қолайлы сәті келді. Оған орыстың классик ақын-жазушылары А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.П. Чехов, Н.А. Крылов, Л.Н. Толстой, М.Е. Салтыков-Щедрин, В.Г. Белинский, Н.В. Гоголь, Н.Г. Чернышевский, Н.Д. Добролюбов, Д.И. Писарев, т.б. шығармаларын қызыға оқып, танысуына мектептегі ұстаздарының ықпалы зор болды. Орыстың классикалық әдебиетінің үлгілерін оқу Телжанның қиял қанатының алысқа самғауына әсер етті. Ол енді қолына түскенді оқи беруге әдеттенді. Осы жылдары оның қолына Санк-Петербургтан басылған Абайдың тұңғыш жыр жинағы түседі. Абайдың поэзиясы мен ғибратты қара сөздерін оқу оны ерекше бір сезімге бөлеп, рухани қанаттандырады. Мектеп жанындағы кітапханадан ол үнемі орыс, татар тіліндегі мерзімді баспасөзді бірде-бір санын жібермей, қадағалап танысып отыруды дағдысына айналдырады. Әсіресе оған Бахшасарайдан шығатын “Тәржіман”, Орынборда басылатын «Уақыт» газеттері мен «Шора» журналындағы төрүк халықтарына ортақ қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени мәселелерге байланысты көтерілген тосын да өткір пікірлердің ұлыттық сананы оятуға пәрмені мықты болғаны сөзсіз. Ресей патшалығына қараған төрүктекті ұлыстар арасында 1905 жылға дейін 22 жыл қатарынан жалғыздан-жалғыз жарық көрген Исмаилбек Ғаспірәлі редакторлық ететін «Тәржіман» (1883–1918 жылдар) газетінің абырой, даңқы аспандап тұрды. Бұл әрине газет цензоры мен арнайы бақылау орындарының құпия мәліметтерінен белгілі

болғандай едәуір әбігер тудырды. Империя жандармериясының жасырын әрекетімен 1885 жылы 9-шы шілде де «Тәржіман» газетінің баспаханасы өртке оранды. Редактор мен газет ұжымы қыруар шығынға батты. Сөйткенмен, дұшпаныныңгазет жұмысын тоқтатып, сағын сындырғысы келген дәмесінен ештеңе шықпады. Бұл жайсыз хабарды естіген бойда оқырман қауымның жер-жерден, тұс-тұстан «тілсіз жаудан» зардап шеккен Исмаилбек Ғаспірәлі басқарған «Тәржіман» газетіне моральдық және қаржылық қолдау жасаған көмегі Бахшасарайға лек-легімен ағылды. «Тәржіман» газетінің 1885 жылғы 18-ші қазандағы санында «аптасына екі мәрте жарық көретін газетіміздің өртенген баспаханасы жаңғырып, жаңаруына тілектестігін білдірген Қазан, Түмен, Орскі, Астрахан, Орынбор, Тифлис, Баку, Хвалынскі, Қасымов, Ырғыз, Ростов және басқа жерлерден келген хат-хабарларға бек ризашылық алғыс айтамыз»[2], – делінген. Демек, империяның шет аймақтарындағы саяси-рухани маңызды орталық болған соқталы-соқталы ірі қалалармен Ырғыздың иықтаса қатар аталуы ағартушылық дәстүр сабақтастығы үзілмегендігінің жарқын куәсі.

Татар басылымдарын оқыған сайын шәкірт ойын тербетіп, жігер-намысын қайрады. Ондай кезде ол шыдамсыздана дереу қолына қалам мен қағаз алып, жүрек түкпіріндегі сырын ақтарып салуға асығатын. Өз толғанысын көпшілік ортаға салып, пікір бөлісуге деген құштарлық Телжанның білім жолындағы сапарын жалғастырып, 1912 жылы Ырғыздағы екі кластық орыс-қазақ мектебін бітірген соң, ол Орынбордағы Қазақ (қырғыз) мұғалімдер институтына аттанады...

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлыт-азаттық дүмпудің шарпыған екпіні қаншалықты мықты болғаны тарихи мәліметтерден аян. Бірінші дүниежүзілік соғыста Ресейдің күші әлсіреп, жеңіліс таба бастауы майданның қара жұмысына шет аймақтағы қазақ елінен де 19-бен 31 жас аралығындағы жігіттерді қорғанысты бекітуге әскер қатарына алу туралы ақ патшаның “25 маусым жарлығы” отқа май құйғандай лап еткізді. Халықтық сипат алған алапат көтерілістің аяғы үкіметтің жазалаушы қарулы күшімен бетпе-бет қақтығысқа түсіп, аяусыз басып-жаныштады. Ел-жұрттың

[2] Керимов И.А. «Живая» история Гаспринского. По материалам газеты «Терджиман» 1883–1914 Симферополь. «Тарпан». 1999. Стр. 18–19.

шаруашылығы бүлініп, үй-жайы, қора-қопсысы өртке шалынды, мал-жаны шығынға ұшырап, басы ауған жағына, жан-жаққа үдере көшті. Сөйтіп, патша үкіметі қазаққа дегенін істетіп, соғыс майданының қара жұмысына әр облыстан арнайы жасақталған жігіттер пойыз эшолондарымен Ресей жеріне аттандырыла бастады. Мұның да сан қилы шешуі қиын түйіндері болды. Ең бастысы қазақ жігіттерінің орыс тілін білмеуі жат жерде үлкен қиындық тудырды. Білгенін айтып, керегін сұрау үшін жігіттер бейтаныс шет жұртта тіл білмеудің қырсығынан түрлі қиыншылықтарға душар болды. Сондықтан бұл мәселені шешудің жолын күллі халық болып ойлануға тура келді. Көпшілікті алаңдатқан осы жайға орай жер-жерден "Қазақ" газетінде сан алуан ұсыныс пікірлер жарияланып тұрды. Сондай өз ойын ортаға салған Қазандағы қазақ студенттерінен келген "Ашық хат" газет бетінде жарқ етті**.** Хатқа түскен сөздің тоқетері: "Жұмыс көптікі, көпке басшы керек, басшылық қылу атқа мінген, оқығандардың міндеті…"[3]. Жастар айналадағы болмыстың жөн-жосығына орай, жігіттерге дұрыс бағыт-бағдарын айқындап беруге жарайтын орыс тілін жатық білетін басшының керектігіне назар аудартады. Мерзімді баспасөздің кезекті санындағы бас мақалада студенттер жолдаған ұсыныстың ізін суытпай: "Олар осы жұмысшылар турасындағы қандай қызметке де болса, жұрт керек қылса, даярлығын білдіріп, бастарының билігін халыққа һәм халық басшысы ағаларына беріп отыр. Қазақта студент аз, жұмысшыларға керек қызмет көп. Олар бәріне жетіспейтіндерін білсе де, жеткенімізше бізді пайдаңа жарат дегені істейтін қызметінен де артық көңіл сүйінетін іс", – деп шын ризашылықпен қолдай отырып, "Осы мың басы мен отдел басы қызметіне, денсаулығы жараса, басқа жағынан жарар еді һәм барар еді деп сыртынан ұйғарған таныстарымыз мынау азаматтар: Есполов Мырзағазы, Әзірмәмбетов Әлмен, Шонанов Телжан, Үдербаев, Манасов Айдарбек, Қодаров Қарасай, Темірбеков, Әлімбеков, Баржақсин Ахмет, Жолдыбаев Молдағали, Байдәулетов Кәкімжан, Есмолдин, Боранқұлов, Жүндібаев, т.б. "[4], – дейді. Ел басына күн туған қиын сәтте қазақтың сенім артуға тұратын атпал азаматтарының есімдерін

---

[3] – «Қазақ» газеті, 1916 ж., №201, 8 октәбір.

[4] – «Қазақ» газеті, 1916 ж., №202, 22 октәбір.

атағанда Телжан үшінші болып тізімге ілікті. Бұл оның қоғамдық қызметке ерте араласып, рухани сақайғандығын, ел-жұртына ісімен танылғандығының айғағы.

Берденова К.А.,
№81 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БАҒЫТЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Әрбір сабақ шағын мәтін арқылы тыңдалып немесе қосымша логикалық сұраулар арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін анықтағыш материал: негізгі тірек сөздер, сөз тіркестері алдын ала түсіндірілуі керек. Берілетін мәтіндер күдігін білдіру, нақтылау, ұсыныс жасау, қарсылығын білдіру, хабарлау т.б. үлгілерде ұсынылса ұтымды болады. Мәтінді тыңдауда кідірістің (пауза) рөлі үлкен. Кідіріс дегеніміздің өзі тоқтату, тоқтау десек, негізгі сөйлемді не сөзді бөліңкіреп айту үшін логикалық паузаны пайдаланғанда осы сөзге ой екпіні түсіп, аздап кідіріс болады. Мәтін мазмұны осы логикалық кідіріс арқылы жүзеге асырылады. Берілетін мәтін таспадан 2 рет тыңдалып, үшініш кезекте оқушылыр жарыса қайталайды, төртінші кезекте қайта тыңдайды. Оқытушы бесінші кезекте мәтіннің кейіпкерлерінің сөзін әр оқушыға бөліп береді. Есінде қалған сөздерді айтқызып, соңынан дайын мәтінді береді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар болып табылады. Бұл заңдылықтар педагогика, психология және лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибелер мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдардан шығарылады. Егер нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді:

1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?);

2) мазмұны (нені оқыту керек?);

3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?);

4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?);

5) оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұқсастық мәселелері.

Әдістеменің міндеттері мыналар:

1) Бастауыш мектеп пен орта мектептегі қазақ тілі пәнінің мақсатын, ерекшелігін, мазмұны мен көлемін, құрылымын, бөліктерінің бір-бірімен ұштасуы мен бірізділігін анықтау, оқу материалын кластарға бөлу;

2) Оқытудың неғұрлым пайдалы, үнемді (мұғалім мен оқушының күшін, уақытын үнемдеу) және тиімді әдістері мен тәсілдерін (оқылатын материалдың ерекшеліктері мен оқушылар құрамының психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі жағдайда қолданылатын әдіс-тәсіл варианттарын) зерттеу және сипаттау;

3) Қазақ тілі пәнінен жүйесі нақты белгіленген білім көлемін (ғылым негізін) оқушылардың ойдағыдай игеру шарттары мен мәселелерді талдап, шешу яғни материалды дәл қабылдаудың, айқын түсінудің, оны практикада қолдана білудің шарттары туралы мәселелерді талдау.

Сонымен қазақ тілін оқыту әдістемесі – оның мазмұны мен принциптері, әдістері мен тәсілдері туралы және мектепте қазақ тілінен оқушыларға берілетін білім, білік, дағды мөлшерін белгілеп, оны игерудің жолдары, шарттары туралы ғылым [1,56-б.]

Қазақ тілін оқыту әдістемесін ғылымға айналдыруда көрнекті әдіскер ғалымдарымыздың еңбектерін айрықша атап өтуіміз қажет. Олар: Қажым Басымов, Әлішер Сәдуақасов, Ғали Бегалиев, Шамғали Сарыбаев, Сейіл Жиенбаев т.б. Бұлар қалдырған мұралар әдістеме дәрістерінің алтын қорына қосылған.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің курсының құрамына мыналар кіреді:

1. Қазақ тілін оқытудың жалпы мәселелері мен оның әдістемесі. Бұл бөлімде мектептегі қазақ тілі пәнінің мақсаттары мен міндеттері, мазмұны мен көлемі, қазақ тілі бағдарламалары мен оқулықтары, қазақ тілін оқыту әдістемесінің пән мұғалімдері

үшін маңызы баяндалады. әдістеменің теориялық негіздері, жалпы дидактикалық және әдістемелік принциптері, олардың қазақ тілін оқытуға қолданылуы, оқытудың әдістері, сабақ, оның құрылысы, түрлері т.б қамтылған.

2. Арнаулы бөлім. Мұнда қазақ тілі салаларын оқыту әдістемесі жеке-жеке тақырыптарға бөлініп, ортақ заңдылықтары баяндалады. Мектепте лексикадан берілетін білім көлемі, оқушылардың сөздігін байытуға бағытталған алуан түрлі жұмыстар, тіл ұстарту, сөздік жұмыстары, лексикалық талдаулар т.б. Сол сияқты грамматикалық әдістемесі, ол өз ішінде морфологиялық әдістемесі және синтаксистік әдістемесі болып бөлінеді де әр бөлімдегі тақырыптар тағы да әдістемелік тұрғыдан сараланады.

Тіл ғылымының үздіксіз дамуы нәтижесінде әдістеме де жетіліп, байып отырады.

Аудиомәтіңді тындап-түсінуге байланысты ерекше талап қойылады, себебі таспа арқылы тындалатын мәтіңді түсіну қиындық туғызады. Біз осы мәселеге қатысты қойылатын талапқа сай талдау жасайық:

1. Мәтінде берілетін лексикалық-грамматикалық материал минимумы.

Алғашқыда оқушыға таныс тілдік материалдарға құрылған мәтіндер тыңдалып, кейін таныс емес, адаптацияланбаған мәтіндерді тыңдау бірте-бірте сөздік қорын байытып, алдын-ала аңғаруға, болжам жасауға әсер етеді.

2. Мәтіннің құрылысы.

Тыңдап-түсінудегі табыс - көбіне мәтіннің құрылысына байланысты болады, себебі мәтінде берілетін негізгі ақпарат анық және нақты болуы керек. Тыңдалған реалды коммуникацияға құрылған мәтінді және оқушының жылдам түсінуге үйренуі үшін оқу материалдарын тыңдап-түсіну арқылы табиғи тілді еліктеумен жеткізуге лайықтауы қажет.

Видеоматериалдарды қазақ тілі сабағында пайдаланудың ерекшелігі оның сөйлеу жағдаятын көрнекіліктің көмегімен көрсету арқылы сөйлеуді түзету және дамыту тәсілі.

Тіл дамыту әрекетінде бейнетаспаны қолданудың ең озық әдістемесі;

- фонетикалық, лексикалық және грамматикалық материал-дарды кешенді қолдану;

– сөйлеу іс-әрекетінің түрлері өзара байланыстылықта қолданылғанда дағды мен біліктіліктің бірқалыпты қалыптасуына әрекет жасауы;

– оқу материалдарының дұрыс тандалуын ескерту;

– оқуға қызығушылығын арттыру және елтану білімін байыту жолдарын ескерту;

Оқушы қабылдауына жеңіл болу үшін сөйлемдер түрінде тұтас мәтін емес ондағы негізгі мазмұнды жүйелі түрде көрсететін, өзара тығыз байланыста болатын тірек ұғымдарды білдіретін сөздер ретімен орналастырылған кесте түрінде берілгені немесе мәтінмен жүргізілген жұмыстардан кейін өздерінің құрастырған кестелері арқылы ұсыну тиімді.

Оқыту процесін дұрыс ұйымдастырудың маңызы өте зор. Оқытудың мақсаты – білім мазмұнын меңгерту, ал оқыту әдісі осы мақсатқа жету тәсілі деуге болады. Бұл туралы И.Я.Лернер былай дейді: «Метод обучения – это система последовательных действий учителя, организующая познавательную и практическую деятельность учащихся, устойчиво ведущую к усвоению ими содержания образования» [2].

Алға қойылған мақсатқа жету үшін оқытушы тәжірибесін, эмоциялық, интеллектуалдық, практикалық құралдарын пайдаланады. Оқушы өз мүмкіндігіне қарай берілген материалды меңгеруге тырысады. Осылайша оқыту мақсатына жету жолдары жүзеге асырылады. Мақсатқа жетпеу тиісті әдістің қолданылмағанын немесе дұрыс қолданылмағанын көрсетеді. Әдісті дұрыс қолдану арқылы оқыту мақсатына күшті аз жұмсап, тез жетуге болады. Мұндай нәтижеге жету үшін оқытушының шеберлігіне сабақтың басынан аяғына дейін дұрыс ұйымдастырылуына аса көңіл бөлінуі керек. Ол үшін сабақты жоспарлағанда қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланудың тиімділігін алдын-ала анықтап алған жөн.

Тақырыпқа қатысты мәтін мазмұнын түсініп, түсінгенін логикалық жүйелілікпен айтып беру үшін ұсынылып отырған денотаттық кестені толтыруды тәсіл деп қарауға болады. Егер оқытушы бұл кестені мәтін оқылып болған соң, негізгі мәліметтерді тауып толтыру үшін ұсынса, онда тәсіл ақпараттық-рецептивтік әдіске ұласады. Егер бұрын ұсынылған кестенің үлгісі бойынша студенттердің өздеріне жаңа кесте құру ұсынылса, бұл репродуктивтік әдістің тәсіліне жатады. Егер

кестені жаңа тың тақырып бойынша студенттердің өз бетінше ізденіп толтыруы тапсырылса, бұл зерттеу әдісінің тәсіліне жатады.

И.П. Подласыйдың тұжырымдамасы бойынша: «Әдіс – оқыту процесінің өзегі, ол жобалаған мақсат пен түпкі нәтиженің арасын қосатын дәнекер. «Оқыту мақсаты – мазмұны – әдістері – формалары - құралдары» жүйесінде оның орны негізгі, айқындаушы мәнге ие» «Тәсіл дегеніміз – әдістің бір элементі, құрамдас бөлігі, бір рет қана орындалатын әрекет. Әдіс көлемі жағынан шағын немесе құрылымы жағынан қарапайым болып табылады» [3]. Монологтік әдісті және оқытудағы бірлесіп жұмыс істеу әдісін (жеке, топтық, ұжымдық) атаса, поляк педагогі И. Курисевич сөз, байқау және оқушының тәжірибелік әрекетін бөліп көрсетеді. Осыған орай, оқыту әдісінің мынадай үш тобын анықтайды: *көрнекілік, әңгімелесу* және *тәжірибелік* [4].

Қорыта келе еліміздің қазіргі кезеңінде болып жатқан кәсіптік, әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерге байланысты жас ұрпақты оқытуда педагогика ғылымындағы нәтижелерді сын көзбен бағалап саралауды, мұғалімнің іс-әрекетін, кәсіби шеберлігін де жаңа қырынан қалыптастырып, бәрін жаңаша ұйымдастыру қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Әбиев Ж, Құдиярова, Бабаев Педагогика «Нұрлы әлем»*
2. *Лернер И.Я. Система методов обучения (дидактический аспект) // Совершенствовани обучения русскому языку. М.: 1981. С. 14-27е методов*
3. *И.П.Подласый «Педагогика» - I том. –1999, изд. «Владос», 576 с.*
4. *И.Курисевич Основы общей дидактики, М.: высш. шк., 1986.*

Кутпанбаеа Ж.Б.,
преподаватель кафедры ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе

ЗНАЧЕНИЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ В СИСТЕМЕ МАССОВОЙ КОММУНИКАЦИИ

Изменения в ходе промышленной и хозяйственной деятельности человека породили в социуме постоянно растущее чувство

тревоги за свое существование. К этому времени все континенты стали огромной индустриальной площадкой, темпы переработки природных ресурсов катастрофически возросли, обнаружилась связь бесчисленных аварий на производстве с новейшими технологиями, выявились опасные последствия испытаний оружия массового поражения. На повестку дня вышли вопросы выживания человечества. Начали сказываться и социальные последствия макроэкономических изменений - рост народонаселения, скученность проживания людей в мегаполисах, увеличение детской смертности, количественное увеличение инвалидов, беспризорных детей как результат военных действий, более частое обращение людей к таким способам достижения психофизиологического комфорта, как алкоголь и наркотики [3]. Г. Маклюэн первым обратил внимание на роль средств массовой коммуникации, особенно телевидения, в формировании сознания независимо от содержания сообщения. На основании этого он сделал вывод, что сообщением, передаваемым средством общения является само это средство. По мнению Г. Маклюэна, телевидение это не труба, по которой можно передавать все, что угодна. При передаче сообщения техническое средство не нейтрально, а передает сообщению свои свойства. Все, что передается по телевидению, само становится телегенным. Телевидение, собирая на экране все времена и пространства сразу, сталкивает их в сознании телезрителей, придавая значимость даже обыденному. Привлекая внимание к тому, что уже произошло, телевидение сообщает аудитории о конечном результате. Это создает в сознании телезрителей иллюзию того, что демонстрация самого действия ведет к данному результату. Получается, что реакция предшествует акции. Телезритель, таким образом, вынужден принимать и усваивать структурно-резонансную мозаичность телевизионного изображения. Телезрителю приходится соотносить разрозненные сообщения между собой, формируя «шарообразный космос мгновенно возникающих взаимосвязей». На эффективность восприятия информации влияют жизненный опыт телезрителя, память и скорость восприятия, его социальные установки. В результате телевидение активно влияет на пространственно-временную организацию восприятия информации. Деятельность средств массовой коммуникации перестает быть для человека производной от

каких-либо событий. Средства массовой коммуникации начинают в сознании человека действовать как первопричина, наделяющая действительность своими свойствами. Происходит конструирование реальности средствами массовой коммуникации. Средства массовой коммуникации, таким образом, формируют свое, мифологическое пространство. Исходя из этого, Г. Маклюэн на первый план выдвигает миф, как наиболее органичный для человека, живущего в условиях электронного окружения, способ восприятия мира. В мифотворчестве функционирования средств массовой коммуникации телевидение воспринимается как вещь, порождающая реальную телевизионную практику. Для телевизионного поколения само собой разумеющимися становятся убеждения, что средства массовой коммуникации вездесущи, всемогущи, всезнающи. Через средства массовой коммуникации потребитель проникается иллюзией собственной исключительности, проницаемости, просвещенности. Однако, усматривая в телевизионном поколении позитивные установки, Г. Маклюэн довольно пессимистично отзывался о его практических достижениях. Телевизионное поколение, по мнению Г. Маклюэна, с одной стороны - творец настоящего, а с другой - его жертва. Оперативная информация актуализирует для каждого индивида морально-этические, правовые, идеологические и прочие нормы сегодняшнего общества. Преимущественный канал распространения такой информации - массовые коммуникации. Если взглянуть на этот процесс в динамике, доля оперативной информации (относительно структурной и фундаментальной) заметно возрастает в сознании человека массового общества. Соотношение этих слоев на информационном срезе общества делает возможным два вывода. Во-первых, само содержание информации в этом случае выступает интегрирующим фактором, преодолевающим групповые перегородки внутри общества. Во-вторых, массовая оперативная информация носит надстроечный характер относительно двух базисных для индивида и общечеловеческой культуры слоев структурной и фундаментальной информации, но ее влияние ограничивается «поверхностным» положением относительно системы ценностей, установок, убеждений, базисных для отдельной личности и определенной культуры.

Итак, в процессе массовой коммуникации распространяется оперативная информация. В совокупности с перечисленными выше необходимыми условиями массовой коммуникации и характеристиками системы средств массовой коммуникации данный постулат образует определенную систему критериев отнесения того или иного элемента к числу средств массовой коммуникации. Телевидение соответствует всем требованиям, предъявляемым к средствам массовой коммуникации, поэтому заслуженно считается одним из них.

Телевидение - это средство массовой коммуникации, располагающее очень ограниченной независимостью. На него воздействует целая серия принуждений, связанных с социальными отношениями между журналистами: с отношениями бешеной, безжалостной, доходящей до абсурда конкуренции, но также с отношениями сообщничества, объективной общности интересов, связанной с их положением в поле символического производства, с общностью познавательных структур, категорий восприятия иоценки, обусловленных их социальным происхождением и образованием (или отсутствием оного). Из этого следует, что такое, казалось бы, «отвязанное» средство коммуникации, как телевидение, на деле оказывается связанным по рукам и ногам. В 60-е годы, когда телевидение предстало в качестве нового явления, некоторые социологи поспешили заявить, что телевидение, будучи «средством массовой коммуникации», станет способствовать «массификации» и приведет к уравниванию, обезличиванию практически всех телезрителей. На самом деле, это заявление недооценило их способность к сопротивлению. Но особенно оно недооценило способность телевидения изменять тех, кто на нем работает, и в более широком смысле, всех остальных журналистов и деятелей культуры.Еще более важным последствием, которое невозможно было в свое время предвидеть, это влияние телевидения на совокупность деятельности по производству культурной продукции, в том числе в области науки и искусства. В настоящее время телевидение довело до крайности противоречие, преследующее все сферы культурного производства.

Как известно, по своим техническим возможностям ТВ заведомо и намного превосходит любые иные каналы и средства массовых коммуникаций, охватывая практически все взрослое

население страны. В сравнении с ним другие каналы коммуникации занимают куда более скромные позиции. Вследствие этого оно лидирует в ежедневном информационном потреблении с большим отрывом от других каналов - 97,7%. Телевидение в общественном сознании является не только важнейшим источником оперативной повседневной информации о текущих событиях, но и главным, по сути, источником знаний о мире вообще, представлений о жизни. Оно опережает даже такие традиционные институты социализации, трансляции знаний и культурных ценностей, как семья и система образования. Существует проблема подверженности современного человека к манипулированию посредством телевидения. Отказаться от просмотра телепередач для большинства индивидов невозможно, потому как специфика телесигнала и подачи материала построена таким образом, чтобы сначала провоцировать в индивиде симптомы психопатологии, а позже – снимать их, посредством телетрансляции, тем самым, обеспечивая устойчивую зависимость (сродни наркозависимости). Все, кто на протяжении длительного времени смотрел телевизор - находятся в подобного рода зависимости. Они уже не могут отказаться от просмотра телепередач, потому что, в случае избегания просмотра, у подобных индивидов могут начинаться состояния, напоминающие по своим характеристикам симптоматику невроза.

Список использованных источников:

[1] Массовая коммуникация в условиях научно-технической революции / под ред. Фирсова Б.М. Л., 1981. 223 с.

[2]Массовая информация в современном промышленном городе: Опыт комплексного социологического исследования / под общ. ред. Грушина Б.А., Оникова Л.А. М., 1980. 207 с.

[3] Егоров В.В. Телевидение между прошлым и будущим. М., 1999. 332 с.

[4] Маклей М. Наука и социология знания. – М.: Прогресс, 1983.350 с.

[5] Кондратьев Э.В., Абраноб Р.Н. «Связи с общественностью». Учебное пособие для высшей школы. 1995. 349 с.

[1]**Аргынбаева М.Х., Абдраш А.**
[1]*к.ф.н.*

СМИ ОБ ОТНОШЕНИЯХ СТРАН-УЧАСТНИЦ БРИКС

В статье рассматривается международная организация БРИКС, ее основные положения, цели, миссии и ее роль в политических и экономических отношениях между Китайской Народной Республикой и странами-членами вышеуказанной международной организации.

Исследованиедработы обусловлено возрастающим значением в мире организации БРИКС, роли Китая в деятельности БРИКС и значением БРИКС для развития Казахстана. Президент Казахстана Н.А. Назарбаев, комментируя это, заявил, что уникальная формула трех международных организаций – ЕАЭС, ШОС и БРИКС – олицетворяет единство идсолидарность большей части населения мира. Президент также отметил, что он верит во взаимодополняющий потенциал и совокупные возможности трех международных площадок, и что это может сыграть высокую роль в решении глобальных вопросов[1].

Веления нового временидтаковы, что всеобщим социально-политическим трендом в отношениях между странами является интеграция, которая может значительно понизить социально-политические, экономические издержки, делает региональную экономику более конкурентной.

Необходимость разработки практических рекомендаций по установлению долгосрочного сотрудничества страндв рамках региональной интеграции становится актуальной для Республики Казахстан и Китайской Народной Республики, так как перед нами стоят проблемыдпостроения слаженных долгосрочных и взаимовыгодных отношенийдс активно развивающимися политическими субъектами в центральноазиатском регионе.

Актуальность данных проблем связана с тем, что Казахстану, безусловно, важно знать, каким образом Китай выстраивает отношения со странами-участницами БРИКС, какие принципы и цели закладывает в формирование регионального сотрудничества.

О том, какое значение КНР отводит двум международным организациям – ШОС и БРИКС, говорит инициатива Китая «Один пояс – один путь», в программе которой отмечено, что для совместного построения прекрасного будущего и успешного сотрудничества между**g**регионами: Китай должен расширить сферу и масштабы двусторонних валютных расчетов с иными государствами, расположенными вдоль «пояса и**g**пути», открыть и развить рынок ценных бумаг в Азии, прилагать совместные усилия по созданию Азиатской инфраструктуры инвестиционного банка и Нового банка развития БРИКС, провести переговоры между связанными сторонами по вопросам создания финансового учреждения Шанхайской организации сотрудничества (ШОС), а также создать и ввести в эксплуатацию Фонд Шелковый путь как можно раньше [2].

Председатель Си Цзиньпин во время визита в Астану в 2013 году отметил, что Экономический Шелковый путь и Экономический морской путь представляют собой не механизм, а концепцию развития.

Проект будет в полной мере осуществляться на базе уже действующих двусторонних и многосторонних механизмов сотрудничества Китая с другими странами. На данный момент уже есть реальная и эффективная модель регионального сотрудничества. При этом эти механизмы не дублируют друг друга, не соперничают с другими объединениями. Си Цзиньпин уверен, что все организации нужно укреплять за счет взаимодополняемости и дееспособности[3].

Проблема взаимоотношений Китая с акторами важнейших региональных объединений является на данный**g**момент существенной проблемой, требующей научно-практического изучения.

Методики мониторинга и контент-анализа СМИ, интернет-сайтов (например, сайт посольства КНР в РК, сайт ШОС и др.) были использованы при исследовании интересов стран-участниц БРИКС, а также акторов вне региона относительно участия в ассоциациях и оценки перспектив их развития.

Для эффективного достижения политических целей, отношения между Казахстаном и Китаем должны основываться на экономических инструментах в рамках ШОС и БРИКС, тогда

рост интеграции станет зависимым от определенных отраслевых проектов, представляющих для участников ощутимую выгоду.

Первоначально термин БРИК был введен инвестиционным банком Goldman Sachs в целях попытки определить возможности роста для инвесторов в таких странах, как Бразилия, Россия, Индия и Китай. Затем идея создания объединения развивающихся экономик была воплощена созданием этими странами организации БРИК, затем БРИКС.

Цель объединения была достаточно обнадеживающая – от старой иерархии «Запад – остальной мир» перейти к более сбалансированной конфигурации глобального экономического прогресса.

В международной политике существует два подхода к деятельности БРИКС.

Назовем их оптимистичным и пессимистичным подходами.

Оптимисты считают, что Бразилия, Россия, Индия, Китай и Южная Африка играют все большую роль в международных отношениях, что подтверждает сдвиг Запада с властной точки.

Интернет-басылымдардың сауаттылығына келетін болсақ, ондағы ерсі көрінетін, белең алған, барлығына ортақ қалыптасқан тенденция мәтін сөйлемдерінің шорт кесілген болып келетіні, еріксіз ойға қаласың, сөйлем аяқталмаған, яғни ой да аяқсыз қалған. Мәселен, «Қазақстанда жұмыссыздық артып келеді» деген сөйлемді сол қалпында қалдыруға болмайды, ол қандай көрсеткішпен салыстырғанда артып келеді, соңғы жылмен немесе соңғы бес жылмен салыстырғанда ма, бұл беталыс қалай байқалуда, бұл ақпаратқа қалай қол жеткіздің, сияқты сұрақтар

жауапсыз қалмауы керек. Аудитория сенің «жұмыссыздық артып келеді» деген жалаң сөйлеміңнен дерек пен мәлімет ала алмайды.

Бизнес құрылымдарда жалданған анонимдік ақпарат беруші адам болса да жақсы, бірақ Батыс журналистикасының тәжірибесі анонимдік ақпараттан алыс жүруді ескертеді, ондай ақпарат шынайы болмай, көп жағдайда қателікке ұрындырады, өйткені дәлел, айғақ жоқ. Мәселен, Үкіметтің белгілі бір мұнай кенішін игеріп жатқан компаниямен келісім-шартты үзгендігі туралы мәлімет түссе, журналистің алғашқы реакциясы ақпараттың дұрыстығын Үкіметтен, компаниядан баспасөз қызметі арқылы жалма-жан тексеру, оның өзінде оған ешкім де бірден ақпарат бере қоймайды, өйткені ондайда, баспасөз қызметінің телефондары бос емес болады, иә болмаса телефон тұтқасын ешкім көтермей қояды, мұндайда тілші бейшара кейпін кешеді, ең құрығанда, олардан бізде ақпарат жоқ, жауап беруі тиіс адам жұмыста жоқ деген жауап алу мүмкін, сондықтан запаста мұндай ақпаратты растайтын көзің болғаны дұрыс, анонимдік ақпаратты жариялауға аса машықтануға болмайды, ондай ерсі қылығыңмен көрерменіңнің сенімінен шығып кетуге болады, бірақ аса маңызды оқиғалар болған кезде мұндай мәлімет біреудің өмірін сақтап қалатын болса немесе біреуге үміт сыйласа төтенше ақпараттың мүлде жоқ болғанынан, анонимді болса да, бар болғаны дұрыс деп тәжірибеже дәлелденген[4].

Әдебиеттер:

1. *ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. №1/1 (37) 2015 жыл «Ақпараттық коммуникация құралдарының қолданыстағы көрінісі» М.А. Жаңабекова, Ш.А. Оспанқұлова*
2. *ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. №1/1 (37) 2015 жыл «Қазіргі қазақ тілді интернет журналистика және жарнама мәселелері» Н.Б. Мұхамедиева, Э.Ж. Әуезова*
3. *http://www.adebiportal.kz/news/-azhym-zh-maliev-abay-a-dey-ng-aza-poeziyasy-zh-ne-abay-poeziyasyny-t-l/*
4. *http://www.soros.kz/uploads/user 67/20130704031754724.pdf*

Nurzhanova S.S.,
Kazakh National University named after Al-Farabi
Zykov O.N.,
Moscow State University Lomonosov

INFLUENCE OF NATIONAL AND FOREIGN MEDIA ON POLITICAL PROCESSES AND ON DEVELOPMENT OF LOCAL SELF-GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN

Political processes in Kazakhstan and issues of interaction between the media, authorities and society are of great interest to researchers. Kazakhstan occupies a prominent place in the international arena. The country is developing dynamically both economically, politically and culturally. High credibility of its president NA. Nazarbayev both inside the country and abroad.

The political processes taking place in Kazakhstan are also very dynamic both at the level of the whole country and in local self-government. As an actively developing country and an authoritative participant in international processes, Kazakhstan is trying to modernize its political system, including local self-government. In 2012, the President N.A. Nazarbayev and his administration prepared and adopted a Concept for the development of local self-government. This is a kind of plan, which will develop local self-government of Kazakhstan in the coming years.

Of course, this circle of issues is actively discussed in the Kazakh press, both in the central and in the regional and local press. Particularly interesting for the press of Kazakhstan are such issues as changes in central and local legislation, local government elections, discussion of candidates for them and many other issues. Materials on these topics are published in the Kazakh press, there are broadcasts in the form of discussions on the Kazakh radio and on television. The range of topics discussed in the press, on radio and television is very wide.

Great interest in Kazakhstan is shown by foreign mass media. The Russian media publish materials about Kazakhstan almost daily, as Russia and Kazakhstan are friends and allies, are members of the CIS, the SCO, the CSTO and other international organizations.

Interest in Kazakhstan is shown also by the world mass media of America, Europe, China and many other countries of the world. Such

materials are constantly in the American, European, Chinese press and in the press of other countries. There were broadcasts to Kazakhstan of such well-known mass media as "Voice of America" (there are no such programs anymore), Radio Free Europe / Radio Liberty, BBC, Deutsche Welle and some other broadcasters. Both the US and European countries and China wanted to see Kazakhstan a friend and ally. And, of course, the Russian Federation. The study of the coverage of the political situation and problems of local self-government of Kazakhstan is an interesting scientific topic, and its further study and conduct of new scientific research is required. Of course, in the first place, an in-depth analysis of the Kazakh press is required, but also the materials of foreign media about Kazakhstan are very interesting.

It is necessary to follow in detail how the Concept of Local Self-Government is being implemented, what progress has been made, what is to be done. But, as can be seen on the daily materials of the Kazakh, Russian, foreign press, the process is quite active.

The authors conducted a study of this topic from 2012 to the present, using methods of content analysis, analysis of statistical data, conducted surveys of both Kazakh and Russian, and foreign journalists. And then they summarized and analyzed these and other data.

Conclusions that can be made now - the interest of the press to these topics is great, and readers are actively using these materials to keep abreast of political issues and issues of local government development in Kazakhstan. In the future, joint scientific projects of the Al-Farabi Kazakh National University and the Faculty of Journalism of the Moscow State University named after MV Farabi are possible. Lomonosov Moscow State University. The study of these scientific topics will be continued.

Әлікожа Б.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының оқытушысы

ПЛАТОН, АРИСТОТЕЛЬ, ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТЫНДАҒЫ ГАММАЛЫҚ МӘТІНДЕР

Түс теориясы туралы негізгі бағыттар антикалық дәуірде қалыптасты. Л.Н.Миронов «Түстану» еңбегінде антикалық философтардың қызметін ғылымидан гөрі көркемдік деуге келеді деп тұжырым жасайды: «нәтижесінде ғылым көркем ойдың жемісі, яғни өнер ретінде туындады» [1]. Бұны Эмпедокл, Демокрит, әсіресе, Платонмен Аристотельдің еңбектерінің айқын аңғаруға болады.

Платонның түс туралы талдауларын «Тимей» атты танымал диалогынан табуға болады. Түстің табиғатын ол «заттардан тарайтын жалын» деп қарастырады, ал ақ, қызыл және «жарық» - «от немесе жарықтың түрлері»[2]. Платон бойынша заттар жаратылысының екі түрі болады – көрінетін және көрінбейтін түрлері. Жан көрінбейтін салаға жатады және оған өзгермеу, мәңгілік, тазалық тән. Дене көрінетінге жатады және ол сезімдік қабылдауға бағытталады, яғни өзгеру қасиеті тән.

«Тимей» еңбегіндегі Платонның космогониясында төрт элемент – от, ауа, су және жер үнемі пропорцияда көрініс табады және оларды Құдай әлем жаратылысында қолданған, сондықтан әлем жетілген және қартаю мен ауруды білмейді. Әлем пропорцияның арқасында гармонияға келтірілген, ал гармония әлемде достық рухын туғызады, сондықтан бір ғана Құдай әлемді бөліктерге бөле алады. Құдай бірінші жанды, одан кейін денені жасады. Платонның жаратылыс туралы пайымдарынан тікелей қабылдау, түйсіну түс туралы талдауларына көшсек. Платонның пайымынша, біз көз және құлақ арқылы көп қабылдаймыз және біздің көптеген білімдеріміз ешқандай сезіну мүшесімен байланысты емес. Мысалы, біздің ешқандай сезіну мүшеміз бірдей екеуін де қабылдай алмаса да, дыбыстар мен түстердің ұқсамайтындығын біз білеміз[3].

Біз екі түсті қабат қабылдағанда, олардың ұқсайтын, ұқсамайтындығына қарай олар мәліметтердің бір бөлігіне жатуы мүмкін және олар туралы қабылдау пайымдарында айтуымызға

болады. Осылайша Платонның ұқсастық пен ұқсамайтынды қабылдау бойынша арнайы сезіну мүшеміздің болмағанымен, бәрі миға жеткен ақпарат арқылы өңделіп, адамның белгілі бір шешімге келуіне әсер етеді.

Сонымен, Платонның түс туралы жүйесі көзе түсетін жарықтың сәулелері идеясына емес, көзден тарайтын, шығатын және қоршаған заттардың бөлшектерімен өзара әрекеттестікке түсетін «көрудің» сәулелеріне негізделеді. Өзінің пайымдарын жалғастыра келе, Платон тағы екі негізгі түс туралы ойға келеді – қызыл және «сәулелі». Мысалы біздің көздеріміз отқа жақын келсе жасқа толады. Жас су мен оттың қосындысы ретінде түстердің барлық әркелкілігін беретін субстанцияны жасайды. Осылайша Платон бойынша қызыл түс - ылғал арқылы жарқырайтын оттың сәулесі және ол қанға ұқсас. Осы негізгі төрт түс арқылы әрі қарай комбинациялардың болуы мүмкін. Ақ пен қызылдың сәулеленуі алтын-сары түсті, ал қызғылт түс – қызыл мен ақ, қараның қосындысы, т.с.с.

Платон өзінің пайымдарын «Түстің түсіндірмесі» деп атағанымен, ол түстердің жүйесін жасамады.

Түстер, түстердің араласуы туралы алғаш болып зерттегендердің бірі Аристотель болатын. Оның концепциясының логикасы адамның өмірлік тәжірибесі мен физикалық сезінуінен өрбиді. Барлық әлемді біртұтас деп қарастыратын болсақ, ондағы түстер қараңғы түн мен жарық күннің арасындағы «күрес» нәтижесінде пайда болады. Бұл жағдайда кез келген түстік жүйе жарықтың ақ түсімен басталып, қараңғы-қарамен аяқталады. Түстердің бұлайша сызықтық ауысуын Аристотель бойынша бір күннің ішінде байқауға болады: ақ түс түске жақын сары реңге өтеді, содан кейін сарғылт, қызғылт сары түске ауысады, одан кейін қызыл реңк алады. Күн батқаннан кейін қызыл түс қызғылт, түн кіре бастағанда – қараңғы көк, кейін қара түске айналады.

Аристотель «Түс туралы» еңбегінде үш түсті негізгі түстер деп көрсетеді. Олар: ақ (ауа, су, қоспаларсыз жер), сары (от пен күн), қара (бұл түс барлық түстердің бір-біріне өтуінде көрінеді).

Ф.А. Лосевтің де талдауы бойынша Аристотельдің «Түс туралы» трактатында біз түсте екі планды байқаймыз: жарық пен қараңғы немесе олардың бір-біріне өтуі мен жарықтың таралуы. Сары және қызыл түсте жарық қараңғыны күшпен сейілтіп, белсенді келе жатқан басату болып көрінеде, ал көк түсте жарық

қараңғылық тарапынан ешқандай қарсылықты сезінбей ұзаққа кетеді, жасыл түсте екі қарама-қайшы бастаулар бейбітшілік, тыныштық, тепе-теңдік қалыбында болады. Сондықтан түс әрқашан көрінетіннің белгілі бір қысымы ретінде сипатталады және бұл қысымның типтері негізгі түстерді жасайды[4].

Аристотельдің «Жан туралы» және «Сезімдік қабылдау туралы» трактаттарында түстанудың сұрақтарын шешуге деген саналы қызықты ұмтылысты байқауымызға болады. Аристотель «Кез келген түс шындығында мөлдірді қозғалысқа алып келеді және оның табиғаты осында. Міне, сондықтан, түсті жарықсыз көруге болмайды, ал әр заттың әртүрлі түсі жарықта ғана көрінеді» дейді [5].Түс тек қана жарықтың жаратылысының негізінде пайда болады, ал жарыққа қарама-қайшы жағдайда – қараңғыда түс жоқ: «жарық деген түс, ал қараңғылық – түс емес, тек қана түстің кемшілігі» [5, 159 б.].

Түстің болмысы «оның өзінде» дегенді Аристотель материалды емес, көрінбейтін, идеалды тұрғыда пайымдайды – түс дегеніміз шексіз, абсолютты мөлдірлікте нақты анықталған көрінбейтін материя. Бұл жарық шексіз (болмыстың өзінде) және шекті (болмыссыздықта) деңгейде болуы мүмкін. Өзінің болмыссыздығына айналып жарық түс ретінде көріне бастайды: «...мөлдірлік шексіз деңгейде жарық және мөлдірлік соңғы деңгейінде түс болады», «көрінетін жарықта ол түс» [5, 422 б.].

Аристотельдің бұл пайымдары бізге несімен құнды, біріншіден, ол жарықты факт ретінде алады және әрі қарай екіншіден, жарықтың белгілі бір ортадағы, болмыссыздықтағы жағдайында, ол яғни ешқандай жарықсыз алынғандықтан ештеңе көрінбейді, демек онда түс те жоғалады және үшіншіден ол ортада түстің пайда болуы жарықтың ол жерде таралуы мен қайшылықтарды еңсеруімен сипатталады. Бұл мөлдірліктің деңгейі. Төртіншіден, одан кейін белгілі бір түсті алу үшін мөлдірліктің деңгейін бекіту керек. Соңында түстің болмыссыздықтағы әрекеті динамикалық түрде, энергиялы болып келеді. Бұл - әртүрлі бағыттарға әрекет жасайтын жарықтың мөлдірліктегі қалыптасуы. Әрі қарай, Аристотель әр түстің және оның мәнді-динамикалық сипатынының екі пландылығын дәл айқындайды. Осылайша, түс дегеніміз Аристотель бойынгша, екі күресуші күштердің (түс және оның

болмыссыздығы) тартысы, оның ішінде жарықтың болмыс-сыздығын жеңуі.

«Жан туралы» трактатында Аристотель жарықты мөлдірдің «энтелехияся» (жүзеге асыру) деп атайды. Ол мөлдір ортаның жүзеге асуы түсті білдіреді дейді.

Түстің табиғаты туралы Аристотельдің пайымдарын қорытатын болсақ, түс дегеіміз – нақты абсолютті шексіздікте анықталатын идеалды, көрінбейтін материя және бұл түс шексіздік деңгейінде емес, соңғы, шекті деңгейінде көрінеді, түске айналады.

Түсті түсіндіруге ұмтылғанымен Лосевтің талдауынша, Аристотель түстеді жарықтың ішкі-конститутивті және сыртқы-жарықтандырғыш фиксациясын айырмайды. Алайда, біздің пайымымызша, Аристотель түстің жарық пен қараңғылық арасындағы көрінуі тұрғысынан түстердің жүйесін жасаған және қызыл, сары, жасыл сияқты негізгі түстерді анықтаған еңбегін жоғары бағалауымыз керек.

Түстің табиғаты туралы талдай келе Аристотель, жарықты жарықтың көзімен араластыруға болмайды дейді «Жарық дегеніміз – оттың немесе сол сияқтының мөлдір ортадағы болуы». Бірақ жарық от немесе басқа да бір дене, не бір дененің ағуы емес (ондай жағдайда біз жарықты дене деп қарастыратын едік). «Жарық ол оттың болуы, бірақ оттың өзі емес».

Бірақ, кейбір заттар жарықта көрінбейді, ал қараңғыда олар көзге көрінетін кейіпке енеді, оларды бір ғана атаумен атауға болмайды дейді ғалым. Мысалы, саңырауқұлақ, балықтың басы, көз. Бұндай денелердің барын да Аристотель жоққа шығармайды.

Аристотель еңбектерінде түстердің үндесуінің көркемдік және эстетикалық астарына үңілу сезіледі. Мысалы, «Сезімдік қабылдау»туралы трактатының 3-тарауында ол қараңғы-қызыл және күлгін түстерді әбден жағымды (hëdista) түстер ретінде атайды.

«Әбден дұрыс пропорция сақталынған түстер дыбыстық гармонияға сияқты әбден жағымды келеді. Бұндайлар қараңғы-қызыл және күлгін және тағы да басқа осы тектес түстер, музыкалық гаромониялық дыбысталулар сияқты олар да аз кездеседі».

Түстердің музыкалық дыбысталумен пропорционалдылығы «Жан туралы» трактатында да айтылады: «Егер қандай да бір

дыбыстар үндессе, дыбыс пен естілген дыбыс кейде бір, кейде бір емес, үндесу дегеніміз дыбыстардың шамаластылығы, сондықтан, есітілетін де шамалас болуы керек. Бұл шамаластылықты жоғары не төменгі тондарға қарай тартатындар құлаққа да жағымсыз әсер етеді...Түсте болса осындай болады: көру тым ашық немесе тым қараңғымен тұншықтырылады. Сондықтан, сезіну заттары таза, қоспасыз және өзінің шамаластығын сақтағанда жағымды болады...»[6].

Бұл Аристотельдің түстердің музыкадағыдай үндесетіндіге параллель жасайды. Ұлы үндестік заңының түстерде де бар екендігін айтады.

Аристотельдің барлық пайымдары оны жалпыгрекиялық эстетикалық дәстүрдің және антикалық эстетиканың классикалық үлгісінің өкіліне жататындығын көрсетеді. Аристотель түстерді олардың «психологиялық», «тұлғалық» мазмұнына қарай емес таза математикалық мәнімен түсіндіреді. Осылайша, ол әр түс белгілі бір жүйе және әртүрлі жарықтық пландардың күресі екендігін айтады.

Аристотель Платонға қарағанда түстің ғылыми теориясын жасағандығымен ерекшелінеді.

Түр мен түс сырының кілтін табуға ұмтылған түркі ойшылдарының бірі де, бірегейі де – Әбу Насыр әл-Фараби. Фарабидің натурфилософиялық көзқарастарынан кең мағлұмат беретін еңбегі – «Жаратылыстанудың биік (діни) негіздері туралы трактат» деген атпен белгілі [7]. Бұл трактатта бүкіл әлемнің алғашқы жаратылу кезеңінен бастап, адам және оның жер бетіндегі қызмет-әрекетіне дейінгі тарихына қысқаша шолу жасалынады. Қазіргі терминмен айтсақ, өзара қарбалас, қатар алынған космология мен космогония, яғни қысқаша айтқанда жалпы әлем, космос әлемінің, дүниенің пайда болуы туралы ілім айтылады.

Аталмыш трактатында екінші ұстаз бастапқыда жарықтың ешбір қасиеті болмағандығын, ол біртекті және қозғалыссыз Алла құдіретімен жаратылғандығын және жарыққа ақыл, ойлау әрекеті берілген уақыттан бастап қасиет пайда бола бастағандығын жазады. Осылайша, ол ақылдың жарықтан, нұрдан бастау алатындығын, әлемдік нұрдан және онымен байланысты, одан тікелей жаратылған әлемдік ақылдан барып бүкіл материалдық және рухани тіршілік әлемінің туындап,

өрбіп, сан алуан түрге көшетіндігін шегендейді. Осы ретте биосфера мен ноосфера ұғымының басы әл-Фараби ма деген ойға қаласыз. Фарабидың жаратылыстану саласында жазған трактаттары да, бұл салаға қосқан жаңалықтары да қыруар. Физикалық құбылыстарды талдайтын еңбегі оннан асады. Оның таразы туралы, механизмдер туралы, оптика мен бос кеңістік (вакуум) туралы көптеген құнды тұжырымдары әлемге әйгілі. Астрономияда күн апогейі орнының тұрақты болмайтынын өз тәжірибесі арқылы бақылап анықтаған. Сәуленің таралуын геометрия оптика заңдылықтарымен дәлелдеп береді. Сәуленің жиналу, сыну, тарау, шоғырлану заңдылықтарын геометриялық дәл әдістермен тапқан Әбу Наср Әл-Фарабидің шұғыла туралы түсінігі Еуропа ғылымына XVII ғасырда ғана мәлім болды.

Әлем жаратылысының негізінде жатқан Нұрдың ақыл құрамдас бөлігі екенінін, яғни жаратылыстың негізінде-ақ ноосфераның элементтері бар екендігін әл-Фараби мың жыл бұрын трактаттарында жазып қалдырған болатын.

Зерттеуші-ғалым А.Көбесов «ғылым тарихында бұрын кездеспеген тағы бір сонылық – Фараби өзінің космологиялық көзқарастарын баяндауда тек Құран және құран төңірегіндегі, соған байланысты ғылыми-философиялық материалдарға табан тірейді» деп әл-Фарабидың жаратылыс туралы ғылыми тұжырымдарының діни (Исламдық) негізі бар екендігін айтады [8].

Ғұламаның жаратылыс туралы пайымдарына кезек берсек: «Бірінші жарық – Нұр алғашқыда өзінің жаратылған жерінің маңында орналасады да, осы жағдайда бір дүркін цикл уақыт (12 000 жыл) тұрақтайды. Бүкіл әлемнің бастапқыда бірінші элементтері пайда болуы үшін Алланың әмірімен Нұр екіге жарылып, бір бөлігі жоғары көтеріліп, екінші бөлігі төмен түседі, олардың арасында бос кеңістік орнамайды, олардың бастапқы бөліну орнында ортақ бөлік пайда болады. Осы ортақ бөлік әлгі екі бөлікті байланыстырып, дәнекерлейтін маңызды қызмет атқарады. Мұндай бөліну кең көлемде әрбір 1200 жыл дүркіннен кейін болып тұрады, тар көлемдегі бөлінулер орын алады. Әрбір бөліністен соң бүкіл әлем заттарында жаңа сапалар, өздерінің айрықша қасиеттері бар мән-мәністері бар бастапқы, негізгі элементтер (стихиялар) пайда болады» [9].

Осылайша, әл-Фараби жаратылыстың бастапқы объектісі нұр екендігін негіздейді. Осы орайда, арабтың «нұр» деген сөзі

физикалық жарық ұғымына қарағанда кеңірек ұғым. Нұр жарықтан басқа ***ақыл-рухани және қайырым-ізгілік негіздерін*** қамтиды. Егер әңгіме кәдімгі жай физикалық құбылыстар туралы болса, онда ол жарық деп; егер рухани сала туралы айтылса, онда Нұр деп алынады. Нұрдың биік шоқтығы адамның ақылы болып табылады. Сондықтан, әу баста-ақ, жаратылыстың негізінде тек физикалық жарықтың емес, ақыл мен рухани негіздің бар екендігін екінші ұстаз дәлелді түсіндірген болатын. Бұл тек теологиялық ілім емес, оның ғылыми негізі, түсіндірмесі бар екендігін одан кейінгі шығыс ғалымдары мен батыс зерттеушілері де көз жеткізген болатын.

Фарабидың трактатында Нұр бүкіл әлемде өте кең таралған құбылыс екені көрінеді. Әлем өзіне жылу құбыластарын да, сәуле шығару, от, энергия тағы басқаларды да қамтитын кең мағынадағы жарыққа лық толы, оның әр жерлерінде осы жарықтың қоюлануынан түзілетін аспан объектілері, денелері және басқалары орналасады. Сөйтіп, адам ақылы нұрға бөленген және адам түп бастамасы, негізі жарықтан шығатын, әлемді танып, білуде. Осы ұстаным Фарабидың космологиясының іргетасын қалайды. Фараби былай дейді: «Бүкіл жоғары бөлік екі жарыққа бөлінді де қозғалыс қасиетіне ие болды. Алла Тағала осы өзінің құдірет күшімен осы жарықты бүкіл әлемнің қозғалыс негізі жасады. Жарықта жылу табиғаты бар. Бұл жылу бүкіл дүниелік харекеттің қастерлі іргетасын қалады. Мұнан соң Алла Тағала жарықтың жоғарғы бөлігінен ғарышты, яғни аспан шырақтарын және оларды сүйреуші періштелерді және басқа да жарық құбылыстарын бар етті» [9].

Космостың, яғни ғарыштың жерге жақын атырабын, біздің заманымыздың ғылыми терминдерімен айтсақ, Күн туралы әл-Фараби былай деп жазады: «Жарықтың бүкіл төменгі бөлігі қараңғы, қозғалыссыз және салқын болды. Бұл бөлікте өзінің жаратылысы жөнінен қозғалыссыз заттар денелер орналасты. Алла тағаланың құдіретті күшімен қозғалыссыз субстанциялар жаратылысы салқын, суық болып келеді. Осы субстанциялардан суық, салқын денелер, заттар пайда болды. Бұл заттардың түп негізі басқа көп заттарға негіз болатын тас пен топырақ болып табылады. Мұнан соң Алла тағала жарықтың төменгі бөлігінен (төменгі сфераны) және оларды қорғаушы періштелерді, пейішті және лаух әл-махфузды (тағдырлар жылнамасын, адамдар

пешенесі кітабын) жаратты. Осы тұста әртүрлі екі пайымдау кездеседі. Жоғарыда біз айтқандай Алланың ең бірінші жаратқаны – Нұр. Ал екінші пайымдау бойынша бірінші пейіш, сонан соң барып Нұр пайда болды» [9].

Әл-Фараби дүниенің түп төркініне пейішті алмай, заттық (материялық) бастама – Нұрды алуы үлкен ғылыми көрегендік екені күмән туғызбайды.

Сонымен, «Жаратыластынаудың жоғары негіздері» деген трактатында әл-Фараби әлемнің жаратылысының негіздері мен сипатын зерделеген.

Фарабидің космологиясы бойынша бөліну мен араласудың бірінші кезеңінде жұлдыздық жүйелер мен жұлдыздық дәуірдегі Күн системасының жалпы нобайы, жобасы белгілене бастайды, алайда Күн, жұлдыздар, планеталар, ерекше аспан денелері ретінде әлі де болса қалыптаспай, газ қоспасы ретінде белгілі бір сфераларда жайласады. Бөліну мен араласудың екінші кезеңінде Күн системасы қазіргі кездегі түрге келген. Орбиталық заттардың қойыртпақ-қоспасынан Күн түзіледі. Ол жеті қат аспанның ортасында, яғни төртінші фалакта жоғарғы және төменгі әлемдік аспан сфераларының өмір сүру әрекетінің басты көзі бастау бұлағы, сонымен қатар, бүкіл әлемді жарықтандырушы қызметін атқарады.

Әл-Фараби мұрасындағы түр мен түс категориясын тереңдей талдау, оның қолданбалық қырларын зерттей түсу түстер көрінісінің мазмұндық астары мен ғылыми шырайына жаңаша үңілуге мүмкіндік береді.

Мәселен, ғұлама «Философтардың сұрақтарына жауап» трактатында қазіргіше айтсақ, сұхбат жанрының тәсілдерін пайдалана отырып, өзіне-өзі сұрақ қойып, оған өзі қысқа да нұсқа жауап қайырады.

«Түстер қалай және қандай денелерде пайда болады?» – деген сұраққа мынадай жауап береді: «Түстер тек пайда болушы және өткінші денелерде ғана пайда болады. Жерлік емес денелерде ешқандай түстер жоқ және элементтер (бөлшектер) мен қарапайым денелерде олар аз. Кейбірін қоспағанда, ежелгі (даналардың) көпшілігінің көзқарасы осындай. Өйткені, ежелгілер, басқа стихиялардың арасында қара түске ие. Отқа болса жарықтың күші тән және күрделі денелердегі түстер элменттердің (бөлшектердің) араластырылуынан пайда болады

деп пайымдаған. Оттың салмағы басып кететін күрделі денелерде, түс ақ, ал жердікінің салмағы басымдарда түс қара. Осыған сәйкес орта түстер араласуы дәрежесіне тәуелді пайда болған» – дей келе, «түс деген не?» – деген сұраққа «түс – бұл арқасына жарық қайтарылатын, дененің шегі. Түс дененің бетінде көрініс табады. Денеде екі шек бар, біріншіден, осы арқылы дене жарықты қайтаратын түс» – деген жауап береді [10].

Бұл ғалымның пайымы түстердің пайда болуының физикалық түсіндірмесімен ұштасып жатыр. XVII ғасырдан бастап түстің табиғаты туралы ғылыми тартыстар толқындық және корпускулярлы теориялардың жақтастарының арасында болды. Толқынды теорияның авторы Рене Декарт түсті әлемдік субстанция – пленумдағы әсер деп қарастырса, корпускулярлық теорияны Пьер Гассенди негіздеп, оны Исаак Ньютон қолдаған болатын. XIX ғасырдың басында Томас Юнг сынамалары түс толқындардан тұратындығын және поляризациямен сипатталғандығын зерттеді. Юнг әртүрлі түстер толқын ұзындығына сәйкес келетіндігін болжаған болатын. Ал кейіннен кванттық механиканың дамуымен Луи де Бройлдың түстердің копускулярлы-толқынының дуализмі идеясы: түстер дифракция мен интерференциясын түсіндіретін толқындық және түстердің жұтылуы мен жарықтануын сипаттайтын корпускулярлық қасиеттердің біруақытта болуы дәлелденді. Бұл әл-Фарабидың түстердің бетіне жарық түскенінде ғана рең пайда болатындығын (толқындық теория) және түстің көрінетін акциденция (кездейсоқ қасиет) екендігін және түстердің ақ, қара, т.б. әралуан болып көрінуі заттардың ішкі құрылысының (корпускулярлық теория) әрқилы болып келуін түсіндіруімен ұштасып жатыр.

Фарабидің «Ғылымдар энциклопедиясы» трактатымен еуропа ғалымдары ертеден таныс. XII ғасырдың өзінде арабшадан латын тіліне екі рет аударылған болатын.

Аталмыш трактаттың «Оптика» деген тарауында оптиканың жәрдемімен ақиқат, анық пен оның алдамшы көрінісінің парқы ажыратылатындығын, қатаң дәлелдеу жолымен мұның себебі айқындалатындығын, көзбен көруде кездесуі мүмкін болатын қатерлердің барлығы ескерілетіндігін, одан құтылуға көмектесетін, яғни қарастырылып отырған нәрсенің, мөлшері, формасы, орны, құрылысы, т.б. туралы ақиқатқа жеткізетін әдіс-айлалардың түрлері көрсетілетіндігін жазған болатын [11].

Оптиканың жәрдемімен адам қасына баруға болмайтын нәрселердің шамасын, мөлшерін, олардың бақылаушыдан және бір-бірінен қашықтығын біле алады. Мысалы, ағаштың, қабырғаның биіктігі, өзен, сайдың көлденең ені, т.б. таудың басы мен сайдың табанын көру арқылы ғана анықтауға болады. Оптиканы қолданып бақылаушының орнына немесе жер бетіндегі кез келген басқа орынға қатысты бұлттың немесе басқа нәрселердің қашықтығын, мөлшерін білуге болады, параллакстары арқылы аспан шырақтарының қашықтығын, мөлшерін анықтауға болады. Қандай ғана нәрсенің мөлшерін анықтау болсын, қашықтығын табу болсын, оны көргеннен кейін ғана мүмкін болады. Мұнда кейде қатеден аулақ болу үшін аспаптар пайдаланылады, кейде аспаптар пайдаланылмайды.

Сонымен, түр-түсті көру көздің тікелей қызметіне байланысты. Көз бізге заттардың көлемін, формасын, мөлдірлігін, жылтырлығын және түр-түсін көріп, қабылдауға мүмкіндік береді. Көрінетін, байқалатын нәрселердің барлығы ауа немесе басқа мөлдір зат арқылы өтіп, біздің көзімізді көрінетін нәрсемен байланыстыратын сәулелер арқылы көрінеді. Осы тұста, әл-Фараби түстерді көрудегі сәулелердің түрін ажыратады. Бұл сәулелер ***түзу сызықты, аударушы, шағылыстырушы және сынушы сәулелер*** болып бөлінеді. Түзу сызықты сәулелер – көзден шыққаннан кейін ғайып болғанша көру бағытымен тік таралады. Аударушы сәулелер – көзден шыққаннан кейін айнаға түседі, ол осы сәулені бұрып айнаның екінші жағына түсіреді, ол бұрып бақылаушы жаққа кері аударып жібереді. Шағылушы сәулелер көзден шыққаннан кейін ғана айнаға түседі. Бұл сәулелерді бақылаушының өзі көреді. Сынушы сәулелер көзден шыққаннан кейін айнаға түсіп, бақылаушы жаққа қарай бұрылып, оның артқы, оң немесе жоғары жоғары жағындағы нәрсеге түсіп қайта қайтады. Осының нәтижесінде адам өзінің артындағы немесе кез келген бір жағындағы нәрселерді көреді. Көз, көрінетін нәрсе және айна үшін орта (кеңістік) мөлдір зат болады. Мысалы, ауа, су немесе аспан денелері, шыныдан жасалған құрама зат, т.б. Ал енді түстердің көрінуін – ғылымда сәулелерді үш бөлікке бөлуді түр-түсті ажырату деп атайды. М.В.Ломоносов «Түстердің пайда болуы туралы сөз» (1765 ж.) еңбегінде ақ түстің өзі қызыл, жасыл, көк түстерден тұратындығын, алғашқысының - үлкен, сарының – орта, көктің

кіші диаметрлі эфир бөлшегін құрайтындығын, ал басқа түстердің осылардың араласуынан пайда болатындығын жазған. Мәселен, көзге спектрдің көк бөлігінің сәулесі түссе, ол тор қабықтың көк түс сезгіш орталығына әсер етіп, мидың көру орталығына хабарлайды. Соның нәтижесін, көк түсті сезінуге мүмкіндік туады. Сол сияқты, көзге спектрдің қызыл бөлігінің сәулесі түссе колбочкалардың (көруімізге барынша мүмкіндік беретін тор қабықтың бөлігі) қызыл түс сезгіш орталығын қоздырады да, қызыл түсті сезінуге мүмкіндік береді. Жасыл түсті де осы жолмен сезінеміз. Егер көзге спектрдің бірден екі-үш бөлігінің сәулесі (қызыл, жасыл, көк) түссе, соған сәйкес олар мидағы екі не үш орталықты бірден қоздырады. Мәселен, қызыл және жасыл орталықтардан бір мезгілде қозуынан біз сары түсті көріп, сезінеміз. Сондай-ақ көзге түскен қызыл мен жасыл сәуленің мөлшеріне байланысты қызыл-сары, жасыл-сары тағы басқа реңктерді ажыратамыз. Жасыл мен көк түс сезгіш орталықтардың бір мезгілде қозуы көз алдымызға көгілдір түсті әкеледі, ал үш орталықтың бірден қозуынан біз тек ақ түсті ғана көреміз [12].

Осылайша, әл-Фараби адамның түстерді көру мүмкіндігіндегі сәулелердің қасиеттерін физикалық түсіндіріп, түстер мен түрлерді қолмен қойылғандай дәл ажыратуда және оның табиғатын зерттеуді жетілдірудегі маңызды құрал болатын оптика ғылымының негізін де қалап кеткен болатын.

Әл-Фарабидің «Ғылымдар энциклопедиясы» трактатының «Астрология мен алхимия туралы» бөлімінде жұлдыздардың орны, түр-түсі, қозғалысы, т.б. қасиеттеріне сүйеніп жер бетіндегі оқиғаларды алдын ала болжауға болады дейтін астрологтардың күмәнді қағидаларын аса терең ғылыми-логикалық негізге сүйене отырып әшкере жасайды. Осылай ол астрологияға жалған ғылым (псевдонаука) деген таңба салады, айдар тағады. Әл-Фараби әуелі дүниеде кездейсоқ құбылыстар бар екендігін негіздейді, олардың барлығын мансұқ етпейді, олардың ішінде зерттеп білуге болатын тобын ажыратады. Кездейсоқтар жөніндегі ілімді көп ұшырасатын табиғат құбылыстарын және басқа әсер-әрекеттерді зерттеп білуге, қолдануға болатындығын айтады.

Ол айқын да, нақты мысалдар келтіре отырып, астролог-тардың жалған дәлелдері мен дәйектерінің быт-шытын

шығарады. Бұл тұрғыда ғалымның келтірілген қисынды дәлелдері мынадай: «Табиғаттың аса бір әсем құбылыстарының бірі – Күнді Айдың тасалап, адам көзіне оның сәулесін түсірмей қою. Бұл құбылыс тұтылу деп аталады. Жұлдызшылардың (астрологтардың) айтуынша, осы кезде Жердегі бір патша өледі-міс. Егер бұл ереже сөзсіз дұрыс болса, онда Күннің сәулесін бұлт көлегейлеп, адам көзіне немесе басқа бірдеңеге түсірмей қойса, онда міндетті түрде бір патша өлер еді немесе басқа бір оқиға болар еді... Бұлай болмайтыны ақылдылар түгіл ақылсыздарға да айқын емес пе?!

Егер түсі Марс сияқты қанға ұқсас барлық аспан шырақтары кісі өлімінің немесе басқа бір қантөгістің белгісі болса, онда жер бетіндегі әрбір қызыл денеде осындай белгі бермес пе еді, өйткені олар бір-біріне жақын болғандықтан әсері қайта күштірек болуы керек қой» [9].

Бұл тұста екінші ұстаз әлемнің жаратылысындағы заңдылықтарды жоққа шығарып отырған жоқ. Тек тылсымы мол дүниенің әрбір түрлі-түсті көріністерінен негізсіз түсіндірмелер мен сәуегейлік жорамалдарын тықпалап, лағып кеткен «жорамалшы»-ғалымдардың «жұлдызнамалық» «ғылымсымақ-тарының» жалған (псевдоғылым) екендігін айшықтайды. Яғни, ғалам, жұлдыздардың жаратылысындағы түрлі түс пен түрдің қасиетінің ғылыми түсіндірмесінің мәні басқа екендігін меңзейді. Десек те, бұл жалған ғылым деп айдар таққан «астрологиялық болжамдар» бүгінгі адамдар өмірінің «бағдаршамына», жол сілтеушісіне айналғандай. Мәселен, кез келген газет-журналдың бетінен «Жұлдыздар не дейді?» айдарын таба аласыз. Жалған-дағы түрлі жағдайларға жауапты сәуегейлерден сұраған адамдар да жетерлік. Күннің реңіне қарап қоғамның кейбір мәселелерін, даму заңдылықтарын түсіндіретін жұлдызнамашы-сәуегейлер де көп қазір.

«Музыканың үлкен кітабы» трактатында әл-Фараби практикалық музыка өнері туралы былай дейді: «Көңілде тек қана нағыз ақиқат, елес туғызатын нәрселерге практикалық музыка өнері деген ат дәл келеді. Ол сезімдік **түрде**, **формада** елестетудің мелодиясын туғызады. Бұл ат дәл келетін өнердің екінші түрі ақыли дарындылық, адам көңіліне ақиқат, **бейнеге** сәйкес әсер ете отырып, мелодияны бейнелер формасында туғызады» [11].

Ұлы ұстаздың музыкалық дарын - мелодияның тууы жайлы зерттеулерінде мелодияның бейнесі тәжірбиелік нәрселердің қай-қайсысының бейнесі сияқты оның сезіммен білінерліктей баламасы болатындай етіп шығарылатындығын айтады, «бейнелер үнемі сезімге лайықталып жасалынады, ол ***бейне мен оны жасау әрекетін бір-бірінен бөліп алуға болмайды***, сондықтан да бұл әрекет белсенді түрде өтеді. ***Ақиқат сезімге неғұрлым жақын келсе, мелодия бейнесі де соғұрлым әсерлі болады***. Қиялда туған ***бейнелерді талғап***, іріктеу композиордың өзіне байланысты. Жалпы алғанда, бұл бейнелер оларды сезім арқылы қайта елестетуге мүмкіндік беретін дыбыс шығарушы денеге, ол денелердің негізгі және кездейсоқ қасиеттеріне тәуелді болады» [12]. Осылайша, музыканың өмірдегі бейнемен байланысын, оның музыканың тууындағы әсерін әл-Фараби әуезді әуен үшін де, көркем шығарма үшін де музаның, яки көркем образдың, бейненің, түрдің түрткі болатынын айтады.

Осы тұста немістің ұлы ақыны Й.Гете де түр-түсті бейнемен, бейнелеу өнері мен музыкамен байланыстыра зерттеп, психо-физиологиялық ерекшеліктерін ашып, музыканың да, бейнелеу өнерінің де үндестікке ұмтылатындығын айтқан болатын. Музыкадағыдай дыбыс үндестігі, сәулет өнеріндегі пропорционалдық қатынастар, түр-түстегі үйлесімділікті де бейнелейді. Мәселен, музыкада екі, үш, не төрт дыбыстан үндестік құратын заңдылықтар түр-түсте де бар. «Мажор» мен «минор» секілді психологиялық үндестікті түр-түстерден де байқаймыз. Мысалы, қызыл мен жасыл түстердің үйлесімділігі, екеуінің бір-бірін әсірелеп, айқындай көрсетуі «мажор» үндестігіне сәйкес. Ал, бірыңғай көк пен күлгін түстердің үйлесімділігі, олардың солғын да салқын әсері «минорға» тән. Кезінде Леонардо да Винчи де үндестікті «құлаққа жағымды дыбыстардың қосындысы» деген болатын. Поэзияда да, музыка мен бейнелеу өнеріндегідей ұлы үндестіктің салтанат құратындығы айқын. А.Блок «Ақын – үндестік ұлы және оған әлемдік мәдениетте белгілі бір рөл берілген» дегенінде де көп мән жатыр.

Осылайша, өнердің (бейнелеу, музыка, поэзия) негізінде көркем образдық бейне, түрдің жатқандығын айтуымызға болады. Ал түрді құлпыртатын, көркемдік, алуандылық сыйлайтын түстер екендігі анық. Демек, шығармашылықтың

болмысы түр мен түс категориясымен тікелей астасып, қабысып жатыр.

Сонымен, бұл тарауда біз антикалық дәуірдің жарқын өкілдері, ғылым бастауында тұрған Платон мен Аристотель, одан кейінгі екінші әлемнің ұстазы атанған, ғұлама әл-Фарабидің трактаттарындағы түр, түс, жарық туралы ұғымдардың астарына үңіліп, олар туралы ғалымдардың пайымдарымен таныстық.

Платонның түс туралы жүйесі көзе түсетін жарықтың сәулелері идеясына емес, көзден тарайтын, шығатын және қоршаған заттардың бөлшектерімен өзара әрекеттестікке түсетін «көрудің» сәулелеріне негізделетін болса, Аристотель еңбектерінде түстерді жарық пен қараңғылық немесе олардың бір-біріне өтуі мен жарықтың таралуында пайда болады деген ойын алға тартады. Әл-Фараби трактаттарындағы түр мен түс категориясының мән-мазмұнына, ерекшелігіне үңілгеніміздан түйгеніміз: әлемнің жаратылысының негізінде жарық пен ақыл-руханият ұштасқан нұрдың жатқандығы және оның биосфера, ноосфера ғылымдарымен астасып жатыр, түстердің пайда болуы олардың ішкі құрылысы (копускулярлық теория) мен жарықтың түсуімен (толқындық теория) түсіндіріледі, аспан әлеміндегі объектілердің түрлі түстерінен, яғни кездейсоқ құбылыстарға ғылыми мән беретін астрологиялық болжамдар жалған және музыка тууына бейненің, образдың, түрдің әсері жоғары екенін жеткізеді.

Аристотель мен Платонның еңбектері түстану ғылымының антикалық дәуірдегі теориялық негіздерінің бастауы болса, әл-Фарабидың ізденістері соның заңды жалғасы іспеттес. Сондықтан, түстану ғылымының фундаментальді негіздері ретінде аталмыш еңбектердің мәні жоғары.

Сілтемелер көрсеткіші

1. *Миронова Л.Н. Цветоведение. − Минск: Вища.школа, 1984. − 280 с.*
2. *Платон. Тимей // Собрание сочинений в 4 т. Т.3. − М., 1994. − 448 с.*
3. *История западной философии.т.1. 1946 (Рассел Б.) Глава XVIIКОСМОГОНИЯ ПЛАТОНА* http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000694/st006.shtml
4. *А.Ф.Лосев. ИСТОРИЯ АНТИЧНОЙ ЭСТЕТИКИ. том IV АРИСТОТЕЛЬ И ПОЗДНЯЯ КЛАССИКА М.: Искусство, 1975.* http://psylib.ukrweb.net/books/lose004/index.htm

5. *Аристотель. О душе // Сочинения : в 4 т. - М. ; Мысль, 1975. - Т. 1. - С.418*

6. *Концепция цвета и цветовой символизм в древнем мире Christopher Rowe, 1972 из Eranos 41-1972, The Realms of Colour (Die Welt tier Farben, Le Monde des Couleurs) http://psyfactor.org/lib/row2.htm*

7. *Қазақ халқының философиялық мұрасы.5-том. – Алматы: Аударма, 2005.*

8. *Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002.*

9. *Әл-Фарабидің таңдамалары трактаттары. – Алматы: Арыс, 2009.*

10. *Қазақ халқының философиялық мұрасы.3-том. – Алматы: Аударма, 2005.*

11. *Қазақ халқының философиялық мұрасы.4-том. – Алматы: Аударма, 2005.*

12. *Қайдаров Ә.Т., Өмірбеков Б., Ақтамбардиева З.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986.*

МАЗМҰНЫ

Медеубекұлы С., АЛМАТЫДАҒЫ ЦИФРЛЫ ҚАЛАШЫҚ .....
Сұлтанбаева Г. С., МЕДИАЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ .....
Шыңғысова Н.Т. БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІ ТИІМДІ ЫҚПАЛДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....
Амангелдиева Г.С., ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУДЕ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК.....
Асанов Қ.Д., ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН ДАЯРЛАУДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....
Мұхамеджанов Д.М., ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ТЕЛЕРАДИОКЕШЕНІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ, ҚЫЗМЕТІ .....
Жақсылықбаева Р.С., «ХХ ҒАСЫР КӨСЕМСӨЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР.....
Кабылгазина К. БАЛА БОЛМЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ .....
Әлімжанова А.Б., ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНТЕРНЕТ САЙТТАР: КОНТЕНТ ЖӘНЕ САРАПТАМА.....
Негизбаева М.О., РОЛЬ СОЦИАЛЬНЫХ МЕДИА В СИСТЕМЕ КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИИ .....
Ложникова О.П., ИНФОРМАЦИОННЫЙ ПОРТАЛ «TENGRINEWS.KZ» КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ ИНТЕРНЕТ-ЖУРНАЛИСТИКИ КАЗАХСТАНА.....
Karimova I., Mussinova A., MANY LANGUAGES, ONE WORLD .....
Мектеп-тегі А., ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ – ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ ..
Берденова К.А. ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БАҒЫТЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ .....
Кутпанбаеа Ж.Б., ЗНАЧЕНИЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ В СИСТЕМЕ МАССОВОЙ КОММУНИКАЦИИ.....
Аргынбаева М.Х., Абдраш А., СМИ ОБ ОТНОШЕНИЯХ СТРАН-УЧАСТНИЦ БРИКС .....
Есхуатова Н.Б., МУЛЬТИМЕДИЙНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - КЛЮЧ К БУДУЩЕМУ .....
Нода Л.П., ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА .....
Өзбекова Г.С., «ҰЛАН» ГАЗЕТІНІҢ БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ .....

Дудинова Е. И., Мухамадиева Л.И., СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЕ И МЕНТАЛЬНЫЕ КОНЦЕПТЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В РАМКАХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ .....
Губашева Д., МЕДИА-ПРОЕКТЫ, КОТОРЫЕ ФИНАНСИРУЕТСЯ.....
Өзбекова Г.С., ЖУРНАЛИСТ ӘДЕБІ ТУРАЛЫ.....
Молдабекова А.Т. ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ (СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ) .....
Әлім Ә.А., ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИА - АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: БОЛАШАҚҚА АПАРАР ЖОЛ.....
Nurzhanova S.S., Zykov O.N., INFLUENCE OF NATIONAL AND FOREIGN MEDIA ON POLITICAL PROCESSES AND ON DEVELOPMENT OF LOCAL SELF-GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN.....
Әліқожа Б., ПЛАТОН, АРИСТОТЕЛЬ, ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТЫНДАҒЫ ГАММАЛЫҚ МӘТІНДЕР .....

Ғылыми басылым

Бүкіләлемдік радио күніне арналған
«ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ
САПАЛЫ ЖУРНАЛИСТИКА МАТРИЦАСЫ РЕТІНДЕ»
атты IV Халықаралық Журналистика және коммуникация Қысқы
мектебінің әдістемелік материалдар
ЖИНАҒЫ

«Тау-Тұран» Білім беру сауықтыру кешені
Қазақстан, Алматы облысы,
Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы 9-11 ақпан

ИБ №
Басуға 11.05.2017 жылы қол қойылды. Формат 60x84 $^{1}/_{8}$.
Көлемі 10,0 б. т. Тапсырыс № . Таралымы дана.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.